

К. РАЙМХАНОВА

ТАРИХИ
ӨЛЖЕТАНУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕРТАНУ
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУ

(оқу құралы)



ББК 63. я7

Баспаға Қазақтың мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу институтының ғылыми кеңесі ұсынған.

Сарапшы: *Қатран Д., т.ғ.к., Орталық Мемлекеттік музейдің этнология бөлімінің меңгерушісі*

Р 16 Раимханова К.Н.
Тарихи өлкетану: Оқу құралы. — Алматы, 2004. — 184 б.

ISBN 9965-9518-2-9

Бірнеше дәріс тақырыптары жинағынан құрылған оқу құралында Қазақстандағы тарихи өлкетанудың қайнар көзі мен даму тарихы және оның археология, этнография, этнология, палеография, музей ісі сияқты ғылыми салалармен байланысы қарастырылған. Тарихи өлкетану жұмысындағы қажетті археологиялық, этнографиялық, палеографиялық, т.с.с. ғылыми салалардың зерттеу әдістері, теориясы мен практикалық білімі, тәжірибесі жан-жақты ашылған. Оқу құралында тарихи өлкетану пәнінен оқу бағдарламасы ұсынылған.

Оқу құралы тарих факультетінде оқитын студенттерге көмекші құрал ретінде ұсынылады.

ББК 63.2 я7

Р 0502000000
00(05)-04

ISBN 9965-9518-2-9

© Раимханова К.Н.

КІРІСПЕ

Тарихи өлкетану ғылымының мақсаты – белгілі бір ауданды, аймақты, елді мекенді зерттеу. Зерттеу объектісі ретінде сол елді мекеннің тарихын әлеуметтік-экологиялық, саяси, мәдени дамуын, табиғатын алуға болады. Республикамызда өлкетану жұмысының бірден-бір орталығы – мектеп. Сондықтан тарихи өлкетану жұмысының басты міндеті – оқу мен тәрбиені өмірмен байланыстыру. Ең алдымен өлкетану жұмысы – оқушыларға адамгершілік, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру құралы. Тарихи өлкетану пәні арқылы үлкен қоғамдық міндеттерді шешуге болады. Жергілікті тарихи-мәдени ескерткіштерді, ата-баба мұраларын, салт-дәстүрлерді оқып үйренген баланың бойында патриоттық сезім қалыптасып, ұлттық сана жандана түседі. Тарихи өлкетану жұмысы ұйымдастыру формасы жағынан – мемлекеттік, қоғамдық, мектептік болып бөлінеді. Мектептегі өлкетану географиялық, тарихи, әдеби, экономикалық, т.б. деп салаланады. Тарихи өлкетану – мектептегі жұмыстың бір саласы бола келе, археологиялық, этнографиялық, архитектуралық, өнертану т.б. ғылыми салалармен тығыз байланыста болады. Мектептегі өлкетануда негізгі роль мұғалімге беріледі. Мұғалім оқу жоспарына сәйкес, тәрбие жұмысының мақсатына қарай зерттеу объектісі мен өлкетанудың негізгі әдістерін белгілеп, оған басшылық етеді. Мектептегі тарихи өлкетану мектепте оқу барысында және оқудан тыс кезде жүргізіледі. Мазмұны мен формасына қарай қатар бұл екі жұмыс түрінің ерекшеліктерімен қатар ұқсастықтары да бар. Оқу барысында

барлық оқушылар өлкетанушылық жұмысына тартылатын болса, сабақтан тыс кезінде өз еркімен келетін оқушылар көбейе түседі. Әр түрлі әдістерді пайдалану арқылы оқушыларды қызықтыру қажет.

Сабақтан тыс кезде үйірме, кештер, экскурсия, экспедиция, туристік саяхат сияқты өлкетанушылық жұмысты ұйымдастырудың әр түрлі формалары көптеп қолданылады. Жергілікті жердің тарихына байланысты материалдарды көптеп жинау, зерттеу арқылы ел экономикасының жалпы тарихи даму заңдылықтарын мысалмен, жергілікті жердің даму ерекшеліктерімен байланыстыра түсіндіру мүмкіншілігі туады. Тарихи өлкетануды оқудың мақсаты: өлкетанушыларға зерттеу жұмысының әдістерін үйрету, өлкетанушылық жұмыстарын жүргізуге баулу. Тарихи өлкетанудың дерек көздерінің үш тобы бар – заттық, жазбаша, ауызша. Тарихи өлкетану жұмысының ізденістік, зерттеулік сипаты болуы міндетті.

Мектепте тарихи өлкетану жұмысына кіріспес бұрын мұғалім нені білуі керек:

1) Нені іздейміз, яғни тарихи-мәдени (архитектуралық, археологиялық, этнографиялық, ауыз әдебиеті, қолөнер, т.б.) ескерткіштер дегеніміз не деген сұраққа анық жауап бере алуы керек.

2) Қалай іздейміз? Тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеудің жолдары, әдістері қандай? Қалай табу керек? Негізгі белгілері қандай? Археологиялық, этнографиялық материалдардан басқа көптеген өнер туындылары, қолөнер бұйымдары кездесуі мүмкін. Оларды да терең талдай білу қажет. Оқушылар мұғалімнің басшылығымен бұл ескерткіштерді тауып, толық сипаттама беріп, мәдениет тарихының қай саласынан орын алатынын анық білуі керек.

3) Тарихи-мәдени ескерткіштерді қалай сипаттау керек? Тарихи ескерткіштер тозады, ескіреді, осыны

экспедиция мамандары келгенге дейін жан-жақты түсіндіре білетін болуы керек. /1, 3-4/.

Қазақстан территориясындағы сан алуан көп ескерткіштер – қазақ халқының ұлттық, құнды, тарихи мұрасы мен асыл қазынасы. Оларды қорғау, сақтап қалу – әр адамның қасиетті борышы. Сонымен қатар ескерткіштер адамның бойындағы патриоттық сезімді, біздің өткеніміз бен болашағымызды танып-білуге тәрбиелейді, қазіргі және болашақ ұрпақтардың алдындағы жауапкершілікті арттыра түседі. Біздің мемлекетімізде тарихи ескерткіштер заңмен қорғалады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 1996 ж. 24 желтоқсанда қабылданған “ҚР Мәдениет туралы Заңы” сегіз тараудан, 39 баптан тұрады. Бұл заңның 3-бабында:

“Мәдени құндылықтарды жасау, пайдалану және таратудағы барлық азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі, тарихи және мәдени мұраларды қорғау, ұлттық және дүниежүзілік мәдениет құндылықтарынан суындауға, меншік нысандарына қарамастан барлық оқу, тәрбие ұйымдарында балаларға, оқушы жастарға эстетикалық тәрбие беруге мүмкіндік туғызатын білім мен тәрбие беру жүйесін дамыту” делінсе, 9-бабында азаматтардың мәдениет саласындағы міндеттері айқындалған.

Азаматтардың міндеттері:

– ҚР мәдениет саласындағы заңдарының талаптарын орындауға;

– тарихи және мәдени мұраны сақтауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға;

– қазақ халқының, Қазақстандағы басқа да халықтардың тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын, дәстүрін құрметтеуге міндетті деп тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау маңыздылығы көрсетілген.

Ұлттық мәдени мұралар Заңның арнайы бабымен мемлекеттік тізімге енгізіледі және оған ұлттық игілік мәртебесі беріледі.

29-бап. Мемлекеттік тізімге енгізілген объектілер азаматтық айналымнан алынады және оларды арнайы рұқсатсыз жоюға, басқа жерге ауыстыруға, өзгертуге, көшірмелеуге немесе жаңғыртуға болмайды. Сондай-ақ, кешенді күйінде ерекше көркемдік немесе тарихи ынта туғызатын заттардың коллекциясын немесе жинағын бөлшектеуге де болмайды.

ҚР Конституциясының 37-бабында: “ҚР азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға құқылы”.

Сонымен бірге 1996 ж. 5 шілдесінде қабылданған “Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы” Қазақстан Республикасының Заңы бар. Бұл заң 24 тараудан, 88 баптан тұрады. Оныншы тараудың 43-бабында былай делінген:

1. Мемлекеттік табиғат ескерткіші – мемлекеттік табиғи-қорық қорының жекелеген объектілерін табиғи қалпында сақтауға, қорық режиміндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

2. Мемлекеттік табиғат ескерткіштері зоологиялық, ботаникалық орман, дендрологиялық, гидрологиялық, топырақты, ландшафты және кешенді болуы мүмкін.

3. Мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің жергілікті және республикалық маңызы болуы мүмкін.

Өлкетану жұмысымен айналысатындарға ҚР-ның мәдениет, тарихи мұра, ескерткіштерді қорғау саласына қатысты барлық заңдарды білуі қажет.

ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫ

Тарихи өлкетану деректері бұрыннан бері халықтар арасында ауызша ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, жалғасын тауып келді. 1718 ж. 13 ақпандағы І Петрдің жарлығымен өлкетанушылардың тапқан қызықты олжалары, заттары патшаға жеткізіліп, өз өлкесіндегі ізденіс жұмыстары үшін марапаттап отыру талап етілді. Бұл қазақ даласына да қатысты еді. XV-XVII ғасырларда өлкетанушылық мәліметтер жылнамаларда, мемлекеттік шекара бөлінісі кезінде өкімет өкілдерінің қажетіне көп пайдаланыла бастады. Сондай-ақ, пайдаланылатын жерлер мен сарайларды сипаттауға құжаттарда көп мәліметтер келтіріле бастады.

Тарихи өлкетанудың қалыптасуы тарих ғылымымен тығыз байланысты. Ол XVIII ғасырдың басындағы тарихи өзгерістермен ұштасады. І Петрдің жарлығымен кейінірек азаматтық және шіркеу басшыларынан барлық граматылар мен оуеской хаттарды қарап, тіркеп, қайта көшіріп, Сенат пен Синодқа жеткізіп отыру талап етілді. Сөйтіп Ресейде жергілікті жерлердің ескерткіштеріне мемлекет тарапынан үлкен мән берілді. Өлкетануға байланысты материалдар жинауға, жүйелеуге, зерттеуге (Қазақстан өлкесі бойынша да) орыс ғалымдары көп ат салысты /1,6/. XVIII ғасырдың басында Тобольск қаласы бояринінің ұлы С.У.Ремезов (1642-1720) “Сібір тарихын” құрап, Ресей мемлекетінің құрамындағы кейбір өлкелерді зерттеу жұмысын бастады. 1737 ж. тарихшы В.Н.Татищев (1686-1750) ең алғаш рет

жергілікті жерлерден материал жинау үшін анкета жіберіп, мәліметтерді “История Российская” еңбегін жазуға қолданды. М.В.Ломоносов “Академическая анкета” жасап, ондағы қалалар мен губернияларға байланысты сұрақтарды “Россияның ландкартасын” (географиялық атлас) жасау үшін пайдаланды. Осындай анкеталардың көптеп таратылуы өлкетанушылық жұмысты жандандырды. XVIII ғасырдың екінші жартысында П.И.Рычковтың “Топография Оренбургская” (1762) атты Ресей құрамындағы алдыңғы қатарлы аймақтар туралы кітабы шықты. Орыстың Географиялық қоғамының өлкетану ісінің дамуында үлкен ролі болды. XVIII ғасырда кейбір жеке аймақтар туралы, әсіресе олардың экономикасын сипаттап жазған мәліметтер жарық көре бастайды. XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. басында ғалымдардың саяхаттарының нәтижесінде жазылған, жергілікті жерлерді сипаттаған мәліметтер көбейеді.

Ғалымдар қатысқан энциклопедиялардың көбі елдегі өндірістік қарым-қатынастарды зерттегенмен, облыстар мен қалалардың тарихынан да көп мәліметтер жиналып отырды.

Ресейде В.В.Крестининнің “Исторические начатки о двинском народе” (1784), “Начертание истории города Холмогор” (1790) “Краткая история о городе Архангельске” (1792) деген үш еңбегі жарық көрді. Бұл еңбектер Ресейдегі ең алғашқы ауыл мен қаланың тарихына арналған өлкетанушылық монографиялық басылымдар еді. Туған жерінің өткенін зерттеу үшін және жерлестерінің назарын осы мәселеге аудару үшін В.В.Крестинин А.И.Фоминмен бірігіп Архангельскіде “Тарихи зерттеулерге арналған қоғам” атты Ресейдегі ең алғашқы өлкетанушылық қоғам құрды /1,7/.

Сөйтіп, XVIII ғасырдың аяғына қарай өлкетануда екі бағыт: ресми және қоғамдық-демократиялық бағыттар қалыптасады. Ресми бағыт үшін 1777 ж. 1 қарашасында

Сенаттың жарлығымен жүргізілетін губерниялық реформа бойынша барлық губернияларды топографиялық зерттеу, сипаттау талап етіліп, болашақ зерттеулер үшін үлкен мүмкіншіліктер туды.

1784-1786 жылдары олар бірыңғай бағдарлама бойынша елді мекендердің табиғи жағдайлары мен экономикасына қоса жергілікті жердің тарихына да көңіл бөлуді қарастырды. Губернияларды терең ыждағатты сипаттаған өлкетанушы мамандар А.Шафонский, В.Левшин, И.Потаповтардың еңбектері кейін А.Щекатовтың “Ресей мемлекетінің географиялық сөздігіне” (“Географический словарь Российского государства”) енді. Ол 1801-1809 жылдары жеті том болып жарық көрді. Ғылыми өлкетанушылық жұмыстарымен қатар XVIII ғ. екінші жартысында Ресей мектеп өлкетануы да өз жұмысын бастады. Оның негізін қалаған М.В.Ломоносов болды. Ресейде мұғалімдердің көптеген мазмұнды өлкетанушылық материалдары жариялана бастады. Н.Ф.Бунаков тарихи-өлкетану бағытында жиырмадан астам кітап, алғашқы өлкетану оқу бағдарламасын жасады. Өзінің оқу-тәрбие жұмысында өлкетану материалдарын шеберлікпен пайдалана білген және “Отантану” пәнін енгізуді ұсынған педагог К.Д.Ушинский болды. Л.Н.Толстой жергілікті жердің өлкетануына байланысты материалдарды оқу бағдарламасына енгізуді жақтады. Өлкетанушылық бағытындағы материалдар үнемі “Сын Отечества”, “Московский телеграф”, “Отечественные записки”, “Москвитинин” атты әдеби журналдарда жарияланып отырды. 1838 ж. бастап жарық көрген “Губернские ведомости” журналында өлкетануға байланысты материалдар көптеп жарық көрді. 1863 ж. жаратылыстану, антропология, этнография оуесқойлары қоғамы құрылды. А.С.Гацискийдің “Нижегородский летописец”, “Люди Нижегородского Поволжья”, “Нижегородка” атты еңбектері жарық көрді. Оралдың

тарихи қалалары, заводтары туралы В.И.Геннин, И.Ф.Герман, Н.К.Чупин қыруар жұмыс атқарды. Сібір тарихын зерттеуде жер аударылған революционерлер көп еңбек сіңірді. А.А.Бестужев “Отрывки из рассказов о Сибири” еңбегінде якуттар мен тунгустар (эвенкілер) туралы жазды. Орыстың Географиялық қоғамының Сібір бөлімшесі жергілікті жерлерде музейлер ұйымдастыра бастады.

1920-21 жж. өлкетану мектеп бағдарламаларына енгізілді. 1921 ж. желтоқсанда РСФСР-дің Халыққа білім беру комиссариаты Москвада өлкетанушылық бағыттағы ғылыми қоғамдардың I Бүкілресейлік конференциясын шақырды. Оған 67 ұйым қатысты. Конференцияда тарихи өлкетанудың дамуы туралы баяндама жасалды. Өлкетану қоғамдарының Жарғысы қабылданып, Өлкетану орталық бюросы құрылды. /1,11/.

1924-25 оқу жылынан бастап Ресейде өлкетану Мемлекеттік ғылыми кеңесінің жаңа бағдарламасына енгізіліп, бастауыш және орта білім беретін мектептерге міндетті түрде жүргізілетін болды. 1930 жылдардан бастап өлкетану жоғары педагогикалық оқу орындары бағдарламасына енгізілді. 1930 ж. наурыз айында Бүкілресейлік өлкетану конференциясы өтті. Осы жылдардан бастап Ресейдің барлық аймағында үнемі өлкетану жұмысына байланысты қаулылар, жарлықтар қабылданып тұрды.

Халықтық училище бағдарламасында 1782 жылдан бастап мұғалімдерге губерниялардың көне тарихы, халықтар туралы мәлімет жинау тапсырылды. Өлкетанушылық жұмыстың өркендеуіне университеттер мен ғылыми қоғамдар көп үлес қосты.

Өлкетанушылық жұмыстың орталықтары губерниялық ғылыми архив комиссиялары және аймақтық ғылыми қоғамдар болды. Әсіресе, 1804 ж. “Ресейдің тарихы мен көнені зерттеу” қоғамы, 1845 ж. Географиялық қоғам, 1846 ж. Археологиялық қоғам құрылып, өлкетануға көп үлес қосты.

Қазақ даласының экономикасы, қарым-қатынастары, өлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер орыс ғалымдарының, саяхатшылары мен дипломаттарының жазбаларында, есептерінде, еңбектерінде көптеп кездеседі. Олардың қатарында Орынбор өлкесінде жұмыс істеген И.К.Кириллов, В.Н.Татищев, П.И.Рычков, А.И.Тевкелевтер бар.

1768 жылғы жүргізілген экспедиция барысында зерттеушілер қазақ халқының мәдениетінен, тұрмысынан, табиғаты мен шаруашылығынан, тарихынан, өлкетану жағынан өте бай материалдар жинады. Ғылыми-өлкетанушылық жағынан өте құнды еңбектердің бірі — П.С.Палластың “Путешествие по разным провинциям Российской империи” атты үш бөлімді еңбегі. Ол 1773-88 жж. Петербургте жарық көрді. Бұл кітаптың бір бөлімі “Қырғыздар (орыс зерттеушілерінің еңбегінде қазақтарды “қырғыз”, “қайсақ” деп атағаны белгілі) туралы мәліметтер” деп аталады /2, 39/.

Паллас Петр Симон (1741-1811) Берлинде туып, Германияда, Голландияда, Ұлыбританияда білім алған. 1767 жылы Ресейге келіп, Петербург Ғылым академиясының мүшесі болды. 1769 жылы ғылыми экспедицияны басқарып, Орынборға келіп, онда қазақ халқының тарихын, мәдениетін, тұрмыс-салтын зерттеумен айналысты. Гурьев, Орал қалаларында болды. Сібірге барар жолында Троицк, Петропавловск, Омбы, Семей бекіністерін аралады. Өз зерттеулерінде П.С.Паллас көптеген этнографиялық материалдар жинады. Әсіресе, қазақ халқының шаруашылығын, қол өнерін, салт-дәстүрлерін ерекше зерттеді. Қазақ өлкесі туралы мәліметтердің жиналуына XVIII ғ. үшінші ширегіндегі және XIX ғ. басындағы қазақ даласында жұмыс істеген экспедициялар көп роль атқарды /2,37-41/. Әсіресе, Семей, Железинск, Өскемен, Ямышевск бекіністерінде қызмет еткен капитан И.Г.Андреев экспедициясы үлкен еңбек етті. 1766-93 жж. инженер

қызметін атқара жүріп, оның жазған “Краткое описание о киргиз-кайсаках” атты еңбегі өлкетану саласынан маңызды деректер береді. XIX ғасырдың бірінші жартысында орыстың мемлекет қайраткері, Орыс Географиялық қоғамының негізін қалаушылардың бірі, талантты ғалым А.И.Левшин Орынбор өлкесіне келеді. Левшин Алексей Ираклевич (1799-1879) 1820-1822 жылдары Орынборда, Оралда қызметте болып, қазақ ауылдарын аралайды, Орынбор архивіндегі мәліметтермен танысып, қазақ халқының тарихын, әдет-ғұрыптарын зерттейді. Ол қазақ халқының тарихы мен этнографиясы жөнінде көптеген мақалалар мен очерктер жазды. Олар: “Путевые записки”, “Свидание с ханом меньшей киргиз-кайсацкой орды”, “Известия о древнем городе Сарайчике”, “Исторические и статистические обозрения уральских казахов”, “Об имени киргиз-казахского народа и отличии от подлинных или диких киргизов” атты еңбектер. 1832 ж. Петербургте Левшиннің “Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей” атты үш томдық монографиясы жарық көрді. Бірінші томы – Қазақстанның географиясына, екінші томы – көне дәуірден XIX ғасырға дейінгі тарихына, үшінші томы этнографиясына арналды. А.И.Левшин өз жұмысында “қазақ” атауының түп-төркініне тоқтала келіп, “киргиз” атауының қолданысына сын айтты. Бұл монография ғылыми ортада кең қолданысқа ие болып, шет елдерде француз және неміс тілдеріне аударылды. Ш.Уәлиханов А.Левшинді “Қазақ халқының Геродоты” деп атап, оның еңбегін ғылымдағы бағалы дүние деп көрсетті.

1832-41 жж. Орынборда Владимир Иванович Даль қызмет етті. Ол этнограф, жазушы, ғалым адам еді. 1838 жылы Дальді Орынбор музейінің құрылуына сіңірген еңбегі үшін Ғылым академиясы өзіне корреспондент мүшесі етіп қабылдады. Музейдің дүниеге келуі қазақ өлкесін танудағы үлкен қадам болды. Даль Орынбор

ведомствосын, Орал, Гурьев, Бөкей ордаларын аралап, қазақ халқымен тығыз қарым-қатынаста болды. Қазақ өлкетануы үшін Дальдің “Майна”, “Полуношник”, “Уральский казак”, “Солдатские досуги”, “Бикей и Мауляна” шығармаларының дүниеге келуі қазақ халқының ауыз әдебиетіне, оның тағдырына деген қызығушылығының белгісі. XIX ғ. Орынбор, Омбы, Ташкент қалалары Қазақстанды зерттеуге байланысты ірі орталықтарға айналды. 1857-62 жж. Орынборда Қазан және Москва музейлеріне арнап өлкелік материалдар жиналды. Бұл жиналған материалдардың тізімі мен сипаты әлі күнге дейін архивтерде сақтаулы /3/.

XIX ғ. екінші жартысында Қазақстанға революциялық, демократиялық идеялар ене бастады. А.И.Герцен, Н.Г.Чернышевскийдің идеялары кең тарады. Қазақстандағы саяси жер аударылғандар саны 1863 жылғы поляк көтерілісіне қатысушылар санымен толықты. Жер аударылған поляктар Сырдария бойында, Семей, Өскемен, Верный (қазіргі Алматы) қалаларына қоныс тепті. Саяси жер аударылғандардың көпшілігі Қазақстан өлкетануымен айналысты. Олар жергілікті жерде ағартушылықпен айналысып, ғылыми экспедициялардың және жергілікті жерлердегі Орыс география қоғамының бөлімше жұмыстарына қатысты. Орыс географиялық қоғамының тапсыруымен 1850 ж. Қазақстанға белгілі этнограф П.И.Небольсин келді. Ол Орынбор, Орал, Астраханьда екі жыл болып, қазақтармен етене араласты. Соның нәтижесінде оның “Очерк торговли России с Средней Азией”, “Очерки Волжского низовья”, “Заметки об обычаях при сватовстве и свадьбе у эмбенцев” еңбектері қазақ халқының әдет-ғұрпынан, шаруашылығынан, өмір сүру ерекшелігінен мол деректер береді. 1860 ж. ол “Путешествующие киргизы” мақаласын жариялады және оны қазақ делегациясының Петербургке келуіне арнады. Бұл мақаласында П.И.Небольсин қазақтардың білімге, мәдениетке

құштарлығын, алға ұмтылатын қасиеттерін атап көрсеткен /2,46/. Жиырма екі жасында Орыстың географиялық қоғамының мүшесі болған П.П.Семенов-Тянь-Шанский (1827-1914) тарихта “ең басты өлкетанушы” деген атаққа ие болды. 1856-57 жж. ол Тянь-Шаньға зерттеу сапарына шықты. Жолда ол Семей, Аягөз, Лепсі өзендері бойымен Қапалға дейінгі аралықта жол жүрді. Біраз дем алған ол ары қарай Верный, Шу даласынан асып, Ыстықкөлге дейін сапар шекті. П.П.Семенов көптеген ғылыми бастамалардың ұйытқысы болды. Қазақ ғылымы Ш.Уәлихановпен орыс ғалымы Г.Н.Потаниннің ғылымға құштарлығын бірінші болып бағалап, көмек көрсеткен де П.П.Семенов болды. Қазақ ғалымы Ш.Уәлихановтың ғылым мен білімнің, мәдениеттің дамуына зор үлес қосқаны сөзсіз. Ол ғылыми-өлкелік ізденіс сапарларының бірінде М.М.Хоментовский экспедициясының құрамында жұмыс істеді. Экспедиция 1855 ж. Омбыдан Семейге Аягөз, Қапал арқылы өтіп, Іле Алатауына дейін жетті. Ары қарай олар Жоңғар қақпасы арқылы Алакөл, Тарбағатай жерлерін басып өтіп, Орталық Қазақстанның Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау жерлері арқылы жүріп, Омбыға оралады. Осы сапарында Ш.Уәлиханов көптеген фольклорлық, этнографиялық және тарихи материалдар жинайды. 1856 ж. Ш.Уәлиханов Хоментовский бастаған әскери-ғылыми экспедиция құрамында Қырғыз өлкесін, Ыстықкөлді тереңірек зерттеп, картаға түсіру мақсатымен жаңа сапарға шығады. Экспедиция Верный қаласы арқылы июннің ортасына қарай Тянь-Шаннің шығыс және солтүстік-шығыс жоталары мен асуларынан өтіп, картаға түсіру жұмыстарымен айналысады. Осы жерде Шоқан П.П.Семеновпен жолығады. Оған дейін ол онымен 1856 ж. Омбы қаласында кездескен еді. 1856-57 жылдары ол жиі кездесіп, Жетісуда ғылыми зерттеулер жүргізіледі. Шоқан 1858 ж. “Киргизы”, 1861 ж. “Очерки Джунгарии” атты еңбектерін жариялап, өзінің ғылыми жұмысын

қорытындылайды. П.П.Семенов-Тянь-Шанскийдің аттестациялауы арқасында жиырма жасында Ш.Уәлиханов 1857 ж. 27 ақпанда Орыс Географиялық қоғамына мүше болып сайланады. Ш.Уәлихановтың Қашқарияға сапары оны көпшілікке танытады. Оның Күлжа мен Қашқарияға сапары өлкетанушылық бағыттағы еңбектер болды. XIX ғ. 70-90 жж. Қазақстан жерінде облыстық статистикалық комитеттер құрылады, Орыс географиялық қоғамының бөлімшелері жұмыс істей бастайды, Орынбор Ғылыми Архив комиссиясы дүниеге келеді. XIX ғасырдың соңына қарай республика территориясында Орыс География қоғамының үш бөлімшесі: Орынбор (орталығы Орынборда), Түркістан (орталығы Ташкентте), Батыс Сібір (орталығы Омбыда) бөлімшелері және статистикалық комитеттер жұмыс істей бастайды. Бұл ұйымдар Қазақстанда музейлер мен кітапханалар ұйымдастыра бастайды. Өлкетанушылық бағыттағы облыстық музей, өлкетану музейі, жергілікті музей, уездік музей, қалалық музей, отантану музейі т.с.с. құрылады. Ресейдегі сияқты көптеген музейлер жұмысы Қазақстанда да дами бастайды. 1913 жылға қарай Қазақстанда Орынбор, Семей, Жетісу сияқты үш қана музей құрылған еді. Бұлардың барлығы өлкетанушылық бағытта қызмет етті. Орынбор, Семей, Жетісудағы ғылыми-өлкетанушылық жұмысты жандандыруда 1868 жылы құрылған Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесі көп қызмет атқарды. Олар Москва, Петербург, Қазан қалаларының ғалымдарымен, ұйымдарымен тығыз байланыста болды. Бөлім мүшелері Ы.Алтынсарин, Г.Карелин, Л.Н. және В.Н.Плотниковтар, Б.Дауылбаевтар болды. 1870 жылдан бөлім “Записки” атты өз басылымдарын шығара бастады. Барлығы төрт номер 1870, 1872, 1875, 1881 жж. жарық көрді. Өлкетанушылық-этнографиялық тақырыпқа Ы.Алтынсарин көп мақала жазды. Оның “Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского Ведомства” және “Очерк обычаев

при похоронах и поминок у киргизов Оренбургского Ведомства” мақалалары өте құнды саналады. Орынбор өлкесінде өзінің зерттеу жұмыстарымен көзге түскен өлкетанушы-этнограф Салық Бабажанов болды. Ол Орыстың Вольный экономикалық қоғамының мүшесі, ОГК (Орыс Географиялық қоғамы) қызметкері болып, 1862 ж. ОГК күміс медаліне ие болған. С.Бабажановтың мақалалары “О развалинах города, найденного близ форта № 1 на Сырдарье”, “Спор уральских казахов с киргизами внутренней Орды” деп аталады. Бабажанов ел арасынан көне бұйымдарды көптеп жинады. Бөкей ордасынан алынған көп бағалы дүниелер Ресейдегі Мемлекеттік Эрмитажда сақтаулы. ОГК-ның Орынбор бөлімшесінің белсенді мүшесінің бірі Бейбіт Дауылбаев болды. Ол этнограф ретінде Қазан университетіне материал жинады, Орынбордағы музейдің ашылуына көп көмегін тигізді. 1881 ж. Дауылбаев “Рассказ о жизни киргиз Николаевского уезда Тургайской области с 1830-1880 гг.” атты мақаласы үшін ОГК-ның күміс медалімен марапатталды. ОГК Орынбор бөлімшесі Қазақстандағы ірі ғылыми орталыққа айналды. Шығыстанушылар В.В.Григорьев, В.В.Веляминов-Зернов, Н.И.Ильминский, А.А.Тилло сияқты зерттеушілер кадр дайындау мәселесінде көп қызмет атқарды. Шығыстың тарихшысы В.В.Веляминов-Зернов (1830-1904) болды. Ол Орынборда 1851-56 жылдары қызмет етіп, философиялық және этнографиялық байқаулар жүргізді. Ол әсіресе архив материалдарына көп көңіл бөлді. “Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношение России со Среднею Азию со времен... Абул-Каирхана (1748-1765)” атты екі бөлімнен тұратын еңбегі 1853-55 жылдары жарық көрді.

В.В.Веляминов-Зернов шығыс қолжазбаларына көп көңіл бөлді. Ол Орынборда Бұхара хандығы, қазақ даласы мен көршілері туралы мәлімет жинап, “Абдулла-наме” атты басылым дайындады. Ол арабша, парсыша, шағатай,

қазақ, татар тілдерін біліп, қолжазбаларды өзі оқыды. 1856 жылы Петерборға келіп, қазақ тарихына байланысты 1864 жылы “Исследования о касимовских царях и царевичах” еңбегін жазды. Кітаптың негізіне “Бабурнаме” (1520), “Хабиб-ас-ситар” (1523), “Джахан-ара” (1564), “Тарихи Рашиди”, “Шайбани-наме”, “Джами-ат-тауарих”, “Тарихи Хайдари”, т.б. қолжазбалар енген. 1895 ж. Торғай облыстық статистикалық комитеті құрылды. Комитет мүшелері Қостанайда, Ырғызда, Торғайда, Орынборда да қызмет етті. ОГК Орынбор бөлімінің, Торғай статистикалық комитетінің белсенді мүшелері Н.Бекчурин, Д.Беркімбаев, С.Жантөрин, Т.Сейдалин, т.б. болды. 1877 ж. Омбыда ОГК-ның Батыс Сібір бөлімі құрылады және бір уақытта Ақмола облыстық статистикалық комитеті құрылады. Бұл ұйымдардың құрылуында П.П.Семенов-Тянь-Шанский көп роль атқарды. ОГК Батыс Сібір бөлімшесі қазақ даласының солтүстік-шығыс жағын зерттеумен айналысты. Оған Семей, Жетісу, Ақмола облыстары кіріп, 1882 ж. Дала өлкесін құрды. Бөлімшенің алғашқы мүшелері болып Г.Н.Потанин, Н.М.Ядринцев т.б. кірді. Қазақстандағы өлкетанушылық жұмысты жандандыруға Г.Н.Потанин көп үлес қосты. Ол Павлодар облысының, Ямышево селосында дүниеге келген. 1852 ж. Омбы кадет корпусын бітіріп, Семейге жұмысқа келеді. Верныйда, Құлжада, Алтайда сапарларда болады. 80-жылдары Абай Н.И.Долгополов, С.С.Гросс, А.А.Льсонтев, П.Лобановский сияқты адамдармен жақын таныс болды. 1902 жылы Семейде ОГК Семей бөлімшесі ашылды. Қоғамның мүшелері тарих, археолог, этнография, ауыл шаруашылығы, қазба байлықтарын іздеу сияқты салалармен жүйелі айналысты. Семей бөлімшесінің жұмысына Г.Н.Потанин, В.А.Обручев, П.П.Семенов-Тянь-Шанский белсенді қатысты. Құрметті мүшелері қатарында академиктер А.П.Карпинский, С.Ф.Ольденбург, Ю.М.Шокальский, ал жергілікті өлкетанушылардан Е.П.Михаэлис, Б.Г.Герасимов және Абай Құнанбаев болды.

Семейде дүниеге келген А.Н.Белослюдов пен оның бауырлары Виктор, Федор, Николай Қазақстандағы өлкетану жұмысына көп үлес қосты. Әсіесе халық ауызекі әдебиетіне көп көңіл бөлген А.Белослюдов 200-ден астам ертегі, тоқсан жеті жұмбақ жазып алған. Белослюдовтар жинаған заттарынан үйлерінде музей құрды, онда геология, минералогия, палеонтология, антропология, этнография, нумизматика, көркемсурет т.б. бөлімдер болды. Археология бөлімінде алты жүзден астам зат, ал нумизматикада мыңнан аса алтын, күміс, мыс монеталар болды. Көп күштерін, білімдерін Семейдегі облыстық тарихи-өлкетану музейі жұмысына жұмсады, ал А.Н.Белослюдов ұзақ уақыт осы музейді басқарды. 1911 жылы олар үйдегі коллекцияларынан облыстық музейге 500 зат тапсырды. /2, 63/. 1914 ж. ол Семейдің қысқаша тарихи очеркін құрастырды. Онда қаланың құрылған кезінен бастап ХХ ғасырдың басына дейінгі тарихы, мектеп пен кітапхана ісі жөнінде жазылды.

1903-16 жылдары ОГК Семей бөлімшесі “Записки” атты басылымның он бір санын шығарады. Бұл басылымдарда өлкетанушылық саласы да көптеп қамтылады. 1867 ж. Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуына байланысты да өлкетану жұмыстарының ауқымы кеңейе түседі. Бұл жерде Түркістан (1868), Сырдария (1887), Жетісу (1879) облыстық статистикалық комитеттері, Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі (1825-1917), ОГК Түркістан бөлімі (1897-1917), шығыстану бөлімі (1901-13) құрылады. Түркістандағы Археология әуесқойлары үйірмесінің мүшесі Әулие-Ата, Перовск уездерінің бастығы В.А.Каллаур 1876-1908 жылға дейін Жетісудың өлкетанушысы, әуесқой археологы ретінде танылады. Ол Талас өзенінің бойынан көне түркі-руникалық жазулар табады. Ол туралы 1896 ж. “Түркістан әуесқой археологтары кружогінің протоколдарында” хабарлама жасайды. Алғаш рет ол Қарахан мазарын, Айша-

бибі мавзолейлерін зерттеп, сипаттап жазады. Түркістанда фольклорист, этнограф ретінде Ә.Диваевтың (1856-1933) есімі белгілі.

Диваев Әубәкір Ахметжанұлы – ғалым, фольклорист, этнограф, тіл маманы. Ташкенттегі Орта Азия Мемлекеттік университетінде, Түркістан шығыстану университетінде профессор болған. Ташкент өлкелік музейдің этнографиялық-археологиялық бөлімін басқарған ол қазақ, өзбек, қарақалпақ халықтарының фольклоры мен этнографиясы жөніндегі көптеген еңбектердің авторы. Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин, В.В.Радловтан кейін қазақ халқының мәдени, әдеби мұраларын, этнографиясын зерттеуге, халықтың ауыз әдебиетін жинап бастыруға елеулі үлес қосқан белгілі ғалым. Ұлты – башқұрт. Бала күнінен қазақ арасында өскен ол Неплюев атындағы кадет корпусында қазақ балаларымен бірге оқып, бірге тәрбие алды. Корпусты бітірген соң (1876) шығыс тілдерінің маманы деген атақ алып, Түркістан генерал-губернаторының қарамағына қызметке келді. Алғашында Әулие-Ата уезінде, кейін төтенше жұмыстарды орындаушы болып Сырдария әскери губернаторының қарамағында істеді.

Негізгі қызметімен қоса Түркістанды түгелдей дерлік аралады. Қазақ халқының әдет-ғұрпымен және тіршілік ерекшеліктерімен танысты, көп жасаған қариялармен, шешендермен, ақын-жазушылармен, ғалымдармен кездесті. Солардың айтуынан қазақ халқының әдеби, мәдени мұраларын жинауға кірісті. “Қазақ халқының сөзге ұсталығы, тілге байлығы мені қатты қызықтырды” дейді. Өзінің қазақ халқынан алған алғашқы әсерін осылай айта келіп, қазақ әдебиетінің болашағына зор мән берді. Бұл әдебиет көрші отырған туыстас елдерге үлгі болуы анық деп қорытынды жасады. Ә.Диваев “Шора батыр”, “Бекет батыр”, “Қобыланды батыр”, “Алпамыс батыр” (мұның бірнеше нұсқасын), “Қамбар батыр”, “Ер Тарғын” эпостары, “Айман-Шолпан” жырын, “Алаңғасар

алып”, “Ажы Алаша хан мен Алдар көсе”, “Қазығұрт”, “Ысмайыл ата” ертегілерін қазақ балаларының ерте замандағы ойындары, “Шешендік сөздерін” жинап, қағаз бетіне түсірді. Бұлардың кейбіреулерін орыс тіліне аударды. Алаша хан, Асан қайғы, Ақсақ құлан, Орманбет би, Қараш батыр, Әмір-Темір туралы деректер мен ақындар айтысын, мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, жұмбақтар мен өтірік өлеңдерді, бесік жырын, бақсы сарынын, толғаулар мен той бастар, бет ашарды т.б. жазып алды. Оның ішінде ислам дініне байланысты ырым-бата сөздер де, ескі салт-санаға байланысты албасты, жын, марту, жезтырнақ, жеті басты алып, жалмауыз кемпір, жалғыз көзді дәу, Қорқыт туралы аңыздар да, арбау, бәдік айтыстары да бар. Ә.Диваев жинаған материалдардың тағы бір саласы ежелгі күнтізбе, астрономия, жұлдыз, ай, күн туралы халық ұғымдары туралы мәліметтер. Бұлардың көбін Кеңес дәуірінде (1921-33) экспедицияда жүріп жинаған Диваев өзінің көп жыл бойы жиған халық қазынасының бірсыпырасын, соның ішінде қазақ фольклоры үлгілерін жинаған, 1923 жылы Ташкентте, көзі тірісінде жарыққа шығарған. Оның еңбектері Қазан университеті және археологиясы қоғамының шығысты зерттеу бөлімі журналдарында, Орта Азия мен Қазақстанның газет-журналдарында, оның ішінде көбінесе “Түркістан хабаршысында” басылып тұрды. Диваевтың ғылыми-зерттеу жұмысы революциядан кейін кең өріс алды. Бұрын жарыққа шығара алмай жүрген еңбектерін (батырлар жыры, мақалдар т.б.) бастыруға жол ашылды. Оған қоса өзінің көптен бергі ойларын “Просвещение”, “Известия”, “Бюллетень”, “Білім ошағы”, “Ақ жол”, “Еңбекші қазақ” газеттерінде жиі жариялап тұрады. ҚазССР ҒА “Ғылым” баспасынан (1964) “Қазақтың халық поэзиясы” деген жинағы шықты. Еңбектерінің басылмағаны, тіпті кейін

жоғалып кеткендері де көп. Ә.Диваев еңбегін орыстың көрнекті ғалымдары В.В.Бартольд, В.А.Гордеевский, Н.Ф.Катанов, А.Шмид, тағы басқалары жоғары бағалады.

Әсіресе Ә.Диваев қазақ эпосына көп көңіл бөлді. Оның еңбектері В.В.Бартольд, С.Ф.Ольденбург, В.Радлов тұрғысынан жоғары бағаға ие болды. Түркістан ғалымдары мен өлкетанушыларының ең бір жеткен жетістігі “Түркістан” жинағын жарыққа шағару болды. Оған Ә.Диваев та белсене қатысты. Белгілі библиограф В.И.Межов 1868 жылдан бастап Орта Азия мен Қазақстан туралы газет-журнал беттерінде шыққан мәліметтерді жинап, 416 томдық библиографиялық көрсеткіш жасаған. Оның төрт томы Ә.Диваевтың еңбегі. Жиырма жыл талмай жұмыс істеген В.И.Межов Түркістан өлкесінің энциклопедиясын жасады. “Түркістан” жинағының барлық мазмұны 620 томнан тұрады.

Қазақстандағы өлкетануға еңбек сіңірген тағы бір ғалым А.Е.Алектров болды. Ол “Имена киргизов”, “Киргизская народная литература”, “Скотоводство у киргизов” этнографиялық мақалаларымен қатар педагогикаға байланысты оқу құралдарын дүниеге әкелді. Оның “К мудрости ступенька”, “Киргизская хрестоматия” атты оқу құралдары қазақ мектептерінде Ы.Алтынсарин оқулықтарымен қатар жүрді. 1872 ж. Түркістан статистикалық комитеті өлкетанудағы зерттеу жұмысын кеңейтуді мәселе ғып көтерді. Сөйтіп, 1887 жылдың басында Сырдария облыстық статистика комитеті “Сборник материалов для статистики Сырдарьинской области” деген 13 басылымды жарыққа шығарды. Сырдария статистикалық комитетінің мүшесі Құдабай Қостанаевтың ғылыми ізденістері құнды болды. Оның “Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов” атты еңбегінде қазақ халқының материалдық (заттық) мәдениетіне аса зор көңіл

бөлінген. Жетісу облыстық статистикалық комитеті 1879 жылы құрылды. Оның жұмысы дәрігер Ф.Поярков, суретші Н.Г.Хлудов, хатшы А.Флеровтың белсенділігімен жанданды.

1874 жылы Жетісу өлкесіне Петербург университетін бітірген, В.В.Григорьевтің шәкірті Н.Н.Пантусов келеді. Ол әкімшілік комиссиясын басқарады, оқу орындары, кітапхана, типография басшылығында қызмет істейді. Ол Жетісудың этнографиясын, археологиясын, фольклорын, географиясын терең зерттейді. Оған оның қазақ, ұйғыр, өзбек тілдерін жетік білгені де зор әсер етеді. “Материал к изучению наречия таранчей Илийского округа” атты тоғыз басылымды еңбегі (1887-1907) Қазанда басылады. Осы еңбегі үшін Н.Пантусов ОГК алтын медалімен марапатталады. Оның “Материалы к изучению казак-киргизского наречия”, “Образцы киргизской народной литературы”, “Описание раскопки трех курганов, находящихся на западной стороне города Верного, в апреле и мае 1899 года” еңбектері ғылыми терең зерттеулер болды. Н.Н.Пантусов Верныйда мәдениет пен білім саласын дамытуға да ат салысты. 1896-1907 жылдары статистикалық комитетті басқарды. 1898 ж. оның басшылығымен Жетісу музейі құрылды. Онда тарихи және археологиялық бөлімдер болды. 1897 жылы ол Қапшағайдан жазуы бар 18 тас табады. Бұл жөнінде ол ОГК-ына хабарлайды. 1902 жылы Верныйда ОГК-ның Жетісу бөлімі құрылады. Оған белгілі өлкетанушы В.Е.Недзвецкий, Л.И.Бессонов, С.Неуструев, суретші Н.Хлудов қатысады.

Н.Г.Хлудов (1850-1935) Одессада білім алып, 1877 жылы Верныйға келді. Бұл жерде ол суреттен сабақ беретін мұғалім болып қызмет етті. Қазақ халқының өмір-тіршілігі, әсем табиғаты оны баурап алады. Ол 130-дан астам картинаны дүниеге әкеледі. Оның 78-і Орталық музейде сақтаулы.

Қазақстанның өлкетануына көп еңбек сіңірген ғалым Александр Иванович Добромислов (1854-1915). Ол тарихшы, этнограф ретінде көп еңбек жазып қалдырды. ОГК-ның Орынбор бөлімшесінің мүшесі болды. Оның “Заметки о народонаселения Тургайской области” (1893), “Приготовление кумыса киргизами Тургайской области” (1893), “Скотоводство в Тургайской области” (1895), “Киргизские изделия из шерсти и волоса” (1899), “Суд у киргиз Тургайской области в XVIII-XIX веках”, “Этнографические очерки казахов” т.б. деп аталды.

Ірі шығыстанушы ғалым В.Бартольдтің шығармалары “Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг.”, “Очерки истории Семиречья” деп аталады. 1902 жылы атақты орыс шығыстанушылары В.В.Бартольд, Н.И.Веселовский, И.М.Мелиоранский, С.Ф.Ольденбург, В.В.Радлов Орта және Шығыс Азияны зерттеу үшін Орыс комитетін құрды. Алайда, көп ұзамай 1919 ж. комитет жұмысын тоқтатты. Жергілікті қазақтар зерттеушілерге тілмаш, аудармашы ретінде көмек көрсетіп отырды. Олардың қатарында А.Н.Харузиннің Бөкей ордасына (1887-88) экспедициясына қатысқан Өтемғали Атаниязов, Жүсіпәлі Үдеров, Жұмағали Бекмембетов болды. Осы экспедицияның нәтижесінде “Киргизы Букейской орды” атты еңбек дүниеге келді.

ҚАЗАҚСТАНДЫ ЗЕРТТЕУ ҚОҒАМЫ – РЕСПУБЛИКАДАҒЫ ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ

Қазақстанда 1919 жылы желтоқсан айында жарты жылдай ғана жұмыс істеген тарихи-статистикалық бөлім құрылады. Оған қызмет еткен Орынбордағы өлкетанушы ғалым А.П.Чулошников, филолог және этнограф А.А.Четыркина, юрист Е.А.Яковлева, статистик К.П.Шагаевтар болды. 1920 жылы наурызда тарихи-статистикалық бөлім Қазақстан еңбекшілеріне қазақ халқының тарихы туралы мәліметтерді жинауды, іздеуді және бөлімге жіберуді сұрап ұран тастайды. 1920 ж. 10 апрельде тарихи-статистикалық бөлім Өлкелік революциялық комитеттің халық ағарту бөліміне беріліп, оны ғылыми комиссия деп атайды, ал 1920 жылдың декабрь айынан Қазақ АССР-і құрылып, бөлімді Халық ағарту комиссариатының құрамында ғылыми бөлім деп аталды. Бұл бөлім ғылым, әдебиет, өнер, музей және архив мәселелерімен айналысты. 1921 ж. август айында ғылыми бөлім Халық ағарту комиссариатының Академиялық орталығы болып өзгереді. Ол екі секциядан: ғылыми және көркем секциядан құрылды. Академиялық орталықтың құрамына Бас музей мен Бас архив енді /2,80-81/.

Республика өмірінің ғылыми саласында ерікті ғылыми қоғамдар үлкен роль атқарды. Ондай ерікті қоғамның бірі – Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамы болды. 1925 жылдан бастап ол Қазақстанды зерттеу қоғамы болып айта құрылды. Бұл қоғам Халық ағарту комиссариатының ғылыми бөлімінен бөлініп шықты. Қоғамды құруға белсенділік танытқандар тарихшы-өлкетанушы А.П.Чулошников, Орынбор өлкесін зерттеуші, Орынбор архив комиссиясының мүшесі А.П.Гра, тарихшы-этнографтар Ә.А.Диваев, С.М.Петров, А.Л.Мелков,

И.В.Мелкова, А.А.Четыркина, И.М.Расторгуев т.б. болды. Құрушы-мүшелері арасында Орталық Атқарушы комитеттің төрағасы С.Мендешев, әскери комитет штабының бастығы А.Н.Турский болды. Орынбор өлкелік музейінде 1920 ж. 15 октябрьде жиналыс өтті. Оған қоғамның 35 мүшесі қатысты. Баяндаманы А.П.Чулошников жасады. Жиналыс қоғам басқармасын сайлады. Басқарма төрағасына А.П.Чулошников, орынбасарлығына А.П.Гра, секретарьлығына И.М.Расторгуев, кітапханашылық қызметке А.П.Лошкарев тағайындалса, А.Романов, А.Четыркина, С.Петров, Л.Курашкевичтер мүшелікке кандидат болды. Қабылданған устав бойынша басқарма бір жылға сайланды. Қазақстанды зерттеу қоғамы 1920 ж. 15 октябрьдегі Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатының протоколымен бекітілді. Ал ресми түрде жұмыс бастаған уақыты 1920 ж. 1 ноябрь болып тіркелді. Жаңа қоғам Орынбор ғылыми архиві комиссиясының, ОГК Орынбор бөлімінің жұмысын жалғастырушы орган ретінде Қазақ республикасын тарихи-археологиялық, этнографиялық, жаратылыстану және басқа салаларда терең зерттейтін органға айналды.

Қоғам уставында: 1) Қазақстанға байланысты жиналған және архив, кітапханадағы, жеке адамдарда бар материалдарды жүйеге келтіріп, олардың ғылыми мәнін анықтау; 2) жергілікті жерлерде ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп, өлкені зерттеу үшін экспедициялар жабдықтау; 3) осы өлкені зерттейтін адамдарға, ғалымдарға көмектесу, оларды қолдау; басқа ғылыми, қоғамдық бірлестіктермен тығыз байланыс орнату; 4) ғылыми материалдарды, кітаптарды, қолжазбаларды, актілерді, карталарды, басылымдарды, өнер бұйымдарын сақтауды және жергілікті жерлерде музей құруды ұйымдастыру сияқты мақсаттарды белгіледі.

Қазақстанды зерттеу қоғамының қызметінің алғашқы он екі жылын үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші –

Орынбор кезеңі 1920-25 жж., екінші – Қызылорда кезеңі 1925-29 жж., үшінші – Алматы кезеңі 1929 жылдан басталады.

1921 жылы Қазақстанның Бас архиві құрылды. 1922 жылы ол Орталық республикалық архив болып өзгертілді. Архивтің құрылуы өлкетанушылық жұмыстың жүйелі түрде жүргізілуіне себеп болды, ол жергілікті өлкетанушыларға көп көмек жасады және құжаттар тіркеу, сақтау ісі алға басты.

Қазақстанды зерттеу қоғамы Бас архивпен және Бас музеймен тығыз байланыста жұмыс істеді. Өз жұмысын Халық ағарту комиссариатының академиялық орталығының, өлкетану музейінің Орталық кеңесінің басшылығымен жүзеге асырды /2,85/.

Қазақстанды зерттеу қоғамының мүшелері 1922 жылы январьда құрылған Өлкетанушылардың Орталық бюросына да қатысты. Қоғамның белсенді мүшелерінің бірі А.Л.Мелков ғылыми қоғамдардың бірінші Ресейлік конференциясына қатысып, Орталық бюроға мүше болып сайланды. Қазақстанды зерттеу қоғамы Оралда, Қостанайда, Көкшетауда өз бөлімдерін құрды. 1921 жылы Орал бөлімшесінде 52 адамнан тұратын бөлім жұмыс істеп, өлкетану жұмысын облыстық архивті жүйелеуден бастады. Библиографиялық көрсеткіштер жасап, мұғалімдерге көмек-нұсқаулар ұйымдастырды. Қазақстанды ғылыми-зерттеу қоғамының отырысында 1921 жылы 28 июльде Қостанай бөлімі тіркелді. Қоғамның екі айлық есебінде олардың оқыған баяндамалары, ашқан ғылыми кітапханалары, ұйымдастырған экспедициялары туралы деректер келтірілді. 1922 жылы Қазақ ССР Орталық комитеті “Қызыл керуен” атты шара өткізіп, ауылдардан, ел арасынан ертегі, аңыз, қолөнер бұйымдарын жинауға да үлкен көңіл бөлді. А.Л.Мелков 1923-24 жылдары қазақ ауылдарынан қолөнер бұйымдарын жинаған көп экспонатты 1925 ж. Парижде өткен Дүниежүзілік көркемөнер және әдебиет өнері көрмесіне апарған.

1923 ж. 23 декабрьде басқарманың кезекті сайлауы өтеді. Онда басқарма төрағалығына К.К.Саковский, орынбасарлығына М.Батилов сайланды, басқарма мүшелігіне А.Мелков, В.Тележников (казначей), А.Лошкарев (секретарь) сайланды. А.П.Чулошников корреспондент мүшесі болып қалады. 1923 ж. қоғам Москвада өткен Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысады. Қоғам жанынан ғылыми кітапхана құрылады. 1923 жылы кітапханада 40 мың том кітап болған. Шет елдерден де көптеп кітаптар келіп түседі. Қоғамның маңызды бағыттарының бірі 1924 жылы ұйымдастырылған мектептегі өлкетану бөлімі жұмысына оқытушыларды тартуды, үйірмелер ашуды, мектепте өлкетану жұмысын күшейтуді қолға алады. Мектеп қызметкерлерімен экскурсиялар ұйымдастырылады. Халық ағарту комиссариатының мектепке арналған Қазақстанның географиялық картасы дайындалады. Қазақ тіліне оқулықтар аударылады. 1921 ж. Орынборда “Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының Орынбор еңбектерінің” алғашқы басылымы жарық көрді. 1924 жылға дейін оның алты басылымы жарияланды. Журнал бетінде кейбір мақалалар мен басылымдардың кереғар пікірлері кездескеніне қарамастан, басылым беттерінде осы құнды ғылыми деректері мол материалдар да аз болған жоқ /2,89-90/.

1924 жылы қоғам бесжылдық жұмыс жоспарын қабылдады. Онда елді мекендердің орналасу картографиясын, табиғи байлықтарын және табиғат жағдайларын зерттеу, гидрографикалық комиссия құру т.б. мәселелерін қойды. Қоғам сондай-ақ ауыл шаруашылығындағы мәселелерді де алға қойып, халыққа өлкетану ісіне байланысты дәрістер оқуды мақсат етті. Қоғам мүшесі, белгілі композитор А.В.Затаевич қазақ ауылдарын аралай жүріп, 1920 жылдан бастап қазақ әндері мен мелодияларын жинады. Ол 1000 қазақ өнін жинады. 1925 жылы Халық ағарту комиссариаты 6048 рубль бөліп, әндерді басып шығарады. “Қазақ халқының мың өні” жинағы үшін А.В.Затаевичке Қазақ ССР халық артисі атағы берілді.

1925 жылдан бастап Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамы Қазақстанды зерттеу қоғамы деп аталды және оның Қазақстанның барлық территориясында жұмыс жүргізетіндігі белгілі болды. Қоғамның жаңа орталығы Қызылордада болды, оның алдында жұмысты жандандыру міндеті тұрды. Қоғамның Ташкенттегі “Талап” қоғамы (қазақ мәселесімен айналысқан) ғылыми комиссиямен бірікті. Қазақстанды зерттеу қоғамы қалалармен және губерниялармен тығыз байланыс орнатып, мектеп, музей, кітапхана және басқа мәдени-ағарту мекемелерімен, архивтермен тығыз жұмыс істеуге бет бұрды. Қоғам Қызылордада болған уақытында төрт томдық еңбектерін басып шығарды. Оның ішінде П.В.Ивановтың түйе шаруашылығына байланысты, М.И.Рожанецтің топырақ қабатына арналған, С.П.Наумовтың фаунаға байланысты еңбектері ғылыми құнды деп бағаланды. Қоғам 1926 жылы Қазақстандағы өндірістік күштерді дамыту жөніндегі кеңесті ұйымдастырушылардың бірі болды. 1927 жылы Қазақстанда 9 музей, 6 ғылыми қоғам, 5 қорық, 5 ғылыми кітапхана, кітап палатасы, 2 кітап сақтайтын қойма болды. 1927 жылы 13 ноябрьде Қазақ ССР-інің Халық комиссарлары советі Халық ағарту комиссариатының өлкетану жұмысын дамытуға байланысты міндеттеген арнайы қаулы қабылдады. Қазақстанды зерттеу қоғамының қызметіне белсене кіріскен адамдардың бірі Санжар Асфендияров (1889-1937) болды. С.Асфендияров қазақ тарихын жазуға үлкен күш салды. Ол кісі үнемі қоғам өткізетін съездерде, кеңестерде баяндама жасап, 1930 жылы апрель айынан бастап Қазақстанды зерттеу қоғамының кеңесінің төрағасы болып, кейіннен Қазақстан өлкетануы Орталық бюросының төрағасы болып қызмет етеді.

Қазақстанды зерттеу қоғамының бөлімдері Орал, Семей, Алматы, Петропавл, Ақмола, Қостанай, Шымкент, Өскемен т.б. қалаларда жұмыс істейді. ОГК Батыс Сібір бөлімінің Семейдегі бөлішесі жұмысын жан-

дандырады. Семейдегі бөлімшеде музей, кітапхана, метеорологиялық лаборатория жұмыс істейді. 1924 жылы 8 майда бөлімше ОГК-ның дербес бөліміне айналады. Республикадағы елең еткізер жәйттің бірі 1924 жылы 24-31 август аралығында Семейде өткен губерниялық бірінші өлкетанушылар конференциясы болды. Бұл конференция жалпы Қазақстандағы алғашқы конференция еді. Оның жұмысына Географиялық қоғам мүшелері, халыққа білім беру бөлімдерінің өкілдері, мемлекеттік орган өкілдері, жергілікті өлкетанушылар, барлығы қоғамның 74 мүшесі, екі жүзге дейін меймандар қатысты. С.В.Пешехонованың Өскемендегі өлкетану қоғамының жұмысы үлкен қызығушылық тудырды. Конференция нәтижесі бойынша ОГК Семей бөлімі № 3 бюллетень шығарды. Онда тыңдалған баяндамалар бойынша резолюция жарияланды. ОГК-ның Семей бөлімінің белсенді мүшелері Б.Б.Герасимов – кеңес төрағасы, М.О.Әуезов – орынбасары, Ж.Шанин, Ш.Айманов, А.Белослюдов, М.Тұрғамбаев, А.Ермеков, А.Шутин, А.Адрианов болды.

М.О.Әуезов және Өскеменде, Павлодарда, Риддерде өлкетану үйірмелерін, қоғамдар ұйымдастырды. Ол Семей конференциясын ұйымдастырушылардың бірі болды және онда “Қазақ әдебиетіндегі Абайдың орны” атты баяндама жасады. 1924 жылы Абайдың қайтыс болуының 20 жылдығына орай еске алу кешін ұйымдастырды. 1927 жылы өлкетанушылардың Москвада өткен Бүкілресейлік конференциясында М.Әуезов өлкетанушылардың Орталық бюросына мүше болып сайланады /2,101/.

Сырдария өлкесінде Өлкетану қоғамының ашылуы 1926 жылы апрель айында өтеді. Қоғамның басқарма қоғамына: Б.П.Тризна – төраға, И.К.Шпота – орынбасар, П.Афанасьев – ғылыми қызметкер, В.Агаев – казначей болып сайланады.

1926 жылы октябрь айында қоғам Қазақстанды зерттеу қоғамының Сырдария бөлімі болып аталады. Қоғам мүшелері жастарды өлкетануға тартуда көп жұмыс

атқарады. И.К.Шпотаның басшылығымен Сайрам мен Шымкентте тарихи-археологиялық ізденістер жүргізеді. Ақсу-Жабағылы қорығын зерттейді. Қоғам мүшелері Б.Тризна мен оның орынбасары И.Шпота Ленинградтан (қазіргі Санкт-Петербург) келген Заттай мәдениет тарихы мемлекеттік академиясының қызметкері А.Ю.Якубовскиймен бірге Қызылорда облысындағы мешіт, мазарларды зерттеді.

Александр Юрьевич Якубовский (1886-1953) тарихшы, шығыстанушы, археолог ретінде Орта Азия мен Қазақстанға байланысты көп еңбек жазды. Оның “Главные вопросы изучения истории городов Средней Азии”, “Археологические коллекции Эрмитажа”, “Самарканд при Тимуре и Тимуридах” т.б. өлкетануға байланысты бағалы болды. А.Ю.Якубовский Қазақстанды зерттеу қоғамының жұмысына белсене қатысты. Сырдариядағы Қазақстанды зерттеу қоғамының жұмысы археолог, тарихшы Михаил Евгеньевич Массон есімімен тығыз байланысты. 1926-27 жылдары ол Әулие-Ата, Фрунзе, Алматы маңайларында археологиялық ізденістермен айналысты. Сырдария қоғамының құрметті мүшесі болды. 1927 жылы өлкетану жұмысына Қазақтың педагогикалық техникумы, Шымкенттегі мектептер тартылды. Жергілікті өлкетанушылардың ішінде Әлқуат Қайнарбаевты атап өтуге болады. Қазақ халқының мәдениетінен көп материал жинаған ол 1920 жылы этнографиялық экспедицияда Ә.Дивасвпен кездесіп, оған көп қызықты материалдар береді. Мектепте мұғалім, инспектор, оқу бөлімінің бастығы т.с.с. қызметтерді атқара жүріп, ол 200 мың жол этнографиялық, фольклорлық қолжазбаны Ғылым академиясының кітапханасына өткізеді. Оның жинаған материалдары “Айтыс”, “Үш ғасыр жырлайды”, “Қазақ эпосы” т.б. жинақтарда басылды.

Орал губерниясының өлкетану ұйымдары өз жұмыстарын 1925 жылдан бастады. 1926 жылы олар Паллас, Рычков, Левшин, Небольсиннің еңбектері бар жақсы

кітапхана ұйымдастырды. Қоғамның ғылыми-зерттеу жұмысына С.Неуструев, И.Ларин, Н.Мүсатаева, Л.Берга, И.Кожевников т.б. қатысты. 1926 ж. қоғамның ұсынысымен Орал өзені бойында балық шаруашылығын зерттеуге қаржы бөлінеді. Жұмысты Л.С.Берга басқарады. 1927 жылы Оралда “Орал-Каспий өлкесінің орыс халықтарының тұрмысындағы және тарих, география, экономикадағы өлкетану анықтамасы” жарияланады. 1924 ж. Атбасарда үйірме құрылады. Оның жұмысына тұрғындар белсене араласады. 1929 жылы Орталық мекемелер Алматыға көшірілгендіктен Қазақстанға байланысты барлық материал Алматыға әкелінеді. Алматыдағы Қазақстанды зерттеу қоғамы Шу мен Қостанайға арнайы экспедиция ұйымдастырады. Қазақстандағы мәдени құнды дүниелерді жинау басталады. Оған ғылыми кітаптар, журналдар, фотографиялар, қолжазбалар, археологиялық заттар, көне ақшалар, т.б. кіреді. 1929 жылы 23 октябрде Қазақ ССР-інің Халық Комиссарлары советі 1930 жылы Алматыда Бүкілқазақстандық өлкетанушылар съезін шақыруға қаулы етеді. Оған Москва, Ташкент т.б. ірі қалалардан өкілдер шақырылады /2, 110/. Қоғамның Алматыдағы қызметі О.Жандосов, С.Асфендияров, М.Жолдыбаев т.б. қайраткерлердің есімімен тығыз байланысты. О.Жандосовтың “Өз өлкеңді таны” мақаласы елді елең еткізер мақала болды.

1930 жылы қоғамға құрметті мүше болып Ә.Жангелдин сайланды. Сол жылдың 15 ақпанында филолог ғалым Ә.Қоңыратбаев мүше болды.

1930 жылы Алматыда үш дербес қоғам болды: олар — Алматы географиялық ассоциациясы, Жетісудың өндірістік күштерін зерттейтін қоғам, Алматы өлкелік жоспарлау мекемесі жанынан құрылған Жетісуды зерттейтін қоғам. 1930 жылы 15 ақпанда бұл қоғамдарды біріктіруге шешім қабылдады.

1930 жылы 6 апрельде Бүкілқазақстандық ғылыми өлкетану съезі өтті. Оның жұмысына ірі ғалымдар, барлығы 238 делегат қатысты. Конференцияда 6 секция жұмыс істеді. Олар: 1) ұйымдастыру-өдістемелік, 2) су, ауа, жер байлығы, 3) өсімдіктер ресурсы, 4) мал ресурсы, 5) экономика, 6) тарих және мәдениет. Съезд жұмысынан кейін барлық мектептерде дерлік өлкетану үйірмелері құрылды. Техникумдар мен жоғары оқу орындары жоспарларына өлкетану енгізілді. 1931 жылы апрельде Халық ағарту комиссариаты коллегиясының шешімімен Республикалық өлкетану ұйымдастыру бюросы құрылды. 1932 жылы 26 ноябрьде Алматыда өлкетану конференциясы өтеді. Оның жұмысына 87 делегат қатысады. Онда С. Меңдешев баяндама жасайды. С. Асфендияровтың баяндамасы тарих пен мәдениетті зерттеуге арналады. Қазақстанды зерттеу қоғамының жұмысы жер-жерде өлкетанушылық жұмысты өркендетуге өз үлесін қосты.

Музейлік өлкетанудың дамуы “Қазақ АССР-інің құрылуы туралы” декретке қол қойылғаннан кейін 5 жыл уақыт өткен соң Орынбордағы музейді кеңейтіп, Халық ағарту комиссариатының құзырына өткізу туралы шешім қабылданады. Сөйтіп, 1831 жылы орыс ғалымы В.И. Дальдің ұйымдастыруымен құрылған музейден Қазақстанның музей тарихы басталады. Л.Л. Курашкевич бір мезгілде Республиканың басты музейінің меңгерушісі болды және Халық ағарту комиссариатының академиялық орталығының құрамына кірді /2,131/.

1922 жылы 24 январьда Халық ағарту комиссариаты Орталық өлкелік музей туралы ережені бекітті. Бұл ереже бойынша Орталық өлкелік музей қазақ халқының мәдениетіне байланысты барлық заттарды, мағлұматтарды жинап, бүкіл халықтың қолданысына айналдырды және барлық губерниялық музейлермен тығыз қарым-қатынаста болып отыруды міндеттеді. Осы күннен бастап жалпы өлкетану жұмысымен, яғни табиғатты, шаруашылықты,

әдет-ғұрыпты, мәдениетті зерттеумен тарихи-өлкетану музейлері айналыса бастайды. Орталық өлкетану музейінің алғашқы есебінде бірінші жарты жылдықта (1922 ж.) музей 93 күн жұмыс істеп, оған 10770 адам немесе күніне орта есеппен 137 адам келгені айтылады /2,132/. 1922 жылы сентябрь-декабрь айларында әрбір бөлімдегі экспонаттар туралы мәліметтер келтіріледі. Мысалы, сөз дамыту (развитие речи) бөлімінде 98 экспонат, мектепке дейінгі баланың сауаттануы мен есебі бөлімінде 150 экспонат, мектеп жасына дейінгі баланың ойындары мен іс-әрекеттері бөліміне Москвадан “Ойыншықтар тарихы” коллекциясының келгені туралы, балалар шығармашылығы бөлімінде 288 экспонат болғанын хабарлаған. Музей жанынан құрылған балалардың қолөнер үйірмесі ерекше назар аударған. 1921 жылы 7 февральда Қазақ АССР Халық ағарту комиссариаты тарихи, мәдени ескерткіштерді қорғау туралы қаулы қабылдады. Онда Халық ағарту комиссариаты ғылыми бөлімінің шешімінсіз бірде-бір қорған немесе ескерткіш орындарын қазуға тыйым салынды. Жергілікті жердің оқу бөлімдеріне ескерткіштерді іздеп табу және есепке алу жүктелді. 20-жылдары өлкелік, аудандық өлкетану бюролары құрылды. Оның міндеті өнер бұйымдарын, ескерткіштерді, көне заттарды қорғау болды.

1923-24 жылдары Қазақстанның Орталық музейінің жұмысы Қазақстанды зерттеу қоғамымен тығыз байланысты жүргізілді. Музейдің мәдени-ағартушылық қызметін, тәрбиелік ролін көтеру мақсатында тематикалық көрмелер ұйымдастырылды. Мысалы, 1923 жылы 24 январьдан 15 февральға дейін “Балалар шығармашылығы” көрмесі жұмыс істеді. Оның жұмысына 6482 адам қатысты. Басқа музейлермен тәжірибе алмасу жағы да қарастырылып отырды. 1923 жылы Қазақстанды зерттеу қоғамы өзінің мүшесі С.М. Петровты Қазан, Пермь, Екатеринбург қалаларының музейлеріне жіберді. 1924 жылдан бастап Орынбор музейін Қазақ республикасының жеріне

көшіруге дайындық басталады. Экспонаттардың үштен бірі Орынборда қалып, үштен екісі Орталық өлкелік музейдің қорына беріледі /2,134/. Алматыға музей 1929 жылдың май айының соңында көшіріледі. 1927 жылы музей директоры болып тағайындалған А.С.Махонин Орталық музейге экспонаттарды көшіруге және ұйымдастыруға көп күш салады. 1930 жылы апрельде Бүкілқазақстандық ғылыми өлкетанушылық съезд жұмысына қатысып, музей өз экспонаттарын көрмеге қояды. 1897 жылы негізі қаланған Жетісу губерниялық музейі орталық музеймен біріктіріледі. Кейінгі жылдары музей қоры Жетісу облысының, қазақ әскерлері мен республикалық дінге қарсы музейлерінің коллекциясымен толықтырылды. Музей 1931 жылы Алматы қаласындағы бұрынғы Кафедралық собордың ғимаратына орналасты. Әйгілі верныйлық сәулетші А.П.Зенковтың жобасы бойынша 1904-07 жылдары салынған бұл бірегей сәулет кешені – 1911 жылғы жер сілкінісінен аман қалған ғимараттардың бірі. Музейдің қазіргі ғимараты сәулетшілер Ю.Ратушный, З.Мұстафина және Б.Рзағалиевтің жобасы бойынша 1985 жылы салынды. Музей ғимаратының жалпы көлемі – 17557 шаршы метр. Оның үш қабатында көрме галереялары және 4 экспозициялық зал орналасқан /4,51/.

1927 жылы 1 октябрьде Қазақстандағы музей саны бесеуге жетті. Олар Петропавл, Көкшетау, Ақмола, Жетісу және Шымкент өлкетану музейлері болды деп жазады зерттеушілер. Алайда Ахметова С.Ш. 1927 жылы Қазақстанда тоғыз өлкетану музейі жұмыс істеді. Яғни жоғарыда аталған 5 музейге Семей (1883), Қостанай (1915), Орал (1920) және Орталық мемлекеттік тарихи-өлкетану музейі қосылды дейді /2,136/.

1930 жылы Қазақстанда 10 музей, 1931 жылы 12 музей болды. 30-жылдары А.Адрианов, М.Массон, А.Махонин, Л.Семеновтың еңбектері жарық көрді /5/. 1883 ж. Е.П.Михаэлис, Абай Құнанбаев, Н.И.Долгополов-

тардың ынтасымен құрылған Семейдегі музей жергілікті өлкетану музейі ретінде дамиды. Оның жұмысына С.Ольденбург, В.Вернадский, А.Е.Ферсман, В.Сапожниковтер баға берді. 1927 жылдан бастап Семей музейі дербес мекеме болып жұмыс істей бастады. Жетісу музейінің тарихы 1898 жылы басталады. Ол Н.Пантусовтың бастауымен құрылды және статистикалық комиеттің жұмысымен тығыз байланысты болды. Кейіннен музей қорын жинаушы ретінде В.Е.Недзвецкий көп жұмыс істеді. 1918 жылы Жетісу музейіне әскери музей қосылды. 1922 жылы музейді В.Д.Городецкий басқарды. 1925 жылы басқарған Б.Дублицкий де көп қызмет етті /2,140/.

Сырдария өлкелік музейі 1921 жылы Шымкентте құрылды. Орта Азия музейлер ісі мен ескерткіштерді қорғау комитетінің күшімен 1925 жылы 5 июньде Шымкентте Сырдария губерниялық өлкетану музейінің ресми ашылуы өтеді. Онда табиғат және мәдени-тарихи бөлімдері ашылады. Музейдің қайта құрылуына М.Массон, И.К.Шпота, В.Тризна себепкер болды. 1926-28 жж. Қазақстанда бірнеше зерттеу экспедициясы өтеді. Соның нәтижесінде көп экспонат жиналып, музей қоры байи түседі.

1920 жылы март айында Көкшетауда өлкетану музейі құрылады. 1920 жылы мартта білім-беру бөлімінің ұсынысымен Көкшетауда өлкелік музей құрылады. Музейдің негізін қалағандар Прихожий, Жуков т.б. болды. И.С.Хохлов музейге 8 жыл басшылық етті. 1923 жылы январьда Петропавл өлкетану губерниялық қоғамы құрылады. Оның мүшелері К.Александров, И.Чернядьев, И.Лобовтың күшімен жергілікті музей ашылады. Музей директоры И.П.Дьячков 5 жыл көлемінде басшылық жасайды. 1920 жылы музей 6 бөлімнен тұрып, 200 экспонатқа ие болады.

1929 жылы Орталық музей жанында “Қазақстандағы ескерткіштерді қорғау комитетін құру” жөнінде кеңес өтіп, бұл комитетті ғылыми-зерттеу комитеті ретінде құрып, Орталық музей жанынан басқаруды ұйғарады. Оған 14

маман тартылады. Мамандар оқу-ағарту, ауыл шаруашылығы, мемлекеттік жоспарлау, финанc органдары, денсаулық сақтау, архив, геология, аң аулау, бактериологиялық институт, т.б. мекемелерден тартылады. Орталық музейге ереже жасау ісі тапсырылып, оны 1929 жылы октябрьде Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатының коллегиясы, ал 1929 жылы 5 ноябрьде Қазақ АССР Халық комиссарлары кеңесі бекітеді. Барлық музейлер мен Қазақстанды зерттеу қоғамдары алдында ескерткіштерді есепке алу жұмысы жүргізілді және оларды картаға түсіру мен сипаттау талап етілді. Мұндай картаны 1937 жылы Қазақстанды зерттеу қоғамы басып шығарып, “Өлкетанушыға ескертпе” қоса ұсынылды /2,149/. Қазіргі уақытта Қазақстанда өлкетану жұмысы қайта жандануда. Осы уақытқа дейін Қазақстанда тарихи өлкетану бойынша жазылған зерттеу жұмыстары өте аз. Соның бірі С.Ш.Ахметованың орыс тіліндегі “Историческое краеведение в Казахстане” атты еңбегінің маңызы жоғары және ол архив құжаттары мен деректік материалдарға өте бай.

ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Археология дегеніміз – адамзат баласының тарихын заттық ескерткіштерге негіздеп зерттейтін ғылыми сала. Археология деген терминді ең алғаш көне грек философы Платон (б.д.д. 427-347) ойлап тапты. Архайос – көне, логос – ілім, яғни көне ілім деген ұғымды білдіреді. Археология туралы әр елде әр түрлі түсінік қалыптасқан. Мысалы, Францияда археология деп антикалық заттар сақтайтын музейлерді атайды.

Адам баласының 2 млн. жылдан аса тарихы барын ескерсек, батыс зерттеушілері жазу шыққанға дейінгі тарих 99,998 % болады, яғни археология мәліметтері 0,002 % тек жазба деректер арқылы зерттеледі дейді. Көптеген халықтар өз тарихын әлі күнге дейін археологиялық мәліметтерге сүйеніп зерттеуде. Жазбаша тарихтың 5 мың жылдық тарихы барына қарамастан ең алғаш рет археологтар ашқан жазба деректердің тарихы бертін келе белгілі болды. Египет иероглифтері 1822 ж. оқылса, 1857 ж. бабыл (вавилон) клинописінің (сына жазу) сыры ашылған. Б.д.д. VIII ғасырдың аяғында көне грек ойшылы Гесиод жазуға дейінгі деректердің кезеңдерін анықтауға талпынды. Гесиод бойынша тарихта ең бірінші алтын ғасыр болды, одан кейін күміс ғасыр, мыс ғасыры, одан кейін темір ғасыры келді дейді. Б.д.д. VI ғасырда Вавилон патшасы Набонид тарихи-танымдық мақсатта білімге көңіл бөліп, қазба жұмыстарын жүргізді. Ол кісі көне патшалық құрылыстардағы көне жазбаларға аса көңіл бөлді.

Көне рим ойшылы, ақын (б.д.д. I ғ.) Лукреций Гесиод сияқты заттық мәдениеттің дамуының негізгі кезеңдерін айқындауға тырысты. Лукреций жазба тарих

шыққанға дейінгі тарихты тас, мыс, қола, темір деп бөліп, ғылыми негіздеуге жақын гипотеза ұсынған. Лукреций схемасын археологтар осы уақытқа дейін қолданып жүр /1,18/.

Лукреций схемасы (1,18)

Ертедегі адамдардың еңбек құралдарын жасаудағы әр түрлі материалдарды қолдану көрінісі					
	Тас құралдары	Сүйектен жасалған құралдар	Ағаштан жасалған құралдар	Керамика	Темір
Палеолит көне тас дәуірі (б.д.д. 2,6 млн. жылдан бастап б.д.д. XII мың жылдыққа дейін)					
Мезолит орта тас ғасыры (б.д.д. XII-VII мыңжылдыққа дейін)					
Неолит (жаңа тас ғасыры б.д.д. VII-IV мыңжылдық)					
Энеолит көне мыс-тас ғасыры (б.д.д. III-II мыңжылдық)					
Қола дәуірі (б.д.д. II-I мыңжылдықтың басы)					
Темір дәуірі (б.д.д. I мыңжылдықтың ортасынан басталады)					

Ерте орта ғасырлық кезеңде археологиялық ізденістер біраз баяулайды. Қайта өрлеу дәуірінде, XV-XVI ғғ. антикалық мәдениетке қызығушылық көбейді. Сол себепті, көне грек және көне рим статуяларын, колонер бұйымдарын, т.б. іздеу жұмыстары жүргізіледі. XVIII ғ. 40 жылдары қазба жұмыстары жанданып, археология ғылым саласы ретінде қарқындап дами бастайды, ал XIX ғасырдың I-ші жартысында түпкілікті қалыптасты деуге болады. Осы кезде Мысыр мен Қос өзен аралығында (Ефрат пен Тигр өзендері) археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған заттарды белсенді зерттеу басталады.

1836 ж. дат археологы Х.Томсен адамзат баласы тарихының бастапқы үш ғасыры туралы гипотеза ұсынды. Бұл жүйені (классификацияны) басқа дат ғалымы И.Ворсо қолдады. 1837 жылы француз археологы Э.Ларте үңгірлерді зерттеп, көне тас құралдарын жасаған адамдардың мамонтпен және басқа жануарлармен бір кезеңде қатар өмір сүргенін дәлелдеді.

1869-1893 жылдары француз археологы Г.Мортилье тас құралдарының хронологиясының алғашқы схемасын жасады. Ол кісі енгізген ашель, мустье, т.б. терминдері ғылымда әлі күнге дейін қолданылады. 1865 ж. ағылшын археологы әрі этнографы Д.Леббок тас ғасырын екі кезеңге бөлді: палеолит – қашалған тас және неолит – тегістелген тас).

XIX ғ. соңында француз археологы Э.Пьет археологияда екіаралық кезең – мезолит кезеңін ашты. XX ғасырдың басына қарай Батыс Европада тас ғасырын кезеңдерге бөлудің мынадай жүйесі қалыптасты /1,20/:

Дәуірлер	Мәдениет кезеңдері
Неолит	
Ерте	Робенгаузен
Кейінгі	Компиньи
Мезолит	
Ерте	Тарденуаз
Кейінгі	Азиль
Палеолит	
Жоғары	Мадлен Солютре Ориньяк
Орта	Мустье
төмен	Леваллуа Ашель Клектон Шель

Біраз өзгертулермен осылай кезеңдерге бөлу басқа елдерде де қолданыла бастады

Қола және темір ғасыры да ерте және кейінгі деп бөлінді.

XIX ғ. соңында археологияда “Энеолит”, яғни мыс-тас ғасыры, тас ғасырының қола ғасырына өтудің аралық кезеңі деп белгіленді.

Ресейде 1420 ж. алғашқы қазба жұмыстарын жүргізуге алғашқы қадам жасалынды. Псков, Воронеж қалаларында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде мамонт сүйектері, көне заттар табылды. 1718 ж. I Петр көне, бағалы заттарды жинап, Петербургке жіберу туралы жарлық қабылдады.

1739 ж. В.Н.Татищев, М.В.Ломоносов, Г.Ф.Миллер археологиялық ескерткіштер туралы мәліметтерді жинау жөнінде нұсқаулар жасады. 1864 ж. Москва археологиялық

қоғамы құрылады және қоғамның белсенділігі арқасында Бүкілресейлік археологиялық съездер өткізіле бастайды. Съезд әр түрлі қалаларда өткізіліп, тарихи-өлкетанушылық жұмысты одан әрі-жандандыра түсті. 1889 ж. археологиялық комиссия қазба жұмыстарын бақылауға және жүргізуге рұқсат алады.

1922 жылы археология университеттерге пән ретінде енгізілді. Москва Мемлекеттік университетінің ең алғашқы мұғалімдерінің бірі археолог В.А.Городцов болды. 1965 жылдан бастап “Археологиялық ашулар” (“Археологические открытия”) атты жинақ шығып тұрады /1,23-24/.

Археологиялық ескерткіштердің түрлері. Адамдардың көне мекендері мен тұрақтарының орыны, обалар, ескі қорымдардағы көне заттар сол заманның тарихи ескерткіші болып саналады және оларды археологиялық ескерткіштер деп атайды. Археологиялық ескерткіштерді екі топқа бөлуге болады. Оның ең ірілері – елді мекендер (мекен-тұрақтар) мен қабірлер. Содан кейін шеберханалар, табыну орындары, су жүйелері, тастағы жазулар т.б. кіреді.

Елді мекендерді екіге бөледі. Олар – тұрақ, қыстақ (стоянка, селище) және бұзылған ескі қалалар (городище). Әдетте қола және темір ғасыры ескерткіштерін қыстау және ескі қалалардың орны деп атайды. Тұрақ деген ұғымды көбінесе тас және қола дәуіріне қатысты қолданады /1,24/.

Археологиялық барлау мен қазбаларды ойдағыдай жүргізу үшін археологиялық ескерткіштердің түрлерін және археологиялық ұғымдар мен терминдерді нақты беру қажет. Археологияда адам қызметінің қалдықтары бар қабатты мәдени қабат деп атайды /6,76/. Мәдени қабаттың қалыңдығы мекен еткен адамның тіршілігінің ұзақтығы мен сипатына қарай бірнеше сантиметрден ондаған метрге кетеді. Әр түрлі дәуірдің қалдықтары кезде-сетін көп қабатты ескерткіштер де болады. Адам қызметінің

ешқандай ізі жоқ топырақ та болады. Бұл стерильді қабат деп аталады да, осы мекен-жайдың тарихындағы үзіліс жайында паш етеді. Бір учаскедегі мәдени қабаттар мен стерильді қабаттардың алмасуы ескерткіш стратиграфиясы деп аталады /1,76/. Ежелгі мәдени қабаттың өзінен төмен жатқан және адам қызметінің іздері кездеспейтін жер қабаттары археологияда материк деп аталады. Мәдени қабат бүркеп жатқан ежелгі қара топырақты қабат жерленген топырақ делінеді. Археологиялық ескерткіштердің сан алуан түрлерінің ішінен ең жиі ұшырайтыны және ерекше бір түрлері ретінде мекен-жай, жерлеу, әулиелік орындарды бөліп қарауға болады. Ежелгі тас ғасырында, кейде темір ғасырына дейінгі суық кездерде ұзақ уақыттық тұрақ ретінде адамдар жартас аспалары мен үңгірлерді пайдаланған. Ал қыстақ әдетте күн жаққа қараған оңтүстік беткейлерде, тіршілікке қолайлы өзендер мен көлдердің жағалауларында орналасады. Әсіресе мекен таңдауда қорғаныс мүмкіндіктері барынша ескеріледі. Ескі қала орнының қыстақтан айырмашылығы ең алдымен қорғаныс құрылыстарының – жалдардың, орлардың, қабырғалардың, мұнаралардың, т.б. болуынан көрінеді. Бұлардың көпшілігі әскери соқтығыс тұрақты құбылыс болып алған кезеңдерде пайда болған. Ескі қала орнының алаңы қабырғалармен қоршалған, сондықтан да мәдени қабат қонысқа қарағанда қалың және қуатты болып келеді. Сондай-ақ, қалдықтар қабатының қалыңдығында құрылыс материалдары, тас кірпіш, ағаш көптеп кездеседі. Ескі қала орнының анық формасы және белгілі бір жоспары бар, тығыз, шаруашылық құралдарымен аралас-құралас орналасқан қала орны топографиялық жағынан өте жақсы көрінеді. Ескі қала орнының түрлері әскери лагерьлердің, бекіністердің, монастырьлардың, жеке-жеке бір замоктардың қалдықтары болып келеді /1,77/. Тұрғын-жай немесе көшіп жүретін орындар темір ғасыры көшпелі малшыларының қыстау-

мекені болып саналады. Бұл ескерткіштер көбінесе өзен атырабында болады. Археологиялық ескерткіштердің бір тобы – жерлеу орындары. Бейіт салу тәсіліне қарай – қорған, опырық молалар, дольмендер, мазарлар болып бөлінеді. Археология үшін жерлеу орындарын зерттеудің маңызы зор. Біріншіден, бұл – біздің арғы бабаларымыздың рухани тіршілігін қалпына келтіруге мүмкіндік беретін аздаған ескерткіштердің бірі. Екіншіден, жерлеу аса маңызды этникалық белгілердің бірінен саналады. Үшіншіден, жерлеуде құнды антропологиялық материал, сондай-ақ, жерленген адамның өмір сүрген уақытының экономикалық әрі әлеуметтік жағдайын пайымдауға мүмкіндік беретін құрал-саймандары жақсы сақталады. Қорғандағы молалар төбешіктерде топ-тобымен және жалғыз-жарым болып, түрлі көлемдегі топырақтан немесе тас үйінділерден тұрады. Жеке үйінділер биіктігі 15–20 метрге дейін жетеді. Археологиялық тіршілік-тердің келесі түрі – әулие орындар. Бұларға әдет-ғұрыптық қызмет атқаратын орындар – храмдар, құрбандық шалатын, дұға қылатын орындар, киелі саналатын бұлақ, тас, тоғайлар кіреді.

Ескерткіш қазу жұмысына кірісер алдында археолог күні бұрын барлау материалдары бойынша оның сипатын, жоспарын, стратегиясын бағалау, қазу жұмысы үшін ең перспективті учаскені белгілеу, мәдени қабатты аршудың техникасын ойластырумен қатар мекеннің аспаптық сырмасын жүргізу керек. Қабатты аршу әдісі екіге бөлінеді: траншеялық әдіс және үлкен алаңды қазу әдісі.

Қабірлер екіге бөлінеді. Қабір үстіндегі құрылысты (қорғандар, бейіттер) және үстінде ешбір құрылысы жоқ жер асты топырақты қабірлер. Ең күрделі құрылыс – мегалиттік қабірлер. Грек сөзінен аударғанда мегас – үлкен, литос – тас, яғни үлкен тастардан соғылған қабірлер дейді. Менгирлер – тастан қойылған, ұзындығы 21 метр, салмағы 300 т. бағаналар. Франциядағы Бретань

жартылай аралындағы Карнакта 2683 менгир қойылған тас аллеясына ұқсас ескерткіші бар. Егер тастар дөңгелек шеңбер тәріздес болса, оларды кромлех, яғни дөңгелек орын деп атайды /1,25/.

Ең белгілі қабірлер – Мысыр пирамидалары. Хеопс пирамидасының жасалуына 6,5 млн тонна тас кеткен. Оның биіктігі 140 м /1,25/.

Тутанхамон қабірінің өзінен ғана тонналап алтын табылған. Көне қорғандарды қазған кезде өте көп құнды заттар табылады. Ал егер заттар жердің бірнеше қабат терең қатпарында орналасқан болса, кішкене жерді қазып, шурф (жер бетінен тік қазылатын қазба) немесе траншея (ор) салу керек. Қазудың қазіргі кездегі әдістері де бар, олар – электрлі, магнитті (барлау арқылы) және перископты (тасадан, жабық жерде байқау жүргізу үшін қолданылатын құрал). Бұл әдіспен Орта Азия жерлерінде аэрофото түсіру арқылы тек қалаларды ғана емес, сонымен бірге суару құрылысының үлкен жүйелерін ашты. Археологтар суда және су астында да барлау жұмыстарын жүргізеді. Акваланг кию арқылы су астынан қалалар, ыдыстар, корабльдер т.б. заттар тауып алып жатады.

Археологиялық зерттеу әдістері. Археологиялық барлау – ол археологиялық қазба жұмысының алғашқы қадамы. Барлау алдында үлкен даярлық жұмыстары жүргізіледі. Бұған зерттеу ауданын іріктеп алу, жүріс-тұрыс құралдарын жинау, карта бойынша маршрут жасау, жоспар жасау кіреді. Археолог осы аймақтың археологиялық және өлкетану әдебиетімен, сол жердің географиясымен және климатымен танысып шығуы керек. Барлау құрал жабдықтары жеңіл, жинақы да, сонымен бірге, ең алдымен ең қажеттілерін қамтуға тиіс, аспаптар (буссоль немесе визирлі компас, уровень (деңгей өлшеу құралы), рулетка, фотоаппарат), еңбек құралдары (күрек, пышақ, кисть), орау материалдары (қағаз, мақта, шпагат, консервациялайтын заттар, қораптар т.б.) болуы керек. Бұдан басқа

барлауға қатысушылардың құжаттары мен рұқсат қағазы қажет. Барлау кезінде жер бетіне шығып қалған материалдарды жинау және оны мұқият фиксациялау жүргізіледі. Бір учаскеден жиналған заттар жеке пакетке салынып, жиналған мезгілі, ескерткіштің тұрған орны, зерттеушінің фамилиясы мен пакеттің рет саны көрсетіліп, этикетка жапсырылады /6,82/. Барлау күнделігінде де осы деректер белгіленіп, табылған ескерткіш – оның көлемі, тұрған жері, сақтау дәрежесі көрсетіледі. Ескерткіш фотоға түсіріледі және ірі масштабта картаға түсіріледі. Барлауда табылған заттар туралы жергілікті халықтан да сұрап, пікір алысқан жөн. Қазба жұмыстарына жергілікті жердің тарихшы-өлкетанушыларын тартқан жөн.

Археологиялық зерттеу әдістерін далалық және лабораториялық (камеральдық) деп екіге бөледі /1,26/.

Далалық жұмыстар тек археологиялық қазба жұмыстары болып қана қоймай, сонымен қатар ол археологиялық барлау, ізденіс жұмыстары да болып есептеледі. Археологиялық ізденістерді жүргізу өте күрделі, ол үнемі тек жаңалық ашумен шектеле бермейді. Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау заңы бойынша елді мекендерде, қалаларда құрылыс жұмысын жүргізбес бұрын бұл жерлерде археологиялық барлау өтуге тиіс. Әр түрлі археологиялық ескерткіштерді қорғау үшін, оларды іздеп табу үшін іздеу отрядтары, ғылыми экспедициялар құрылады.

Археологиялық барлаудың ең бір нәтижелі, сенімді түрі – зерттелетін аймақты жаяу аралау. Мұндай кезде өзен, көл маңайларын, тау бөктерлерін, су шайған және опырылған жерлерді аса ұқыптылықпен қараған жөн. Кейбір жағдайларда қираған көне қалалардың орны, бейіттер, қорғандар бірден көзге түсуі мүмкін. Адамдар өмір сүрген әр кезеңдегі археологиялық заттар – олардың өмірінен, мәдениетінен, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін айғақ. Кейбір археологиялық заттар арқылы техника тарихын, техникалық жаңалықтарды, қоғам өмірінің

өзгешеліктерін байқауға болады. Барлау жұмысы кезінде археолог еш нәрсеге тиіспей тұрып, табылған заттардың орналасуын жазып, белгілеп алуы керек.

Жердің топографиялық картасы жасалынып, жер бетінде жатқан заттардың орналасуы белгіленеді. Негізгі археологиялық зерттеу — қазба жұмыстарын жүргізу.

Қазба жұмыстарын жүргізу үшін қадақтардың көмегімен қазылатын жерді 1x1 немесе 2x2 етіп бөледі. Әр бөлікті нөмірлеп жоспарға енгізеді. Оны торлау деп атайды. Қазба жұмыстары қолмен жүргізіледі. Механикалық жұмыстар тазартылған топырақты өкету үшін ғана қолданылады. Әсіресе ағаштан жасалған, үгітіліп тұрған тұрақтарды қазу өте қиынға соғады. Әр түрлі мәдени қабаттарды сақтап қазу да қазба жұмысының күрделілігін көрсетеді. Қазба жұмыстарында сақтау, суретке түсіру, ойып алу, жоспарын жасау, анализге материал алу сияқты талаптар орындалады.

Экспедициялық материалдарды өңдеу кезінде табылған ескерткіштің уақыты, заттардың жасалу технологиясы, химиялық құрамы т.б. анықталады және де өңдеудің радиокоөміртектік, археомагниттік әдістері де қолданылады.

Археологиялық өңдеудің ең алғашқы кезеңі — жүйелеу (классификация) және түрге бөлу (типология). Барлық табылған заттар категорияға, топқа, класқа, типке, түрге бөлінеді. Жасалу материалдарына қарай оларды тастан жасалған заттар, керамика, сүйек, металл, ағаш және басқа деп бөледі. Әрбір категория алғашқы өңдеуден соң топқа бөлінеді. Мысалы: керамика — қолдан жасалған, қыштан күйдіру әдісімен жасалған т.с.с.

Табылған заттар жүйеленген соң, әрбір зат өлшеніп, оның қолданыстағы орны, қандай заттан жасалғаны, осындай қанша зат табылғаны есепке алынады.

Археологиялық заттарды зерттеуде этнография, тарих, фольклор, топонимика, генетика, кибернетика, филология т.б. сияқты ғылыми салалардың маңызы зор / 1,17-19/.

Қазақстандағы археологиялық ескерткіштер. Тас ғасыры — палеолит — көне тас ғасыры және неолит — жаңа тас ғасыры болып екіге бөлінеді.

Палеолит — төменгі, орта (мустье) және жоғарғы болып бөлінеді. Палеолит және неолит арасы мезолит /7, 21/ деп аталады.

Алғашқы адамдардың тас құралдары Оңтүстік және Орталық Қазақстанда табылды. Ашель кезеңіндегі Арыстанды өзені бассейнінен, Бөріқазған, Төңірқазған, Тоқалы-1,-2,-3 елді мекендерінен табылған заттар өте көне /7, 23/. Бұл дәуірдің құралдары қара және сұр жасыл шақпақ тастардан жасалып, ұсақ жұмыр тастар (галька) көп пайдаланылған.

Көбінесе шапқы құрал тастар қолданылған. Қаратау индустриясына осы тән. Орта палеолит ескерткіштері Қазақстанның барлық дерлік жерінде табылды. Адамның дамуы мен мәдениетінің өркендеуінде мустье ең жоғарғы дәуір болады. Нуклеустерді жасау күрделенді, еңбек құралдарын жасауға техникалық әдістер енгізілді. Мустье дәуірінің ең ірі жетістігі — адам үйкеу арқылы отты ойлап тапты.

Мустье дәуірінің жақсы зерттелген ескерткіші Оңтүстік Қазақстандағы Арыстанды өзені бойындағы Қарасу тұрағы. Тұрақты қазу кезінде шақпақ тас құралдары, нуклеустер, шапқылар, жабайы аңдардың сүйегі мен құстардың сүйегі табылған. Тұрақты бірнеше рет тастап, қайта айналып соққан, бірақ бұл бір хронологиялық мерзімге жатады.

Орталық Қазақстанда, Маңғышлақта, Ертістің жоғары бойында мустье ескерткіштері табылды.

Жоғары палеолит ескерткіштері көбінесе үңгір және ашық типтегі ескерткіштер болып келеді. Үшбас үңгірі мен Оңтүстік Қазақстандағы Қаратау жотасында (шурфовка — тік қазу) қара шақпақ тастан жасалған кескіштер табылған. Бизон, бөкен, қарсақ, түлкі сүйектері табылған.

Соркөл өзені жанында ашық типтегі тұрақ бар. Одан да нуклеустер, қырғыштар, пластиналар (тілік) табылған.

Шығыс Қазақстанда Бұқтырма бойынан ашық үңгір тұрақ табылған. Үңгірден ошақтың орны, еңбек құралдары, жануарлар сүйегі шықты. Әсіресе мамонт, мүйізтұмсық, жабайы ат, зубр, арқар, марал, қасқыр, қоңыр аюдың сүйек қалдықтары табылған.

Орталық Қазақстанда Тұран өзені бойынан, Төлкүм, Семізбұғы тұрақтарынан көп зат табылды.

Адамның негізгі өмір сүру құралы – аңшылық пен терімшілік болды. Осы кезде адам сүйек пен мүйізді өңдеуді үйренді. Күрделеніп, жетіле бастаған қарулар (сүңгі, найза) тас құралдары пайдаланылды. Тері өңдеу өркендеді. Үйде ұсталған қасқырды аңға салды /7,27/.

Қазақстандағы неолит ескерткіштері. Неолит дәуірінде адамдар садақты ойлап тапты. Аңшылықтың негізгі нысаналары – ұсақ жануарлар, құстар, кеміргіштер болады. Тас лезвиелер пайда болды немесе оларды микролит дейді.

Қазақстандағы неолит дәуірінде Батыс Қазақстандық вариант – кельтеминар мәдениеті бөлінеді. С.П.Толстов Оңтүстік Арал бойы; Узбой, Сарықамыс ескерткіштерін зерттеу нәтижесінде анықтады. Кейінірек кельтеминар мәдениеті Батыс Қазақстанда табылды. Ол б.д.д. IV ғ. соңы мен II мыңжылдық арасын қамтиды. Оңтүстік Қазақстан-нан табылған ескерткіштер (неолит дәуіріне) кельтеминар ескерткіштеріне жақын.

Қараүңгір үңгірінен табылған неолит тұрақтарынан заттардан ошақ, от жаққан орын, аю, арқар, қоян, борсық, қырғауыл, кекілік сүйектері мен сүйектен жасалған біз, ине табылған. Жануарлардың тістерінен, тас қабықшалардан істелген өшекейлер кездескен. Табылған керамика ыдыстары дөңгелек түпті, іші қызыл бояумен боялған, жоғары жағында штрих түрінде ою-өрнек берілген. Орталық Қазақстанда Сарысуда, Солтүстік Балқаштың маңайында, Қарағанды, Байқоңырда тұрақтар табылды.

Негізгі шаруашылық аңшылық, балық аулау болғандықтан табылған заттар осы шаруашылықпен байланысты болды. Үй жануарларын өсіру қолға алынды.

Энеолит кезінде алғаш рет мысты пайдалана бастады.

Қазақстанның өткенін зерттеуде I Петрдің жарлықтары өте үлкен роль атқарды. 1707 ж. I Петрдің жарлығымен Тобольск боярині С.Ремезов “Сібірдің сызба кітабын” жасады. Бұл кітапта географиялық мәліметтермен қатар қазақ даласындығы археологиялық ескерткіштер туралы мәлімет берілген. Г.Н.Потанин “Ремезовтің атласында” көне қалалар мен құрылыстар белгіленген деп жазды. Онда “На правом берегу Каратала, правого притока Тургая “град пустой”, на левом берегу Ишима, между реками Тесиргор и Тылкара “город каменный”, на реке Сарысу “мечеть” без собственного имени, на Иртыше – мечеть Булганата и мечеть Талмас-Ата, а также приведены надписи, обнаруженные в долине Черного Иртыша и в горах Тарбагатай” /8,316-319/ делінген.

1733 ж. Сібірге жасалған, Г.Ф.Миллер басқарған бірінші академиялық экспедиция есептерінде де мәліметтер бар. Экспедиция құрамында атақты ғалымдар Л.Делаклоер, И.Фишер, геодезистер А.Красильников, А.Иванов, М.Ушаковтар жұмыс істеді. 1768-1774 жж. елдердің тарихын, географиясын, этнографиясын зерттеудің екінші академиялық экспедициясы Урал, Сібір, Қазақстанда жүргізілді. Экспедицияға Б.С.Паллас, И.П.Фальк, И.Г.Георги, П.И.Рычков, Х.Барданестер қатысты.

П.И.Рычков “Топография Оренбургская” еңбегінде аралаған жерлердегі көне рудниктер, мыс, қорғасын кендері туралы жазды.

1771 ж. Н.П.Рычков (П.И.Рычковтың баласы) Торғай, Есілге жасаған саяхат күнделігінде қызықты деректер береді /7,8/.

1893-1894 жж. Талас, Шу, Ыстықкөл, Іле бойындағы жүргізілген В.В.Бартольд зерттеулері өте маңызды. Ол

жасаған “Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью” атты тарихи хабарламасы өте құнды дүние.

1862 жылдан бастап Қазақстанда В.В.Радлов Семей, Павлодар, Жетісу өлкелерінде зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады.

1867 ж. Археологиялық комиссияның тапсыруымен шығыстанушы П.И.Лерх Түркістан өлкесін зерттеді. Ол Сауран, Сығанақ және Жаркент қалаларында қазба жұмыстарын жүргізді.

1884 ж. Ф.Д.Нефедов Торғайда, 1889 ж. Э.Ю.Петри және С.Н.Назаров – Солтүстік Қазақстанда, А.Н.Харузин – Батыс Қазақстанда, Н.Н.Пантусов – Жетісуда, Е.Ф.Каль – Талас өңірінде қазба жұмыстарын жүргізді.

Түркістан үйірмесінің мүшелері К.А.Кларе және А.А.Черкасов 1904 ж. Отырарда қазба жұмыстарын жүргізді. Кеңес дәуірі кезінде археология тарих ғылымының дербес саласы болып қарастырылды. 1919 ж. заттық мәдениет тарихы академиясы туралы декретке қол қойылды. 1920 ж. Түркістанда музей, көне ескерткіштерді, онерді және табиғатты қорғау комитеті дүниеге келді.

М.Е.Массонның еңбектері Сайрам мен Түркістандағы Ахмет Яссауи мавзолейіне арналды. 1926 ж. Батыс Қазақстанда М.П.Грязнов қазба жұмыстарын жүргізді. Орталық Қазақстандағы қола дәуіріне байланысты ескерткіштерді зерттеген Нұра экспедициясын 1933 ж. Г.Рычков басқарған. Олар Нұра, Шерубай-Нұра, Жаксы, Жаман, Сарысу өзендері бойларындағы ескерткіштерді қазды /7,13/.

1935-1937 жж. С.С.Черников Қалба мен Нарын үстірттерін зерттеп, 16 көне жер асты қазба байлығы көздерін тапты. 30 жылдары Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға жасалған А.Н.Бернштам экспедицияларының маңызы өте зор болды. Қазақстан археологиясын зерттеудің жаңа кезеңі 1946 ж. Қазақ ССР Ғылым академиясының құрылған кезінен басталды.

Қазақстанда алғашқы экспедицияны ұйымдастырған Ғылым академиясының тарих, археология және этнология институты болды. Оны Ә.Х.Марғұлан басқарды. С.П.Толстов басқарған Хорезм археология-этнографиялық экспедициясы бір мезгілде Қызылорданы да зерттеді.

К.Ақышев басқарған Іле экспедициясы маңызды көп жұмыстар атқарды.

1960 ж. “Қазақстанның археологиялық картасы” жасалды. 1959 ж. Шардара археологиялық экспедициясы жұмыс істеді. Оған А.Г.Максимова, М.С.Мершиев, В.И.Войнберг, Л.М.Левина қатысты.

1969 ж. Шымкент облысында К.А.Ақышев басқарған Отырар экспедициясы жұмыс істеді /7,19/.

Орталық Қазақстанды археологиялық зерттеу. Орталық Қазақстанның археологиялық ескерткіштері өте ертеден белгілі. Олар туралы араб, иран, Орта Азия ғалымдары X-XVI ғ. (Ибн Фадлан, әл-Бируни, әл-Идриси, Мұхаммед Хайдар) жазды /9,9/. Орталық Қазақстандағы таңбалы тастар – Ұлытауда, Арғанат тауларында, Сарысу даласында, Қарқаралы тауларында көп кездеседі. Аттың тұяғы белгіленген тастарды “Тұлпартас” деп атайды. Орталық Қазақстандағы қышпақ тайпаларына жататын ескерткіштерді XIII ғ. саяхатшысы Рубрук жап-жақсы зерттеген. И.П.Фальк 1768-1773 жж. аралығында Солтүстік және Орталық Қазақстанды аралайды. Фальк экспедициясының белсенді мүшесі Х.Барданес болды. Ол Орталық Қазақстанды Петропавловскіден Амурға дейін зерттеген алғашқы ғалым болады /9,19/. Х.Барданестің 1825 ж. шыққан “Полное собрание ученых путешествий по России” атты жинақтың VI томында “Поездка Христофора Барденеса в Киргизскую степь по поручению академика Фалька” еңбегі маңызды болды. Ол Ембі, Тобыл, Аягөз өзендерінің жағалауындағы ескерткіштер туралы жазады. XVIII ғ. аяғынан бастап саяхатшылар Орталық Қазақстанға көптеп келе бастайды. Капитан И.Г.Андреевтің,

Телятниковтің, Безносиковтың, Путинцевтің, Г.Н.Потаниннің еңбектері осының дәлелі.

И.Г.Андреевтің “Описание средней орды киргиз-кайсаков” еңбегі (1785) “Всесоюзное географическое обществоның” құжаттарында сақталған. Орталық Қазақстанның тарихи ескерткіштері жөнінде Телятниковтың шығарған журналында да сақталған. Тау ісінің маманы Телятников пен Безносиковтің маршруттары Ямыш бекінісіне Түркістан, Бетпақдала мен Созақ арқылы, Нұра өзенін бойлай жүріп, олар әсіресе Нұра өзенінің бойында қорғандардың көп екенін жазады. Орталық Қазақстанның археологиялық кешендері туралы Филипп Назаров – Сібір корпусының аудармашысы, Сарысу, Бетпақдала, Есіл арқылы жүріп зерттеді.

Ол Орталық Қазақстанды Бетпақдаланың шығыс бөлігі арқылы басып өтті. “Кайсаки Чанчар-Каракисецкой волости вывозят на тракт к приходящим караванам выработанный свинец в слитках, они достают по близости гор сих, в большом количестве” /9,22/. Орталық Қазақстанның байлығы, ескерткіштері туралы офицерлер мен чиновниктер көп жазды. С.Б.Броневский, Л.Н.Герн, Набоков, Дарто, Фролов, Старков, М.Красовский, тау геологтары мен инженерлері Б.Ф.Герман, И.П.Шангин, Г.Розе, В.Ледебур, А.Гумбольд, Татаринов т.б. жазды.

1815 ж. тау инженері Б.Ф.Герман Қараторгай өңірінде отырықшы мәдениет қалдықтарын кездестіреді. “Олар Ұлытау жотасы бөктерінде де көп” деп жазады. Ең құнды деректерді тау инженері И.П.Шангин береді. Ол Петропавловскіден бастап Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Қарқаралы далаларынан бастап Солтүстік Балқашқа дейін жеткен. Осы маршрутта И.П.Шангин көп археологиялық ескерткіштерді кездестірген. Мыс рудалары, рудниктері, бейіт, қорғандар туралы жазады.

И.П.Шангиннің “Извлечение из описания экспедиции бывшей в Киргиз-Кайсакской степи в 1816 г.” атты еңбегі “Сибирский вестникте” жарияланған. Орталық

Қазақстанға 1822 ж. бастап ғалымдар көп келе бастады. 1822 жылдан (хан билігі жойылғаннан кейін) 1841 жыл аралығында бұл жерде ұлы ғалымдар А.Гумбольд, Г.Розе, В.Ледебур, Г.С.Карелин, А.И.Шренк болды. Тау инженерлері болғандарына қарамастан олар тарихи ескерткіштерге көп мән берді. Үстірт, Сағыз, Ембі, Үлкен Борсық, т.б. жерлердегі ескерткіштер туралы жазады. Қозы Көрпеш-Баян сұлу ескерткіші туралы көп дерек береді. Көптеген қираған қалалар туралы олар “край этот кипел некогда народонаселением и деятельностью” деп жазады.

Көне ескерткіштерді зерттеуге көп көңіл бөлген Г.Ч.Спасский болды. Ол Сібір мен Қазақстан археологиясы бойынша ғылыми мақалалар жазып, ескерткіштердің типі мен жүйесін жасап, оған классификация беруге тырысты. Г.И.Спасскийдің “Древности Сибири” және “О достопримечательнейших памятниках сибирских древностей” еңбектерінде Ертіс пен Орталық Қазақстан ескерткіштері туралы жазса, “О древних развалинах в Сибири” атты еңбегінде Орталық Қазақстанның археологиялық ескерткіштері туралы жазады. Орталық Қазақстанның археологиялық ескерткіштері туралы генерал С.Б.Броневский жазған. “Сібір қазақтары туралы устав” қабылдағаннан соң Орталық Қазақстанды басқарушы ретінде 1825 ж. Баянауыл, Қарқаралы далаларына Омскіден Аякөзге дейін сапарға барады. Ол қазақ халқының өмірімен, суару жүйесімен, ескерткіштерімен танысады.

С.Б.Броневскийдің “Записи о киргиз-кайсаках Средней Орды” деген мақалалар топтамасы маңызды. Орталық Қазақстанды археологиялық зерттеуге академик Қ.И.Сәтпаев көп еңбек сіңірді. Ұлытау, Арғанат тау бөктерлерінде Жетіқыз, Жыланшық, Бұлақты өзендері бойында көп ескерткіш тапты. Алтыншоқы тауынан Ақсақ Темірдің жазуы жазылған плита табады. Ол қазір Эрмитажда тұр. Қ.Сәтпаевпен бірге Баянауыл мен Көкшетауда геолог П.Л.Драверт жұмыс істейді. 1926 жылы Бурабай

өзені жанынан тұрақ тапты. Одан саз балшықтан жасаған ыдыстар, тас құралдар табады. 1928 жылы жазушы Г.Долматовпен бірге Жасыбай маңындағы жерден андронов мәдениетіне жататын тұрақ – поселение тапқан. 1929 жылы Бурабай курорты маңынан П.П.Жданов андронов мәдениеті ошағын тапты /7,45/.

Орталық Қазақстан андронов мәдениетінің негізгі ескерткіштерін құрайды. Мұнда жүздеген ескерткіштердің табылғаны мәлім. Орталық Қазақстандағы қола ескерткіштер ертедегі Нұра кезеңіне жатады /7,39/. Оған Ақшатау, Бұғылы, Байбала, Қосшағыл, Қанаттас, Ботақара обалары кіреді. Бегазы-Дөңдібай ескерткіштері Атасу, Нұра өзендері бойында, Қазақ үстіртінің тау аңғарларында орналасқан. Ішіндегі ең ірілері: Дарат, Атасу, Сартабай, Жамбай-Қарасу, Қарсақбай, Бұғылы-1 және Бұғылы-2, Сенкебай, Байбала тұрақтары 10-нан 30-ға дейін тұрғын мекендерді, шаруашылық құралдарды қамтиды. Ең ірісі Бұғылы-1 тұрағы. Көлемі 3,5 гектар. Тұрақты мекендер айнала дөңгелене орналасқан. Ортасында малға арналған қаша салынған. Ұзындығымен шығыстан батысқа бағытталған. Негізгі үй түрі жартылай жеркепе (полуземлянка) жерге 80 см дейін бойлатылған. Жер бетіндегі үйлер сирек кездеседі. Орталық Қазақстандағы үйлердің ерекшелігі – қабырғаларды гранит таспен беттеген. Көлемі – 80x40x6 және 140x90x8.

Кейбір жартылай жеркепелер тар коридорлармен жалғасады. Сондай-ақ дөңгелек, 8-ге ұқсас үй формалары да кездеседі. Табаны (едені) топырақ күйінде қалған. Ошақ тастардан жасалған. Жер үсті үйлері ағашы көп жерлерде салынған. Оларды салуға каркасты (қаңқа) және тоқу әдісі пайдаланылған. Табылған жер үйлерден мыс рудасы, шлактар кездеседі. Керамика, мыс, сүйек бұйымдары да табылады.

Ғалымдар Орталық Қазақстан ескерткіштерінің уақыты б.д.д. I мыңжылдық екенін дәлелдейді /9,45/.

Батыс Қазақстандағы қола ғасыры ескерткіштері. Батыс Қазақстан жерінде Қырғалды-1,-2, Тастыбұтақ-1, Тасты-бұтақ-2 тұрағы зерттелді.

Тастыбұтақ-1 тұрағын зерттеуді В.В.Сорокин басқарды. Ақтөбе облысының Новороссийск ауданының Тастыбұтақ шатқалында 57 оба табылған. Олар екіге бөлінеді: жер асты тастан жиналған қатар және жер үсті дөңгелек тастан салынған қоршау. Обалар (бейіт), көбі қазылған жер шұңқырлар, оны ағашпен жауып қойған, тас жәшіктерді салған. Дәстүр бойынша мәйіт жерленген, ал кейбір обаларда мәйітті өртеу кездеседі. Өлген адамды сол жағына немесе оң (бұл жағдай өте аз кездеседі) жағына қисайтып жатқызып, қолының саусақтарын бетіне қарата салған. Аяғын бүктеп, қысып қойған. Басын батысқа қаратып, ыдыстарға салып тамақ қойған, аздаған сәндік бұйымдар бар. Бейіт, қабірлердің жанында поселение (мекен-тұрақ) бар. Ол өзен жағасында орналасқан және бірнеше тік бұрышты жер кепе салынған. Қазған кезде шаруашылық шұңқырларын тоқыма шарбақтармен қоршап қойған. Тұрақтан сүйектен жасалған заттар мен керамика фрагменттері табылды /7,35/. Жерленген адам мен үш ыдыс табылған. Оларға талькімен немесе иректелген штампмен өрнек түсірілген. Бір ыдыс толқынды сызықтармен өрнектелген.

Неолит дәуірінде аңшылықпен, балық аулаумен қатар жер өңдеу мен мал шаруашылығы дами түседі. Тас өңдеу техникасы күрделенеді, тегістеу, қырнау, тесу, егеу әдістері қолданылады.

Адам еңбегі бірте-бірте күрделеніп, өндірісте саз балшықтан және керамикадан жасалған ыдыстар пайда болды. Адамдар садақты ойлап тапты.

Зерттеуші С.С.Черников Шығыс Қазақстан ескерткіштерін андронов мәдениетіне жатқызып, 4 кезеңге бөледі:

1) Усть-Бузон (XVIII-XVI ғғ.);

- 2) Қанай (XVI-XIV ғғ.);
- 3) Мало-Краснояр (XIV-IX ғғ.);
- 4) Трушников (IX-VIII ғғ.);

Шығыс Қазақстан ескерткіштерін ең алғаш рет жүйелеуге тырысқан – А.Г.Максимова. Ол қола дәуірін екі кезеңге бөледі: ерте (федоровский) және кейінгі.

Шығыс Қазақстаннан кейінгі қола дәуіріндегі ескерткіштер Трушниково селосынан табылған. Ол Ертістің сол жағына орналасқан, 5 мың шаршы км. жерді алып жатыр. Оның 100 шаршы метрі зерттелген. Жартылай көне үй бар. Жартысы сумен шайылып кеткен. Үйді тұрғызуға арналған дінгектердің орны табылған. Үйдің есігі шығысқа қараған. Ошақ тастан қаланған, формасы тік бұрышты, мөлшері 1x1,25 м. Осы жерден тағы бір үйдің орны табылған. Оның мөлшері 30 шаршы м., керамика, мыс, сүйек бұйымдары табылған.

Шығыс Қазақстанда қола дәуірінің ерте кезінде Қанай, Сарыкөл, Жаңажұрт, Қойтас тұрақтары кездеседі.

Шығыс Қазақстанда жерлеу орындары жер қорғандарда тас плиткалармен жасалған. Мәйітті өртеу де кездеседі. Жерлеу инвентары, саз балшық ыдыстары мен әшекейлер, қоладан жасалған заттар, әйнек моншақтар да бар. Қанай елді мекенінде жүргізілген қазба жұмыстарынан жартылай жер кепе мен оның аула орны табылды. Жер кепе тік бұрышты, 50 шаршы метр көлемдегі тұрақ. Үш ошақ орны кездескен. Кіретін есік жағы батысқа қараған және өзенге бағытталған. Тұрақтың орталық жағы бөлінген. Шығыс жағынан шаруашылыққа қажетті құрылыс салынған. Бұл жерден де мыс шлагі, үккіш, т.б. заттар табылған /7,41/.

Кейінгі қола дәуірінде Шығыс Қазақстанда негізгі материал керамика болады. Ол өрнектеліп, күйдірілген болып келеді. Шығыс Қазақстанда ең жақсы зерттелген тұрақ Усть-Нарым. Үш қабатты жоғарғы бөліктері бертін келе істелген. Төменгі қабатынан тастан қаланып, шұң-

қырлана жасалған 8 дөңгелек ошақ табылды. Шаруашылыққа арналған тереңдігі 80 см шұңқырлар жануарлардың сүйегімен толған. Сүйектен жасалған найзаның ұшы, балық аулайтын заттар, шақпақ тастан жасалған (тақта тас) тік бұрышты пышақтар табылған. Керамика өте аз, барлығы үгітілген. Сынықтарда шырша бейнеленген сызықтар, өрнектер кездеседі. Павлодардағы Ертіс жағалауындағы Пеньки-1,-2 тұрақтары зерттелді. Керамика заттары көптеп табылды. Олар б.д.д. III ғ. энеолит дәуірінде өмір сүрген.

Ертіс жағасындағы Солтүстік Қазақстанда Железинка тұрағы зерттелді. Өртелген қаңқалармен қоса ұзындығы 8-10 см-ге дейін жететін найза ұштары, сүйектен жасалған тұрмыстық және әшекей заттар табылған.

Солтүстік Қазақстанның археологиялық ескерткіштері. Қола дәуірінің соңында замараев мәдениеті көп таралды. Осы дәуірге жататын Бурабай, Ақкөл елді мекендері зерттеліп, шаруашылығы мен мәдениетінің дамуында көп өзгеріс бар екені белгілі болды. Тұрақтардан қоладан істелген орақ, жүн түтетін және жіп иіргіш құралдар табылды.

Ильинка-1 тұрағының көлемі 12x23 м, аузы шығысқа қараған, дәлізінің ұзындығы 2 м, ені 1,5 м. Жеркепе 80-90 см тереңдікте қазылған. Жерде 6 ошақ, маңайларында қалыңдығы 40-60 см бірнеше тас плитадан дөңгелете салынған қоршау бар /7,41/.

Солтүстік Қазақстанның ескерткіштері жалпы хронологиясы жағынан (андронов мәдениеті) үшке бөлінеді.

Ерте (федоров) кезеңге Бурабай, Бүйреккөл, Бұрлық-1 бөйіттері жатады. Олар тастан қоршалған дөңгелек және төртбұрышты формада, кейде ортасынан бөлінген, 5-10 см жерден үйінді төгілген. Ортасында жерлеу шұңқыры бар. Олардың қабырғалары ағаш, тас плиткалармен қоршалған.

Солтүстік Қазақстанның ерте қола дәуіріне мәйітті жағу көп кездеседі. Егер мәйіт жатқызылса оң немесе сол

бүйірімен батысқа қараған. Өртеу шұңқырдың сыртында жүргізілген. Сонан соң күлі оңтүстік шығыс немесе солтүстік шығыс жағына төгілген. Күлімен бірге саз балшықтан істелген ыдыстар, қола моншақтар, өшекейлер, инелер табылған. Ыдыстарының жоғарғы жағы өрнектелген. Ортаңғы Алакөл кезеңіне Алексеевский, Ефимовка, Петропавл тұрақтары жатады. Бұл кезеңде мәйітті жатқызу көп кездеседі. Ыдыстардың формасы мен өрнектері өзгерген. Ыдыстарында кертпеш, кемер (уступ) пайда болып, өрнек ыдыстың төменгі жағына салынатын болған. Өрнектері ромбы, тік бұрышты болып келген. Қоладан жасалған түйреуіштер пайда болған. Солтүстік Қазақстанның орта қола дәуіріне Чаглинка тұрағы жатады. Қазбалардан сегіз тәрізді, тік бұрышты бір және екі камералы мекендер табылған. 13,5 шаршы м көлемде қабырғалары ағаштан жасалған және кесінді ағаштармен бекітілген, үстінен күл төгілген. Бұл тұрғынның жылы болуы үшін ішкі құрылысы екіге бөлінеді. 1) ошақ басы; 2) малға арналған. Шаруашылық шұңқыр, құдық бар /7,42/.

Солтүстік Қазақстанның Тобыл өзенінің бойындағы Садчиков және Алексеев тұрақтары көп зерттелді. Алексеев тұрағынан 8 үй табылды. Барлық көлемі 250 шаршы м. Бағаналарға негізделген үйлер көп. Орталық ошақтан басқа бірнеше ошақ табылған. Жер үйлерге, малға арналған қотандар жалғасқан. Руданы өңдейтін, ерітетін құралдар табылған. Үйдің жанынан құрбандық шалатын шұңқырдың жан-жағы құрбандық шалуға арналған заттардың қалдығымен толған. Ол жерден ішінде ыдыстағы күйген дәндер мен үй жануарларының сүйегі табылды.

Археологиялық мәліметтер тұрғын үй, мекен-жайды зерделеуге көп себебін тигізеді. Қазақ тұрғын үйінің тарихы өте конде жатыр. Археологиялық қазба жұмыстары тұрғын үйдің формасының өзгеруін қола дәуірден бастап зерттеуге мүмкіндік береді /10,16/.

Тұрғын үйдің құрылысына шаруашылықтың өзгеруі, техниканың дәрежесі, әлеуметтік-экономикалық дамуы қатты әсер етеді.

Қола дәуірі кезінде Қазақстан жерін мекендеген тайпалар өндірістік шаруашылыққа – мал шаруашылығы мен егін шаруашылығына көшті. Қола дәуіріндегі тұрғын үйлердің ең жақсы зерттелген аймағы – Орталық Қазақстан. Осы аймақ бойынша 100-ден астам ескерткіш зерттелген. Елді мекендер өзен жағаларында, таудың сулы етектерінде орналасқан. Олар жартылай жер кепелер. Көбінесе тік бұрышты немесе шаршы, өредік дөңгелек формада болады. Көлемі 50-ден 200-250 ш.м-ге дейін. Бертінгі қола дәуірінде жер үсті құрылыстары да пайда болады.

Ондай құрылыстар саны 10-нан 30-ға дейін жетеді. Онымен жер кепелердің қабырғаларын салып, сыртын да қаптаған. Екі қабат тас тақтаның арасына ұсақ тас немесе балшық салған.

Кейбір құрылыстар ағаштан да салынған. Жылыту үшін ашық пештерді қолданған. Оларды да тастан салған.

Қола дәуірінің тұрғын үйі Батыс, Солтүстік, Шығыс Қазақстан жерлерінен де табылды. Орманды аймақта ағашты көп қолданған. Қайыңнан жеркепе қағып, үйдің қаңқасын жасаған. Оны дөңбек ағаштармен орнықтырып, жылы болу үшін қамыс шарбақтар мен қара топырақты пайдаланған. Батыс Қазақстанда негізінен тас қолданылды. Ағаш үйдің қабырғасы мен төбесін жабуға қолданылды. Негізінен үлкен тік бұрышты үйлер салынды. Сонымен бірге дөңгелек, 8-ге ұқсас үйлер де салынған. Соңғы қола кезінде өңделмеген шикі кірпіш қолданыла бастады.

XX ғасырдың 30-60 жылдарындағы қазақ тұрғын үйінің құрылысы /10,68-123/. Тұрақты үйдің, мекен-жайдың пайда болуына ауыл шаруашылығын коллективтендіру үлкен роль атқарды. Көшпелі халық

отырықшылыққа үйрене бастады. Мекен-жайдың 30 жылғы жаңа формасы — колхозды қазақ ауылы пайда болды. Колхоз типіндегі елді мекендер Қазақстанның әр жерінде әр түрлі дамыды. Мал шаруашылығы дамыған жерлерде үй құрылысы баяу жүрді. 1955-56 жж. этнографиялық экспедиция кезінде байқалғандай, ауылды колхозға айналдыру әсіресе, соғыстан кейін қызу жүрді. Колхоз орталықтарында жаңа қоғамдық және тұрғын үйлер көптеп салына бастады. Қатарлы немесе көшелі үйлер салынады. Орталық поселоктарда колхоз басшыларының, қызметкерлерінің, ауыл интеллигенциясының үйлері болса, ал фермаларда малшылар, жұмысшылар тұратын үйлер салынады. Жазда малшылар киіз үйлерде тұрады. Ол кезде құрылыс материалдары көбейді, сапасы жақсара түседі, тұрғын үйлер биік, көп терезелі, үлкен көлемді бола бастайды. Көп облыстарда саман кірпіштен салынған үйлер көп болды.

Әсіресе, зерттеушілердің айтуы бойынша шымнан жасалған үйлер көп кездеседі. Өйткені ол тез жасалынады және арзанға түседі. Семей, Қарағанды облыстарында жоспарлы түрде салынған үйлер көбейеді. Бірақ тұратын үй мен шаруашылыққа арналған үйлерді бөлуге үмтылыс байқалады дейді. Соңғы кездерде зерттелген аймақтарда екі немесе үш бөлмелі үйлер салына бастайды: төр үй (бөлмелер кейде үй деп аталынады), қонақ үй, ортасында ас үй және кіре беріс. Торғайда оны қарсы үй дейді. Ырғыз ауданында үлкен төр үйден кішкене демалатын демалыс үй бөліп қояды. Ауыз үй — ас үйге және пеш жағып, тамақ ішетін үйге бөлінеді. Үйдің басқа жағына жаздық немесе кілет үй (қыста қолданылатын) салады. Үйлерді плитамен, қазандықпен, пешпен жылытқан. Үй жабдықтарында ұлттық заттармен бірге қалалық жиһаз да пайда бола бастайды. Төсектерінде ұйықтамай, тек жүк жинап қоятын аймақтар да бар дейді.

XIX ғ. II жартысында Қазақстанда (Шығыс Қазақстанда) шаруашылықтың экономикалық өзгеруіне

байланысты қазақтар жерді игеруге, отырықшылыққа көп бейімделе бастайды. Орыс типтес деревнялар пайда болады. 1859 ж. Семей уезінің Уақ болыстығында 30 шаруашылық Семей әкімшілігі алдында өздеріне жер беруге өтініш жасап, орыс архитекторын жіберуді сұрайды. Оларға 8-11 десятина жақсы, 329 десятина нашар жер бөлінеді дейді. Бірақ мұндай сұраныстар патша үкіметі жағынан көп қолдау таппай, көбіне тойтарыс беріліп отырған. XX ғ. басына қарай қазақтар орыс селоларының жобасын кіргізе бастайды. Егер тошала, жер кепелер бұрыннан келе жатқан дәстүрлі үйлер болса, орыстармен араласқаннан соң, ағаштан кесіп, шауып салатын орысша типтегі үйлерді де сала бастайды. XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында екі және үш бөлмелі үйлер пайда болады. Тошала тамақ сақтайтын үйге немесе ас үйге айналды. Құрылыс материалдары — қамыс, тас, шикі кірпіш, саман, ағаш болды. Соңғы уақыттарда саман мен ағаштан жасаған үйлер көбейді.

Бай, ауқаттылар үш камералы үйлер салды. Жақтау салынған терезе тек бай адамдардың үйлерінде ғана кездескен. XIX ғ. сауданың даму нәтижесінде шыны тұрмысқа дендеп енеді. Тастан пеш салып, үйдің кіре берісінің оң не сол жағына орналастырған. Кейіннен саз балшықтан (глинобиттен) пештер салынады. XX ғ. орыстармен тығыз орналасқан қазақтардың үйлерінде нан салатын, тамақ істейтін пештер пайда болады, тіпті кірпіштен де пеш сала бастайды.

Үйді жарық қылу үшін ешкінің майын шамшырақ қылып пайдаланған. Кейіннен шамшырақ орнына керосин құятын лампаларды қолданады, кейде қолдан жасалған камод, шкафтарды тұтына бастайды. 1958 ж. И.В.Захарова бастаған экспедиция Оңтүстік Қазақстан облысын зерттеді. Зерттеу кезінде олар әрбір үйде, әсіресе жаз айларында киіз үйлерін тігіп, күн суығанша жықпай отырады деп жазады. Сырдария бойындағы

отырықшылыққа көшкен қоңыраттар киіз үй төрізденген жазғы үйді (доғара) түгелдей қамыстан жасайды, доғараның іші-сырты қамыспен сыланады дейді.

XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басында Оңтүстік Қазақстан облысының солтүстік аудандарында кірпіштен салынған там үйлер көбейе бастады. Алғашында мұндай үйлерді ауқатты адамдар ғана салды. Колхоздарға арналған үйлер белгілі жоспармен, қоғамдық қаржыға салына бастады. Жер кепе, доғара сияқты үйлер жойылып, екі, үш бөлмелі там үйлер пайда болды. Оңтүстік Қазақстандағы қазақтар қора-қопсыларын дуалмен қоршамайды. Шаруашылыққа байланысты қоралар саны көп болмайды. Мал қоралар тұрғын үйден бөлек салынып, дуалмен бөлінеді. Тұрғын үйлер төбесін бір қабат жадағай шатырмен жабады. Үйдің еденін балшықпен сылайды. Терезесі мен есігі оңтүстікке қаратылады, терезелері екі-үш жерден қабырғаларынан шығады. Қысқа қарай бұл үйлерге темір пеш орнатылады. Бұл маңдағы қазақтардың тұрғын үйлеріне өзбектер де әсер етті. Оларда өзбектен енген мейманхана, дәліз, үйдің алдына балшықтан биіктетіп салынған террасаны (сәнт) айтқан деді. Биік соқпа дуалдармен қоршау да Орта Азия халықтарына ұқсас. Ұлттық бұйымдар көп, кейбір үйлерде жүк бүкіл қабырғаны алады. Колхозшылар үй тұрғызу үшін “асар” әдісін көп қолданады деп жазады зерттеушілер /10,124/.

ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУДЫ ОҚЫТУДА ЭТНОГРАФИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ОРНЫ

Тарихи өлкетануды оқытуда этнография және этнология ғылымының маңызы өте зор. Әрине, өлкетанушы өз білімін этнография ғылымының қайнар көзінен бастайды.

Этнографиялық білімдердің қайнар көзі көне дәуірден басталады. Алайда ғылыми сала ретінде этнография XIX ғ. екінші жартысынан бастап қалыптасты. Көне Шығыс жеріндегі Мысыр, Бабыл, Парсы мемлекеттері өздерін қоршаған елдерге, халықтарға қызығушылықпен қарап, кейде олардың байлықтарының мөлшерін білу мақсатымен оларға соғыс ашса, кейде сауда байланысын орнатуға тырысты. Сол кезеңнің жазбалары мен сызбаларынан Алдыңғы Азия мен Солтүстік Африканың халықтары туралы көп деректер кездестіреміз /14,4-164/. Антикалық Греция мен Римде олардың гүлденген дәуірінде көршілері туралы, көршілес алыс-жақын жерлер туралы оларда нақты деректер көп болды. Геродоттың “Тарихында” б.д.д. V ғ. әр түрлі халықтар туралы мәлімет өте көп кездеседі. Страбонның “Географиясында” (б.д. I ғ. басында) Британиядан Индияға дейін, Скифиядан бастап Эфиопия елдеріне дейін сипатталады. Страбонның “Географиясында” 820 халық туралы айтылған. Юлий Цезарь жазбаларында кельттер туралы маңызды мәліметтер көп. Ол германдық тайпалар туралы да мәліметтерді көп жазған. Германдықтардың тұрмысын (б.д. I ғ.) Тацит терең сипаттайды. Осы этнографиялық мәліметтерді пайдалана отырып, олар ғылымның екі жағын қарастырады. Біріншісі – этнографиялық ілімді жинақтау. Екіншісі – оны сараптау, қорытындылау және соның нәтижесінде теориялар қалыптастыру, белгілі бір ғылыми жүйеге келтіру де аса

маңызға ие болды. Көне Шығыста ірі империялардың пайда болуына байланысты этнографиялық мәліметтер патшалардың дәрежесін көтеріп, қолпаштау мақсатында да пайдаланылды. Ассирия, Бабыл, Парсы ж.т. басқалардың, монахтардың жазуларында жеңіске жеткен халықтардың атын мақтап тізбелеу саяси мақсатта сол елдің басшысының ерлігін дәріптеу болды.

Антикалық Грецияда Геродоттың, Полибияның жазған тарихи концепциялары, Гиппократ, Демокриттің жаратылыстану ғылымы тұрғысынан адамға көзқарастары, Римдегі Лукреций Кардтың көзқарастары этнография ілімінің ең алғашқы туындылары десек қателеспейміз. Материалист ақын Лукреций (б.д.д. I ғ.) артта қалған, дамымаған халықтар туралы мәліметтерді пайдаланып, адам мәдениетінің дамуының толық концепциясын жасады. Оның еңбегі “О природе вещей” деп аталынады. Ал Карнелий Тацит германдықтардың патриархалдық тұрмысы туралы жазды. Антикалық авторлар халықтардың шығу тегін (этногенезін) жергілікті халық аңыздарына сүйене отырып қарастырды. Олар халықтардың мәдениеті, тұрмысы, әдет-ғұрпы туралы да тереңінен жазуға тырысты. Византия, Араб халифаты, Қытайда этнографиялық білім жинақтау орта ғасырда да тоқталған жоқ. Заманындағы осындай нақтылы географиялық, тарихи мәліметтерге сүйене отырып, б.д. 150 жылдары дүние жүзінің географиялық бейнесін топшылаған Птоломей картасы пайда болды. Геродот ерте кездегі Қазақстан жеріндегі халықтардың экономикасын, мәдениетін, салт-санасын бірсыдырғы дұрыс көрсетеді. Онда “Массагеттер жер шаруашылығымен шұғылданбай, тек қолға ұстаған малдарының етін жеп, сүтін ішіп, балығы мол Аракс өзенінен балық аулап күн көрді (Аракс – ол кездегі Каспийге құятын Амударияның бір саласы), мыс, алтын, қола сияқты металдарды пайдалана біледі” деп жазған. Ертедегі грек географы Страбон Каспийді үлкен теңіздің

бұғазы деп тапты. Ол Арал теңізін тұңғыш рет дұрыс көрсетті. Страбон: “Жер қазушылар Амудария жағасынан жанармай тауыпты” деп дерек берген. Ол “Каспийден Тянь-Шаньға дейін көшпелі скифтер және Каспий шығысын массагеттер, Амудария мен Сырдариялардың төменгі ағысындағы жерлерді Тянь-Шаньға дейін сақтар мекендеді” деп дұрыс жазады.

Европалықтардан Қарақорымға елшілік ретінде және дін жағдайымен өткен Платон Карпини бастаған монахтар болды. Олар француз қаласы Лионнан 1245 жылы 16 апрельде шығып, Орталық Европаны аралап, одан соң Каспийді жағалай жүріп, Сырдария және Іле бойымен Орталық Азияға өтті. Демек, Карпини Еуропаға Қазақстан туралы тұңғыш деректер апарды. Ол жүрген жолын толық сипаттап жазып отырды. Әсіресе, ол жазған көшпелі қазақ елі туралы географиялық-этнографиялық материалы құнды деректердің бірі болды. Мәселен, ол қазақтың киіз үйін, этнографиялық мүлкін, малын, ыдысын көп жазды. Көшпелілерде қой, жылқы, сиыр, түйенің көптігін атап өтті. “Ең бір дүниедегі малға бай ел, көшіп-қонып жүреді” деп жазды. Карпини саяхатында Моңғолдың астанасы Қарақорымдағы ұлы хан Құбылайда болып, ол туралы көп мәліметтер қалдырады.

1247 жылдың көктемінде Рим папасының моңғол ханына жіберген елшісі бұрынғы жолымен еліне оралды.

Людовик IX моңғол ханымен одақтасу мақсатында Қарақорымға Гильом Рубрукті жіберді. Ол Солтүстік Палестинадан шығып (1252-53), Қара теңіздегі Судан портында болады да, 1263 жылы Волга өңіріне дейін келеді. Бұдан кейін Шығысқа қарай Рубрук ұзақ уақыт қазақ даласымен сапар шегеді. Саяхатшы Арал теңізінің шығыс жағымен Сырдарияны бойлай жүріп, Қаратауға келіп тіреледі. Одан Талас, Шу, Іле өзендері бойымен Алатауды бауырлай жүріп, Жоңғар қақпасынан өтіп, Қара Ертіспен Орталық Азияға шығады. Саяхатшы Балқаш, Алакөл,

Жетісу өзені жайында маңызды деректер жазып қалдырады. Мысалы, “Талас пен Шу өзендері теңізге құймайды, жерге сінеді, ол жерлер батпақты, жері суарылады, оған жүзім өседі, бау-бақшалы, халқы меймандос” деп жазады. Рубрук Қарақорымдағы Ұлы хан ордасына 1254 жылдың 26 декабрінде жетеді. Келер жылдың 6 июнінде еліне қайтып, сол жолмен 1255 жылы 5 майда Европаға келеді.

1255 жылы Венециан көпестері ағайынды Николо мен Маффео Пололар (Марко Полоның әкесі мен оның інісі) моңғол ханына елшілік, сауда мақсатымен сапарға шығады. Бұлардың жолы Қырымның оңтүстігімен, Волга бойымен, Алтын Орда арқылы Каспий даласымен, Үстірт шөлімен, Хорезм арқылы Үргенішке шығады. Бұдан кейін Амудария, Заравшан бойымен Бұхарға, одан Иран елшісімен бірге Орта Азиядан шығып, Самарқандқа келіп, одан Сыр бойындағы Отырар қаласында болып, Іле бойымен орлеп, моңғолдың Құбылай ханына жетеді.

Демек, бұлар да Қазақстанға Қарақорым арқылы өтеді. Олар Моңғол, Қытай жерін аралап, 1269 жылы еліне оралады.

1270 жылы ағайынды Пололар тағы да Моңғолияға саудамен сапар шегеді. Бұл жолы Николо өзінің 17 жасар баласы Марко Полоны ертіп шығады. Бұлар Кіші Азия, Армения, Тигр, Бағдал арқылы Иранның Урмуз қаласын басып өтіп, Үндістан арқылы Қытайға кеп, Такла-Макан шөлінің оңтүстігіндегі оазистер арқылы 1275 жылы моңғол ханының ордасына келеді. Марко Поло 15 жыл ханға қызмет атқарады. Бұлар Батыс европалықтардың ішінен бірінші болып Қазақстан, Орта Азия, Таяу Шығыс, Орталық Азия жерлерін аралап мәліметтер жинайды. Марко Поло Қытайда 25 жыл тұрады. Қазақ халқының өдет-ғұрпын зерттеген орыс ғалымдары екені белгілі. Ол туралы осы оқу құралының 1, 2-ші тарауларында айтылған.

Этнография ғылымының негізгі зерттеу объектісі — дүние жүзінің халықтары. Этнос — халық, графейн —

сипаттау, жазу деген ұғымнан шыққан. Этнография жалпы сипаттама ғылым деп есептелінеді.

Этнографияның зерттеу объектісі — халық деген түсінік бірден келе қойған жоқ. Өткен уақыттарда кейбір ғалымдар этнографияның объектісі — адам, екіншілері — мәдениет, үшіншілері — қоғам деп есептеді. Әсіресе Ресейдің отаршылдық саясатына байланысты этнография тәуелді, шағын, “тарихи емес” халықтарды зерттейтін ғылым ретінде пайдаланылып, тарих ғылымына қарама-қайшы қойылып отырды.

Этнография археология, география, тіл білімі, антропология, мәдениеттану, тарих сияқты ғылыми салалармен тығыз байланысты. Шет елде этнографияны сипаттау және ілімдік деп бөледі. Батыс Европа мен Америкада этнография адамтану ғылыми жүйесіне, яғни антропологияға негізделеді. АҚШ-та бұл саланы мәдени антропология, Англияда әлеуметтік антропология деп атайды /1,42/. Жер шарын мекендеген үлкенді-кішілі халықтардың өздеріне лайықты ғана мәдениет болмыстары бар. Бірақ оның даму дәрежесі біркелкі емес. Этнографияда халықтарды нәсілдік жағынан кеміту, жабайы, артта қалған, дамымаған деп дәлелдеп, саналы және санасыз деп халық бөлу де орын алды /11,11-12/.

Тәуелсіздік алуымызбен бірге тарих ғылымына да жаңа леп, жаңа көзқарас, “бостандық” келді. Кеңес дәуірі кезінде идеология тығырығында болған ғылыми саланың бірі осы этнология болды. Сол себепті Қазақстан этнология ғылымында кадрлар өте аз қалыптасты. Қазақ халқының этнографиясының зерттелуіне көп үлес қосқан белді ғалымдарымыз академик Ә.Марғұлан, тарих ғылымдарының докторлары Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востров, И.Захарова, Ә.Масанов, қазір Қазақ ұлттық университетінде профессор, т.ғ.д. У.Х.Шалекенов, т.ғ.д., профессор Ә.Төлеубаев, Ұлттық Ғылым академиясының бөлім меңгерушісі, т.ғ.д. С.Әжіғали, т.ғ.д., проф.

Ж.Артықбаев, ф.ғ.д., проф. Н.Шаханова Қазақстандағы этнология, этнография саласының дамуына көп еңбек сіңірген ғалымдар. Осы ғалымдардың арқасында этнология және этнография саласында көптеген құнды еңбектер дүниеге келді. Атап айтқанда, олар мыналар: *А.Маргулан*. Казахское народное искусство. Т. 1-3, Алматы, 1986; *Казахская юрта и ее убранство*. Алма-Ата, 1965; *Х.Арғынбаев*. Қазақ халқының қол өнері. Алматы, 1987.; Историко-культурные связи русского и казахского народов //ТИИАЭ АН КазССР, 1959; *М.С.Муканов*. Казахские домашние художественные ремесла. Алма-Ата, Казахстан. 1979; *Казахская юрта*. – Алма-Ата: Кайнар, 1981; *Э.Масанов*. Кузнечное и ювелирное ремесло во второй половине XIX нач. XX вв. //ТИИАЭ АН КазССР. Т.12. Алма-Ата, 1961; *Казахское войлочное производство во второй половине XIX нач. X вв.* //ТИИАЭ АН КазССР. Т.6. Об этнографическом изучении Казахстана в России до 1845 гг. //ТИИАЭ АН КазССР. Т.6. 1959; *У.Шалекенов*. Казахи низовьев Амударьи. – Ташкент. ФАК, 1966, *Түріктердің отырықшы өркениеті*. Алматы, 2002; *А.Төлеубаев*. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-XX вв.). – Алматы, 1991; *С. Ажигали*. Генезис традиционной погребально-культурной архитектуры Западного Казахстана (на основе исследований малых форм). – Алматы, 1994; *Н.Шаханова*. Мир традиционной культуры казахов. – Алматы, 1998.

Халықтың тек қана тілін зерттеп, біз оны этнография деп айта алмаймыз. Ең алғаш этнография ғылымы шыққан кезде, яғни XIX ғасырдың екінші жартысында этнография “тарихи емес” халықтарды зерттейтін ғылым ретінде қолданды дедік. Мысалы, Қазақстанды, қазақ халқын алатын болсақ, ең алғашқы этнографиялық зерттеулерді Ресейдің құрамындағы ұлттық аймақ ретінде орыс ғалымдары, солар арқылы келген суретшілер, саяхатшылар зерттей бастады. Тәуелсіздік алуымыздың

арқасында этнология мен этнографияға деген көзқарас көп өзгерді. Қазіргі кезде этнология – халықтану, ал шетелдерде адамтану деп, антропология мен социологияның негізінде жасайтын ғылым деп есептеледі. Ал орыс ғалымдары этнографияға энциклопедиялық және әдістемелік деп 2 түрлі анықтама берді: С.П.Толстов “Этнография – тарихи ғылым. Бақылау арқылы өлемнің әртүрлі халықтарының мәдени-тұрмыстық ерекшеліктерін зерттейді, тарихи өзгерістерді, этногенезді, этникалық географияны және халықтардың мәдени-тарихи қарым-қатынасын зерттейді”. Ал ғалым С.А.Токарев “Этнография – тарихи ғылым, халықтардың тұрмысын, мәдениетін, халықтардың шығуын, этникалық тарихын зерттейді” деп анықтама береді.

Этнографияның зерттеу объектісі – “этнос”, халық. 1923 ж. С.М.Широкогоров “Этнос бір тілде сөйлейтін, өзінің шығу тегі бір екенін мойындайтын, салт-дәстүрі ортақ және оның басқа халықтардан мәдени-тұрмыстық ерекшелігі бар, өзіндік ерекшелігін сақтай білетін халық” деп анықтады. Этнография алғаш рет ғылыми пән ретінде Ресейде географиялық ғылымнан бөлінді.

Ең алғаш рет этнологияны басқа ғылыми салалармен қатынаста қарастырған этнолог ғалым, әлеуметтік мектептің өкілі Э.Дюркгейм болды. Ол этнология саласын ғылыми сала және әлеуметтік пәнмен (социология) тығыз байланыста деді. Батыстық көзқараста этнология – халықтар туралы ілім, ал этнография сол ілімдік нәтижелердің эмпирикалық белгілері деушілік басым. К.Леви-Стросс еңбектерінде этнография, этнология және антропология адам мәдениетін оқып-танудың үш кезеңі деп қарастырылады.

1. этнография – далалық зерттеуді жүйелеу және сипаттау;
2. этнология – географиялық, тарихи, жүйелілік бағыттағы синтездеу;

3. антропология — адамды тануға бағытталған ғылым.

Сөйтіп К.Леви-Стросс этнография, этнология, антропологияны бір бағытта қарастырады және ол ғылымның әр түрлі кезеңдегі даму дәрежесін көрсетеді.

Орыс ғылымында этнография мен этнологияны синоним ретінде қарастыру орын алды. XX ғ. соңында этнография ғылымында этнологияға дұрыс көзқарас қалыптаспай, ақырында этнография басым термин болып қалды.

Этнология этнопсихологиямен, этнопедагогикамен тығыз байланысты.

Этнологияның зерттеу объектісі — этнос. Этнос дегеніміз — адамдардың еркі бойынша емес, табиғи-тарихи процесс нәтижесінде пайда болған әлеуметтік топтасудың айрықша бір түрі. Әр этносқа тән белгі — олардың елеулі тұрақтылығы. Әр этностың белгілі бір ішкі бірлігі болады. Жеке этносты құрайтын адамдардың өзіндік санасезімі, олардың өзара идентификациясы (бір-біріне жақындығы) өздері тәріздес қауымдастықтардан “біз және олар” дейтін антитеза формасындағы айырмашылықтары өте үлкен орын алады. Этнос — адамға тән құбылыс. Ал нәсілдік — биологиялық құбылыс.

Біздің планетамыздың тұрғындары әртүрлі қауымдастықты құрайды. Олардың ішінде мәдени маңыздылығымен және тұрақтылығымен орын алатыны — этнос. Этнографиялық әдебиеттерде “этнос” термині бұрыннан пайдаланылады. Бірақ адамдарды ерекше қауым ретінде қарастыратын ғылыми түсінік тек соңғы онжылдықта қалыптасты. Қазіргі этнологияда бұл түсінік этникамен тығыз байланысты. Соңғы жылдар аралығында әлемде бұл мәселеге байланысты ғылыми мақалалар көп жазылды. Нәтижесінде этникалық түсінік саясаттану, тарих, этнология, әлеуметтану ғылымдарында сақталды.

XX ғасырдан бастап әлемдік көзқараста индустриализацияның, демократизация мен азаматтық қоғамның

дамуы нәтижесінде этнологиялық фактор адам өмірінде өз мәнін жояды деп келген болатын. Бірақ тарихи тәжірибеде этника онымен тығыз байланысты этноцентризм, ұлтшылық жоғалмай, керісінше, қазіргі әлеуметтік-саяси, мәдени өмірде өзінің маңызын күшейтті.

Этнос термині ежелгі грек тілінде пайда болған. Ол халық, тайпа, адамдар тобыры, жат жерлік тайпа, ру деген мағынаны білдіреді /12,83/.

Шамамен, б.д.д. VI-V ғасырларда этнос ұғымы “гректерден басқа” тайпаларды атауға арналған. Осы мағынасында рим мәдениетінде латын тілінде қалыптасады. Латын тіліне енгенде этнос термині этникалық деп ауысады, яғни христиандық емес деген мағынаны білдіреді.

XVIII ғасырда этнос түсінігі шектеулі болды, тек XIX ғасырдан бастап халық деген ұғымды білдірген. Бұл неміс этнолы А.Басиннің еңбегінің арқасында деуге болады. Ол халықтық пен этникалық деген сөздерді синоним ретінде қарастырды. Яғни, мағынасы бір деген сөз. 1920 жылдан бастап этнос теориясына көп үлес қосқан орыс этнолы С.М.Широкогоров болды. Ол: “этнос — адамзаттың өмір сүру және даму формасы” дейді. Оның анықтауы бойынша, этнос деп бір тілде сөйлейтін, тегінің бір екенін мойындайтын, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды игерген, басқа адамдардан өзгеше адамдар тобын айтады. 1960 жылдары ғалымдар этникалық проблемаға қайтадан оралды. Бұл кезде этнологиялық терминдер кең қолданылды. Орыс этнологиясында “этнос” термині “халық” мағынасында бекіді. Ал “этностық” деген термин этнологтардың таласын тудырды. Бұл термин батыс этнологиясының ғылымынан еніп, этникалық топтарға тән сипаттың біртұтастығын білдіреді /12,84/.

1960 жылдардан “этникалық” деген термин терминологияда толығымен ғылыми айналымға енеді, бірақ пікірталастар әлі күнге дейін толастаған жоқ. “Этнос”, “этникалық” деген терминдерді көп ғалымдар талдауға

кірісті. Барлық көзқарастарды екі топқа бөлуге болады. Ол этносты әлеуметтік құбылыс ретінде түсіндіру және оны жаратылыстанымдық ғылыми позицияда түсіндіру. Бірінші топқа үстем концепция болып табылатын этнос теориясын жасап шығарған Ю.В.Бромлей бастаған ғалымдар тобын жатқызуға болады. Ал екіншісіне Л.Н.Гумилевті және оның ізбасарларын жатқызады /13,260/.

Ю.В.Бромлей мен өзгелерінің көзқарасы бойынша этнос әлеуметтік тарихи қауым, өзге аналитикалық қауымдардан ерекшеленетін, өздерінің ұғымды өмір сүруінің айрықша формасы ретінде қарастырылады. Ал Л.Н.Гумилев этносты әлеуметтік емес құбылыстар қатарына жатқызады. Ол “этнос бірнеше формацияда өмір сүре алады” дейді. Л.Н.Гумилев өз тұжырымында В.И.Вернадскийдің биохимиялық энергия туралы концепциясына сүйенеді. Л.Н.Гумилевтің пікірі бойынша “этнос биосфера феномені бола отырып, биохимиялық энергиямен тығыз байланыста болады”. Энергияны қабылдау этногенездің әр түрлі кезеңдерінде әр қилы болып келеді және бұл пассионарлықпен, субпассионарлықпен байланысты /13,260/.

Л.Н.Гумилевтің пассионарлық-этнос теориясы бойынша “этнос – физикалық шындық” дейді. Этносты географиялық құбылыс ретінде қарастырады. “Адам – планетадағы биосфераның бір бөлігі. Этнос сыртқы ортамен байланыста болады. Ол дами отырып экологиялық апатқа ұшырауы мүмкін”. Оған мысал ретінде Месопотамиядағы, Мысырдағы ежелгі өркениетті келтіреді. Экологиялық апат – этностың күйреуіне бірден-бір себеп. Этнос барлық биосфералық процесте болады. Этностың келесі сипаты энергиямен байланысты. Әрбір мыңжылдықта энергияның нәтижесінде жақын микромутациялар туады. Соның нәтижесінде ерекше пассионар адамдар туады. Этностың дамуы, өсуі кезінде әр түрлі сатылардан өтеді.

Л.Н.Гумилев: “Этнос – өздерін өзге аналогиялық ұжымдарға қарсы қалпын берік, табиғи жолмен қалыптасқан адамдар ұжымы және бұл комплиментарлық сезімталдықпен анықталады. Әрі тарихи уақыттарда заңдылықпен өзгеріп отыратын өзіндік стереотипті мінез-құлықтарымен ерекшеленеді” деп этносқа анықтама береді: Әрине, оның этносты әлеуметтік емес деп қарастырганы біржақты пікір дейді Т.Фабитов. Өйткені, этнос әлеуметтік қауым және тарихи заңдылықтарға сай өзгеріп, әлеуметтік өлшемде өмір сүреді.

Қазіргі этнология ғылымында зерттеу аспектісі мен методологиясына байланысты басқа да әр түрлі этнос теориялары қалыптасқан. Олар: Ю.В.Бромлейдің этностық-дуалистік концепциясы; Н.Н.Чебоксаров және С.А.Артуновтың этностық-ақпараттық концепциясы; Г.Е.Марков пен В.В.Пименевтің жүйелі-статистикалық теориясы.

Л.Ю.Бромлейдің дуалистік этнос теориясы бойынша “дуалистік” деген сөз екі жақты деген мағынаны білдіреді. Ол, біріншіден, этносты этникалық сипатқа байланысты: тіл, мәдениет, сана; екінші жағынан, этникалық элементті қалыптастыратын табиғат, территориялық, экономикалық, әлеуметтік, мемлекеттік, құқықтық байланыс жүйесін құрайды. Ю.Бромлей этносты екі мағынада бөліп қарастырады. Этнос тар мағынада этникос деп аталып, тек өзінің этникалық сипаты шеңберінде қарастырылады. Ал “этнос” кең мағынада “этноәлеуметтік организм” деп қарастырылып, оған этникалық элементтерді және оған оны тудыратын жағдайларды кіргізеді /12,85/.

Н.Н.Чебоксаров пен С.А.Артуновтың ақпараттық этнос теориясы былай негізделеді: “Бұнда қоғамда ақпараттар толқыны реттеледі, басқаларға қарағанда этносқа байланысты ақпараттар көп, тез беріледі. Тайпадан халыққа дейін ақпараттар әр түрлі болады және тарихи дамуда өсіп ұлғаяды”.

Примордализм теориясының жақтастары “белгілі бір топқа жатуды сезіну генетикалық код дәрежесінде қалыптасады және ол сезім тарихи эволюцияның ерте кезеңдерінің жемісі, адамдардың тіршілік етуге ұмтылысынан туған” дейді. Примордалистік тұрғыдағы теориялар екі бағытқа бөлінеді: 1) табиғи; 2) эволюциялық-тарихи. Олар этникалық топтардың пайда болуын эволюционизм идеяларымен түсіндіреді. Оған генетикалық және географиялық факторларды жатқызады. Пьер Ван де Берге этникалық деген ұғымды адамның туыстық қатынасқа икемділігінен туған деп, социо-биологиядағы “непоизм” деген ұғымға сай деп түсіндіреді. Оның негізгі мәні альтруистік мінез-құлық (өзін-өзі құрбандыққа әкелу) қалыптасуда тұқым қуалаушылықтың берілуіне әкеп саяды. Этникалық деген ұғым, қарапайым тілмен біреуге көмек беру арқылы, өзінің гендік қасиеттерін қалдыру, яғни, ол туыстық қарым-қатынастағы топ /12,92-96/ деп тұжырым жасайды.

Инструментализм бағыты 70-жылдардың ортасында тарай бастады. Ол адамдардың тарихи-саяси аренадағы бірлікке, билікке ұмтылудағы бірлігін, топтасуын қарастырады. Олар мәдениет ерекшеліктері, құндылықтар белгілі бір элиталық топтың ғана құралы деп қарастырады.

Конструктивтік бағыт – 70-80 жылдары АҚШ, Австралия, Канада мемлекеттерінде қолдау тапқан бағыт болды. Мәдени ерекшеліктеріне қарай халықтардың топтасуын және белгілі бір этникалық шекараға байланысты дамуын айтады /12,98/.

Г.Е.Марков және В.В.Пименовтің жүйелі-статистикалық немесе компоненттік теориясы өте маңызды. Онда “этнос” тарихи қалыптасқан өзін-өзі басқаратын әлеуметтік жүйе ретінде қарастырылады. Ол түрлі күрделі компоненттерден тұрады. Оған жататын: 1) этноним – этностың өзіндік аты. Этнонимді политоним, топонимдерден ажырату керек. 2) этномәдени ерекшелік: тіл, дін, өнер, әдет-ғұрып, этикет жатады. Сол себепті барлық

халықтар “біз” және “олар” болып бөлінеді. 3) антропологиялық белгілер. 4) ортақ территория. Этнологияда үш тарихи этнос типі айқындалады. Оған: тайпа, халық, ұлт жатады. Тайпа – алғашқы қауымдық кезеңде; халық – құл иеленушілік дәуірде және феодалдық кезеңде пайда болған; ұлт – капиталистік қоғамда қалыптасты. Қазір әлемде осы үш типтің де көрінісін байқуға болады /12, 87/.

Этнос құрылымы. Егер этностың құрылымына келсек, ол төмендегідей болып бөлінеді:

1) Жеке этникалық. Ол этникалық қауым мен этноәлеуметтік организмнен тұрады. Бұған этникалық қасиеттерді сінірген адамдарды, яғни жеке адамдарды жатқызамыз.

2) Микродеңгей. Отбасы. Ол микроэтникалық бірліктен тұрады. Оған этникалық белгілерді жеткізетін отбасын жатқызамыз.

3) Макродеңгей. Бұны “субэтникалық” деп атайды. Басқаларға қарағанда этникалық белгілері көмескі, бірақ этникалық қауым мәдениеті бар екені сөзсіз. Бұған мысал ретінде Америкадағы қара нәсілділерді жатқызуға болады.

4) Методеңгей. Бұған суперэтносты жатқызамыз. Мұнда этникалық белгі ерекшелене бермейтін, жалпы этникалық қауымдастықтан тұрады. Мысалға ислам әлемі мен Еуропа қауымдастығын жатқызуға болады /12,87/.

Қазіргі ғылымдағы “этникалық” ұғымын зерттеу – өте маңызды мәселеге айналды.

Этносты жасанды құруға болмайды. Этностың негізі – адамдар, яғни олар бір-бірімен өзара қарым-қатынасқа түсетін, этникалық ерекшелігін сезінетін топ. Этникалық ұғымын зерттеуде Норвегия ғалымы Фредерик Барт маңызды еңбек етті. Этникалық – этностың өзгеше мәдени формасы. Оның айтуынша, туыстық тағы басқа критерийлер анықтаушы роль атқара алмайды. Этникалық қалыптасудың қажеттілігінің бірден-бір көрінісі ол – “біз”,

“олар” қатынасының тууы, басқа халықтармен өзін-өзі салыстыруы. Адамдардың тарихи отаны “біз” бен “біз еместерді” анықтайды және қалыптастырады. Этникалық ұғымының айрықша формасы ретінде “мен” концепциясы туындайды.

Қоғам тұрақты кезде “мен” біртіндеп төмендейді, дағдарыс кезінде күшейеді. Этностық түсінік генетикалық, әлеуметтік бірлікте “біз”, “біз емес” салыстырулары кезінде анықталады. 1970 жылға дейін “этностық” термині кең таралмады. 1970 жылдардан бастап түрлі этнос теориялары туды. Соның қатарында: 1) примордиалистік; 2) инструменталистік; 3) конструктивтік теориялары бар.

Примордиализм ағылшын тілінен аударғанда алғашқы, бастапқы деген мағынаны білдіреді. XIX ғасырда Германияда пайда болған. Бұл терминді XX ғасырда айналымға енгізген Э.Шилз. Бұл терминді ішкі отбасылық қатынасты сипаттауға қолданады. Американ антропология К.Гирц былай дейді: “Әр қоғамда кейбір бағыныштылық табиғилық сезімнен туады”. Кейбіреулер оны рухани жақындық деп, ол әлеуметтік қарым-қатынастан тыс қалыптаса береді.

Көп деректі этнографиялық монографияны 1715 жылы Григорий Новицкий жазды /23/. Ол тек XIX ғ. аяғында жарияланғанына қарамастан, оның жазғандары XVIII ғ. бастап ғылыми айналысқа енді. Г.Новицкий әлемдік этнографиялық зерттеушілердің алғашқыларының бірі деп саналады. XVIII ғасырда Ресейде этнографиялық білімнің дамуына көп үлес қосқан ғалым В.Н.Татищев (1686-1750). Ол этнографиялық бағдарлама жасап, анкета сұрақтарын түзушілердің бірі болды. Оның еңбегінде бүкіл Ресей халықтарын сипаттап, этнографиясын зерттеуге алғашқы қадам жасалады /24/.

Этнография XX ғасырдың 30-шы жылдары дүниежүзі халықтары зерттейтін ғылыми салаға айналады. Ғалымдар төрт жылда бір жиналып, конгресс өткізіп тұрды. Олар антропология мен этнография бойынша

бірнеше халықаралық ғылыми конгресс ұйымдастырды. Бірінші конгресс 1934 жылы Лондонда, екіншісі 1938 жылы Копенгагенде, 1948 ж. Брюссельде, 1956 ж. Филондельфияда (алғаш рет орыс ғалымдары қатысты) өтті. 6-шы конгресс 1960 ж. Парижде, 7-шісі 1964 ж. Москвада, 1968 ж. Токиода, 1973 ж. Чикагода, 1978 ж. Делиде өтті. Олар үш бағытта (антропология, музеология, этнография) жұмыс істеді /15,15/. Музейлерде этнологиялық бөлімдер, академиялық жоғары оқу орындарында этнология салаларына қарай кафедралар ашылды.

Этнология деген сөз грек тілінен аударғанда “халықты зерделеу” деген сөз, яғни әлем халықтары туралы ілім, ғылыми сала. Этнология терминін 1784 ж. А.Шаванн енгізді. Бұл термин XIX ғ. 20-30 жылдары тарады. Ал оның таралуына себепкер болған ғалымдар В.Эдвардс және А.М.Ампер. Археология, тарих ғылымдары сияқты этнологияның да ғылымда алатын орны өте үлкен.

XIX ғ. 30-40 жылдары Европа мен Азия елдерінде этнологиялық алғашқы ұйымдар құрыла бастады. “Этнологтардың Париждік ұйымы” 1839 ж. құрылды, 1842 ж. “Американдық этнологиялық қоғамы” құрылады.

XIX ғ. ортасынан бастап этнологияны халық туралы, ал антропологияны адам туралы ілім деп бөле бастады. Сол себепті, 1869 ж. Германияда “Антропология, этнология қоғамы”, 1871 ж. Италияда “Италиядағы антропология мен этнологтар қоғамы” құрылды. 1875 ж. Парижде Халықаралық конгресс өтіп, антропология, этнология, археология секциялары жұмыс істеді. Кейіннен этнологтар мен антропологиялардың қоғамы құрылып, 1934 жылы конгресс өткізді. Кейіндері этнологияны әлеуметтік антропология ғылымымен де құрамдас сала ретінде қарастырды.

Этнология ғылымының мектептері мен бағыттары.

1) Эволюционизм — (латынша тез даму). Оны ең алғаш қолданған Л.Океан. Оның қолдаушысы Ж.Ламарт, Ч.Дарвин. Эволюционизм аясында бірнеше бағыт қалыптасты /16,10-14/.

а) Мәдени-тарихи бағыт. Л.Г.Морган, М.М.Ковалевский, Э.Тейлор, Липперт. Олар қоғамдық өмірдің даму сатыларына өте қатты мән берді. Әлеуметтік күрделі сатыларды қарастырып, оларға негіздеме жасауға тырысты.

б) Биологиялық бағыт. (А.Бастиан, Т.Ахелис.) Эволюция заңдылықтарын негіздей отырып, ғылыми қоғамдық салаларға жаратылыстану принциптерін енгізді.

2) Әлеуметтік бағыт (О.Конт, Э.Дюркгейм, И.Баховен, К.Штарке). Олар отбасы, әлеуметтік жағдай, жеке меншік, еңбек бөлінісі, яғни қоғамдық-әлеуметтік институттардың қатынасын зерттейді.

3) Географиялық бағыт (О.Пешель, К.Р.Андре, Н.И.Надеждин). Олар тарихи географияның әр түрлі аспектілеріне жүгінді.

XIX ғ. соңында эволюция мектебі ыдырай бастады. Оның орнын тарихи және антропогеографиялық мектептер басты.

Диффузионизм – латынша тарату. Этнографиядағы негізгі бағыттардың бірі. Оның негізгі бағыттары:

а) тарихи-географиялық бағыт (Э.Норденшель). Бұл бағыт негізінен Скандинавия елдерінде тарады.

б) мәдени шеңбер туралы ілім (Ф.Гребнер, В.Шмид, В.Коперс).

в) мәдениет ареалы теориясы (К.Уислер, Э.Сепир, К.Кребер). АҚШ-та туған бағыт, негізгі теориялық тезисі – географиялық орта мен мәдениеттің дамуы тығыз байланысты.

г) гелиолитикалық бағыт өкілдері (Г.Эллиот-Смит, У.Перри, У.Риверс) барлық мәдениетті көне Египеттен таратады /16,6-19/.

Эволюционизм XIX ғасырдың ортасынан бастап, сол дәуірдегі жалпы методологиялық және ғылымдық өзгерістермен, жаңалықтармен тығыз байланыста болды. Бұған әсіресе жаратылыстану саласындағы еңбектер көп әсер етті. XIX ғ. жаратылыстану ғылымындағы өзгерістер

Дарвиннің эволюция теориясымен ұласты. Эволюционистер өз теорияларында адам мәдениеті дамуының негізгі заңдылықтарын әр түрлі халықтардың мәдениетінің дамуымен салыстыру арқылы шешуді міндет етіп қойды. Эволюционизм идеясы өзінің жақтастарын әр мемлекеттен біріктірді. Англияда – Герберт Спенсер, Эдуард Тайлор, Джеймс Фрезер, Германияда – Адольф Бастиан, Теодор Вайц, Генрих Шуц, Францияда – Шарль Летурно, АҚШ-та – Льюис Генри Морган. Осы адамдардың зерттеулері арқасында мәдениет түрлен, формадан, толық, жүйелі, тарихи заңдылықтарға бағынатын мәдениетке айналды.

Эволюционизм мектебінің негізін қалаушы ағылшын ғалымы Эдуард Тайлор (1832-1917) болды. 1865 ж. ол өзінің “Адамзат баласының көне тарихындағы зерттеулер” атты кітабында эволюционистік идеяларын кеңінен жазды. Бұл кітабында ол адам баласының мәдениетінің алғашқы қауымдық құрылысы кезеңінен қазіргі өркениетке дейін прогрестік жолмен дамидынын айтты. Тайлор өзінің эволюционистік концепциясының көзқарастарын дүние жүзіне әйгілі болған “Алғашқы қауымдық мәдениет” (1871) атты кітабында да жан-жақты жазды. Бұл кітап бүкіл әлемдік қолдауға ие болды. Бұл кітабында ол Ж. де Местрдің “қайта туу теориясына” қарсы пікір айтты. Местрдің теориясы бойынша “мәдениет жартылай мәдениетті адамдар нәсілі жер шарында пайда болғаннан соң дами бастады, осыдан соң дамудың екі жолы: алғашқысы – кері, жабайылар қоғамынан, екіншісі – алға, өркениетке жылжу жолы болды” дейді.

Тайлор мәдениетке әр түрлі катаклизмдердің ықпалын жоққа шығармайды. Бірақ адамның тарихи дамуының негізгі эволюциялық мәдени даму жолы дейді.

Негізгі эволюционизм идеясы – адам табиғаттың бір бөлігі және табиғат заңдылықтарымен бірге қайнаса өмір сүреді. Тайлор мәдениет қарапайым дамудан күрделі дамуға көшеді дейді. Ол әсіресе, діни наным-сенімдерге

көп көңіл бөлді. Рухани тіршіліктің бар екеніне сенетін анимизмдік (анимизм – дүние, өмір) бағытты анықтады. Тайлор тарихи даму мен мәдениеттің прогреспен дамып қалыптасуын қатар қойды.

Эволюция теориясы классиктерінің бірі – ағылшын философы, биолог, психолог, социолог Герберт Спенсер (1820-1903) өзінің “Социология негіздері” еңбегінде (1876-1896) “мәдениетке сыртқы факторлар (қоршаған орта, көрші мәдениеттер) және ішкі факторлар (адамның табиғаты, нәсілі, психикалық қасиеттері) әсер етеді” дейді. Ол ең бірінші болып “артта қалған мәдениетті жасайтын қоғамдағы ақыл-ойы кемтар адамдар” деген гипотеза жасады. Адам мен табиғат арасындағы байланысты көрсете келіп, адамның табиғи бейімделу кезеңіне отетінін айтты. Спенсер қоғамның тарихи дамуын екі негізгі сипатқа бөледі:

1. Дифференциация (бүтіннен бөлшекке айналу немесе саннан сапаға көшу).

2. Интеграция (мәдениет саласындағы келісу механизмі).

Ол ең алғаш рет ғылыми айналымға “мәдени құрылым”, “функция”, “мәдени институт” деген ұғымдарды енгізді. Неміс этнологиясының негізін салушы, эволюционизм идеясын жақтаушы Адольф Бастиан (1826-1905), ірі теоретик, оның негізгі идеясы “адам тарихи даму кезінде жетіліп, дамып өседі”. Ол әлемнің түкпір-түкпіріне тоғыз рет экспедицияға шығып, жинаған материалдарын жүйелеуге тырысты. Халықтарды зерттеуде Бастиан психологияға қатты көңіл бөлді. Ол алғашқы қауымдық құрылыстағы адамдардың психологиясы қазіргі адамдарға өте ұқсас болған дейді. Олардың табиғи, тарихи-географиялық ортаға бейімделуі бірыңғай деп түсіндірді. “Барлық халықтар бір-бірімен ұқсас, бірақ әр халық өз идеясын, мәдениетін қалыптастырады. Әр халықтың дамуы дөңгелек шеңбер тәрізді. Егер халық табиғи ортамен,

географиялық ортамен тығыз байланыста болса, тарихи өзгерістерге аз ұшырайды” деп жазады.

Оның теориясында психологизация мен биологизация бірге жүрді. Бастиан адамның ақыл-ойына ерекше мән берді. Этнологияны ол жаратылыстану ғылымына жатқызды. Эволюционизм негізін қалаушылардың бірі – Америка ғалымы Льюис Генри Морган (1818-1881). Морган өмірінің 40 жылын АҚШ үндістерін зерттеуге жұмсады. Басқа да халықтарды көп зерттеді. Оның “Көне қоғам” (“Древнее общество”, 1877), “Алғашқы қауымдық қоғам” (“Первобытное общество”, 1871) еңбектері өте құнды. Бұл еңбек үш маңызды мәселені:

1) адамзат тарихындағы қауымдық құрылыстың орны мен ролін;

2) отбасылық-некелік қарым-қатынасты;

3) адамзат баласының даму кезеңдерін қарастырды.

Оның пікірі бойынша адамзат баласының тарихы екі кезеңнен тұрады.

1) Ерте кезең – тайпаға, қауымдастыққа негізделген әлеуметтік ұйым.

2) Кейінгі – негізі жер мен жеке меншікке негізделген саяси ұйым.

Ол халықтардың рулық қоғамына тарихи көзқараспен қарады. Морган адамзат тарихындағы отбасы құрылымының түрлі кезеңін анықтады.

1) Қандас туыстар арасындағы отбасы. Отбасының алғашқы формасы. Баласы мен әке-шешесі арасында некелесуге тыйым салынады.

2) Аралас - апалы-сіңлілілердің ортақ күйеуі немесе аға-інілерге ортақ әйел болатын отбасы (пунуалдық).

3) Қосақ отбасы. Бірігіп өмір сүретін отбасылар (синдиасмикалық).

4) Патриархалдық немесе полигамдық отбасы.

5) Моногамдық отбасы (отбасының қазіргі түрі).

Жоғарыда аталған отбасы түрлерінен 1, 2, 5 түрлері тұрақты дейді Морган. Ол адам дамуының тарихын 3 түрге бөледі: жабайылық кезең, варварлық кезең, өркениетті кезең. Морган ұсынған кезеңдер этнографиялық, тарихи, археологиялық фактілерді біріктіріп, халықтардың әр түрлі кезеңдердегі дамуын салыстыруға мүмкіндік берді.

Этнологиядағы әлеуметтік мектеп. Европа этнологиясында диффузионизммен қатар әлеуметтік мектеп қалыптасты. Егер эволюционизм негізін қалаушылар этнологияның негізгі нысанын адам десе, ал диффузионистер – мәдениет, ал әлеуметтік мектеп өкілдері – адамзат қоғамы деп есептейді /12,46-51/. Олардың ойы бойынша адамзат қоғамы индивидтердің жалқы санына ғана кеп тірелмейді. Қоғамды олар адамдардың адамгершілік байланыс жүйесі дейді. Этнологиядағы әлеуметтік мектептің отаны – Франция, ал оның ірі өкілі – Эмиль Дюркгейм (1858-1917). Ол әлеуметтік әдісті, яғни әлеуметтік факторларды бірінші орынға қояды. Қоршаған ортаға, психология мен дінге мән береді. Э.Дюркгеймнің М.Мосс, М.Гране, Л.Леви-Брюль сияқты жақтаушылары болды.

М.Мосс – табиғат пен магия теориясы және методикасы, әр мәдениеттегі адам әрекеті, мәдениет пен өркениет дегеніміз не деген ұғымдарға жауап берді. Француздың әлеуметтік мектебі екінші дүние жүзілік соғыстан соң таратылды.

Э. Дюркгейм ХІХ ғ. соңғы онжылдықтарында этнология ғылымындағы әлеуметтік бағыттың негізін қалауға өте зор үлес қосты. Эволюционизмге қарсы Дюркгейм “адамзат қоғамын адамдардың қоршаған ортаға бейімделуін жүйелі кезеңдерден емес, жабық жүйе ретінде әлеуметтік фактілерден іздеу керек” деді. Соңғылары іс-әрекеттің түрлерін, ойлау мен сезуді, Дюркгейм индивидке деген қарым-қатынас деп санады. Ол әлеуметтік факторларды “зат” ретінде қарастыру керек, оларды тек әлеуметтік информация деп қарастырмау керек деді.

Дюркгейм: “Осы уақытқа дейін заттар емес, олар туралы ұғым, түсінік қана зерттелді. Бірақ бұл – ғылым емес, идеология. Сондықтан қоғамды түсінудің әр түрлі пікірлері, көзқарастары, субъективтік пікірлері осыдан кеп туындайды. Қоғамдағы тұрақтылық сол қоғамның мүшелерінің ауыз бірлігі мен ұйымшылдығынан кеп туады. Әлеуметтік жүйенің барлық элементтері тұрақты тепе-теңдік болу керек, өйтпеген күнде ол қоғам ыдырайды” деп тұжырымдайды. Қоғамды даму кезеңдерінің деңгейіне қарай Дюркгейм “Әлеуметтік тип”, “Әлеуметтік түр” ұғымдарын енгізді. Ол жүйелеудің ең қарапайым түрін алады: Ол – алғашқы қауымдық құрылыс (өзінен-өзі жоғалған). Қоғамның құрылымы күрделене түссе орда руға (кланға) айналады. Әр түрлі бірлестіктер, рулық қоғамдар тайпа, курия, фратия арқылы қоғамдық организмдер империялық державаға дейін айналады. Сөйтіп, Дюркгейм теориясы бойынша кез-келген қоғам алғашқы қоғамдық құрылыстың күрделенген түрі болып шығады Дюркгеймнің этноәлеуметтік теориясының маңызды бір бөлігі – ол ұжымдық көрсету туралы түсінік. Адам санасы, оның пікірінше, екі түрлі: жеке және топтық формада дамиды. Біріншісі әрбір адамға арнайы түрде, ал екіншісі барлық топқа тән болып келеді. Әрбір адамнан тыс, бірақ сол адамдардың әрқайсысына әсер ететін күші бар. Топтық сана – топтық көзқарастарда, ұғымдарда, діни наным-сенімдерде, мифтерде, адамгершілік пен құқықтарда көрінеді. Дюркгейм дін мен оның ролінің қоғамдағы қайшылықтары мен заңдылықтарына тоқталды. Ол осы уақытқа дейін қалыптасқан діннің жоғарғы бір нәрсеге сенімді екенінен бас тартып, ол дінді екі бөлікке, яғни, қасиетті әлем және қарапайым, жай дүние деп бөлді. Бұл бөлудің ерекшелігі, екі бөлік те абсолютті әртүрлі, бір-бірімен жуыспайтын әлем деп қарастырылды. Дюркгейм теориясы бойынша дін – функционалдық қызмет атқаратын, әлеуметтік топтардың бірлігін сақтайтын,

бірлестіретін күш. Діннің мазмұны да сол қоғам мен оның құрылымын көрсетеді. Дюркгеймнің идеяларын оның оқушылары мен ізбасарлары М.Мосс, К.Леви-Стросс, М.Гране, Л.Леви-Брюль жалғастырды. Француз әлеуметтік мектебінің өкілдері ішінде әсіресе Люсьен Леви Брюльдің идеялары назар аударарлық.

Люсьен Леви-Брюльдің (1857-1939) негізгі ой-тұжырымы мынандай: барлық зерттеулердің, білімдердің идеясы – әрбір адамның санасы қоғамдық орта арқылы қалыптасады және әрбір адамға тәрбие, қоғамдық пікір, дәстүр әсер етеді. Леви-Брюль ұжымдық көзқарастарды қалыптас-тыратын, басқаратын заңдарды зерттеуге тырысты. Ол Дюркгеймнің көзқарастарына бастау ала отырып, “дологическое мышление” теориясын ойлап тапты және оны өзінің кітабы “Первобытное мышление” (1930) кітабында жазды. Леви Брюль бойынша дологикалық ойлаудың алғашқы қауымдық құрылыс адамы мен қазіргі адам арасында ерекшелік бар дейді. Мыс: діни дәстүрлер кезінде қорқу, үміттену т.б. сезімдер қатар жүреді. Ол адамның нерв жүйесін қоздырады. Алғашқы қауымдық құрылыс адамдары заттар мен олар туралы түсінікті араластырып, айыра алмады. Түс көру, адам, оның аты, заты сияқты сұрақтарға жауап бере алмады. Алғашқы қауымдық құрылыс адамдарында тәжірибе жетіспеді. Ол кезде адамның ойлауы келесі ұрпаққа тәжірибеге де “өтпейді”. Логикалық заңдардың орнына “ортақ, бірге істеу” жүреді. Бұл заң бойынша: “Согласно этому закону предмет может быть самим собой и одновременно чем-то иным, он может находиться здесь и одновременно в другом месте”. Ойлаудың осындай түрін “дологикалық ойлау” деп анықтады.

Леви Брюль теориясы бойынша, ұжымдық көзқарас қазіргі европалықтарда да бар, себебі адам қоғаммен қарым-қатынасқа түседі. Адам дін, адамгершілік, салт-дәстүр арқылы қоршаған ортамен байланысқа түседі.

Әлеуметтік мектептің негізгі идеялары мынада:

1) Әрбір қоғамда “ұжымдық көрініс” кешені – ұжымдық көзқарастағы ерікті қоғамның тұрақтылығын сақтайтын болады.

2) Мәдениеттің қызметі қоғамды біріктіруге, адамдарды жақындатуға арналады.

3) Әр қоғамның өз моралі бар. Ол өзгеріп отырады.

4) Бір қоғамнан екінші қоғамға өту өте қиын процесс және ол кезең-кезеңмен өтеді деп қорытындылауға болады.

Этнологиядағы функционализм мектебі. Әлеуметтік мектептің логикалық жалғасы – функционализм. Егер диффузионизм Германияда дамыған болса, әлеуметтік бағыт Францияда, ал функционализм Англияда ХХ ғ. 20 жылдарынан бастап негізгі бағыт болды /12,50-55/.

Бірақ соған қарамастан бұл концепцияның шығуы неміс этнологы Рихард Турнвальдтың арқасы деп есептеледі. Өкінішке орай, Германияда функционализм кең тарамды. Ал Англияда өте ірі ғылыми бағыт ретінде қалыптасты. Ол болашақта әлеуметтік және мәдени антропологияның дамуына әсер етті. Оның көрнекті өкілі Бронислав Малиновский (1884-1942). Оның функционалдық бағыттағы негізгі идеясы мәдениет тұтас құрылым ретінде қарастырылады. Және ол әртүрлі элементтер мен бөліктерден құралады. Ал әрбір элемент тұтас бір звено болады. Функционализмнің негізгі әдісі – мәдениетті әр түрлі бөліктерге бөлу және олардың арақатынасын анықтау. Функционализм өкілдерін мәдениеттің тарихи өзгерістері қызықтырмайды. Олардың зерттеулері әлеуметтік құрылымының механизмдері мен адамды психикалық организм ретінде қарастырып, соның қарым-қатынас дәрежесін анықтайды. Ал оның нәтижесін мәдениет деп атайды, яғни адам мен қоғам қатынасының нәтижесінде мәдениет қалыптасады.

Б.Малиновскийдің ғылыми зерттеуінің негізі мәдениетті универсалды құбылыс ретінде қарастырды.

Б.Малиновский өзінің зерттеулерін эволюционистер мен диффузионистерге қарсы қойып, оларды далалық зерттеулерден тәжірибесі жоқ, музей коллекцияларын ғана қолданған деп кінәлады. Ол бұл саладан тәжірибесі бар және өте қызықты нәтижелерді алға тартқан ғалым болды. Оның байқауынша ол затты сырттай сипаттаумен ғана шектелмей, оған психологиялық гипотеза жасау қажеттігін айтты. Малиновскийдің пікірі бойынша адамның сыртқы байқауы арқылы мәдениетті тану мүмкін емес. Затты тек сипаттап қана қоймай, оның шыққан тегін, оны кім қолданды, кімнің заты, т.с.с. бәрін қарау керек деп тұжырымдады.

Малиновский теориясын 1944 ж. “Научная теория культуры” кітабында терең жазды. Бұл теория натурализм, бихевиоризм, психоанализ элементтерін біріктіреді. Малиновскийдің пікірінше, қоғам — биологиялық организм. Адам өзінің биологиялық қажеттіліктерін өтеу үшін өзіне тамақ, киім, үй табады. Сөйтіп, ол өзінің айналасындағы қоршаған ортаға өзгерістер енгізеді де, оны мәдениетке айналдырады. Мәдениеттер арасындағы өзгерістер мәдениет ерекшеліктеріне айналады. Ол ерекшеліктерді адамдардың күнделікті қажеттіліктері тудырады. Мәдениет — заттық және рухани жүйе. Малиновский негізгі қажеттіліктен басқа табиғи емес, мәдени саладан келуі туатын қажеттіліктерді атады.

Малиновский “әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер биологиялық көзқарас тұрғысынан ұжымдық бейімделу формасы болып табылады” дейді. Ол Тайлордың “ескіліктің сарқыншақтары” теориясын сынады. Ол “сарқыншақ” емес, мәдениет құбылысы екенін түсіндіреді.

Келесі ірі функционализм өкілі — Альфред Радклифер-Браун (1881-1955). Оның еңбектері “Метод этнологии и социальной антропологии” (1958), “Историческая и функциональная интерпретация культуры” (1929) деп аталады. Онда ол адам туралы ғылымды, адам өмірін

зерттеудегі түсінігін келтіреді. Осы ғылымның арқасында ағылшын әлеуметтік антропологиясының негізі салынды. Ол адамды зерттейтін негізгі ғылым — антропология. Ал оның үш саласы, бағыты бар. Олар: биология, тарихқа дейінгі археология, этнография. Этнология деп нақты тарихи зерттеу, яғни адамдарды зерттеу, халықтардың дамуын зерттеуді қарастыруды ұсынды. 1931 ж. бастап ол “мәдениет” деген атауға “әлеуметтік құрылым” деген атауды берді. Сонымен, функционализм негіздері мынадай:

Мәдениет индивидке қызмет етеді, ең бірінші үш қажеттілік: базалық (тамақ, тұрғын үй, киім); өндірістік (еңбек бөлінісі, әлеуметтік бақылау), интегративтік (психологиялық қауіпсіздік, әлеуметтік үндестік, діни-психологиялық, өнер саласы бірлігі) қажеттіліктерді өтейді.

Мәдениеттегі негізгі роль әдет-ғұрыптарға, мінез-кұлық нормаларына жатады. Кез келген әлеуметтік жүйе құрылым мен іс-әрекеттен тұрады. Олар индивидтің қоршаған ортамен байланыс құралы. Этнологтардың міндеті мәдени құбылыстардың функцияларын зерттеп, жеке мәдениеттер байланысын анықтау деп түсінеді /12, 55/. Функционализм бағытының ерекшелігі оның қолданыстылығында. Бұл бағыт өкілдері өмірде практикалық міндеттерді шешуге көп көңіл бөледі.

Диффузионизм бағыты және оның өкілдері. XIX ғ. аяғына қарай этнология өзінің дамуының жаңа кезеңіне көшті. Егер ертеректе этнографиялық білімдер саудагер, саяхатшы, миссионерлердің көмегімен қалыптаса бастаса, енді олар арнайы мамандандырылған ғалымдардың бағдарламалары бойынша жүре бастады. Эволюционизмнің методологиялық дағдарысы диффузиондық бағыттардың шығуына әкелді. Олар мәдениет пен оның элементтерінің өте кең ауқымдылығын, олардың шығу тегін, таралуын кеңінен қарастырды.

“Диффузия” деген атау латын тілінен аударғанда “тарау” деген ұғымды білдіреді. Ол физика ғылыми

саласынан “кіру, тарау” деген ұғымдардың, үрдістердің халықтардың бір-бірімен аралас-құралас болу себебі арқасында, сауда қарым-қатынасы арқылы, қайта қоныс аудару, шапқыншылықтар нәтижесінде таралуы деп санады. Диффузионизм – ғылыми бағыт ретінде тарихи процестің мазмұны диффузия, байланыс, өзара алмасу, араласу, өзара әсер ету деп білді. Мәдени түсінік, ағымдардың белгілі бір географиялық аймақта таралып уақыт-кеңістік принципі аясына кеп тіреледі дейді. Диффузионизм теориясында бірнеше ғылыми ағымдар мен мектептер бар /12,39-46/. Скандинавияда тарихи-географиялық бағыт (Эрик Норденшельд), Германияда мәдени-тарихи (Фринц Гребнер, Вильгельм Шмидт), антропогеографиялық (Лео Фробениус) мектептері тарады.

Солтүстік Америкада диффузионизм идеясы мәдени ареалы теориясында (Эдуард Сепир, Мелвилл Херсковиц) көрініс тапты. Англияда этнологияның бұл бағыты геосаяси мектеп негізінде құрылды. Оны басқаша гипердиффузионизм (Графтон Элиот-Смит, Уильям Риверс) өкілдері деп атады.

Диффузионизм идеясының негізін қалаушы этнография профессоры (Мюнхен университеті) Фридрих Ратцель (1844-1904) болды. Ол ең бірінші рет мәдениеттің елдер мен зоналар (жерлер) арқылы тарайтынын заңдылықтар арқылы ашты. Ратцель ең бірінші болып мәдениетті халықтар байланысының белгісі деп қарастырды. Нәсілдер араласады, тілдер шығады, жоғалады, халықтар атауы өзгереді, тек мәдениет заттары өзінің формасын жоғалтпайды және өмір сүру ареалын (ортасын) сақтайды. Сондықтан ол ғылымның негізгі міндеті – мәдениет заттарының таралуын зерттеу дейді. Өзінің идеяларын Ратцель көп томды еңбектерінде “Антропогеография” (1882-1891), “Народоведение” (1885-1895), “Земля и жизнь” (1897) кітаптарында жазды. Бұл еңбектерінде ол адамзат баласының орналасуының жалпы картасын және

мәдениеттің дамуын географиялық жағдайлармен байланыстыра қарастырды. Ол үшін ол табиғи ортаның халықтың ішкі өміріне, мәдениетінің қалыптасуына, халықтар арасындағы байланысқа көп көңіл бөлді. Өзінің концепциясының негізгі идеяларын Ратцель “Антропогеография” кітабында келтірді. Ол материалдық мәдениеттің географиялық таралуын халықтың таралуымен байланыста талдады.

Табиғат ерекшеліктеріне байланысты туған мәдени ерекшеліктер халықтардың араласуынан кеп бірте-бірте жойылады. Соңғысына яғни, халықтардың қарым-қатынасына Ратцель ерекше баға берді. Ол халықтардың араласуының әр түрлі формасын қарастырады: олар – тайпалардың қайта қоныстануы, шапқыншылық, айырбас, сауда т.б. Ол процестер барысында мәдени араласу жүреді деп. Ол материалдық мәдениетті тіл мен нәсілділікке қарағанда маңызды деп санады. Тіл – этникалық белгі ретінде бекемдеу, бірақ басқа тілдер ығыстыруы мүмкін дейді. “Халықтар келеді, жоғалады. Ал мәдениет жоғалмайды” деп тұжырымдайды.

Ратцель мәдениеттің таралуының екі әдісін ұсынды.

1) Толығымен және тез басқа халықтарға көшу. Оны аккультурация дейді.

2) Этнографиялық кейбір заттардың бір халықтан екінші халыққа көшуі. Мысалы, киім, сәндік бұйымдар бір халықтан екінші халыққа тез көшеді. Ал ұлттық бұйымдар (мыс., металл бұйымдары, ат өззелдері) тек мәдениеттің өкілдерімен қоса беріледі.

Ратцель еңбектерінде диффузионизмнің бағыты мәдениетті зерттеудің өзіндік бағыты ретінде негізгі тұжырымдары: мәдениеттің өзара алмасу процесі, олардың бір-біріне енуі, адамзат мәдениетінің даму орталығы көп бірнеше түрі. Ратцель адамның өзіне қосалқы роль берді, ол – этнографиялық заттарды таратушы және солай бола тұрып мәдениеттің дамуы адам еңбегінен тысқары

қойылады. Осы пікір кейіннен неміс диффузионизм мектебі өкілдерінің еңбектерінде жалғасты. “Культурная морфология” Фробениустің мектебі, Гребнердің Кельн мектебі, Шмидтің Вена мектебі қолдады. Ратцельдің оқушысы, археолог, этнолог, фольклорист Лео Фробениус (1873-1938) диффузионизм рамкасындағы “мәдениет морфологиясының” теориясын жасады. Ол Африка мәдениетінен маман болды. Ол Африка, Австралия, Океания халықтарын зерттеу үшін 12 рет экспедицияға шықты. Африканың этнологиялық картасын жасады. Оның басты еңбегі “Происхождение Африканских культур” деп аталды. Ол мәдениетті тірі организм және өмірдегі өзгерістермен тығыз байланысты деді. Фробениустің мәдениеттің шығуына көзқарасы мифологиялық бағытта болды. Ол мәдениет тірі организм – балалық, орта, кәрілік, одан өткен соң мәдениет өмір сүруін тоқтатады дейді. Фробениус “мәдениетті адам жасамайды, олар өз бетімен дамиды, ал адам мәдениет объектісі немесе жемісі” дейді. Бірақ адамсыз мәдениет таралмайды деген тоқтамға келеді. Сол себепті ол адамдарды таратушы ретінде қарайды. Яғни, адам – жасаушы емес, тек мәдениеті алып жүруші. Фробениустің пікірінше “мәдениет – өзіндік сипаты бар құбылыс”. Мәдениеттің ерекше сипатын ол “пайдеум” (грек тілінде “тәрбие” деген сөз) деп атап, бұл терминді “мәдениет жаны” атауының орнына қолдануды ұсынды. Ол осы терминді мәдени-психологиялық ұғым деп қарастырды. Оның астарында халықтың рухани құрылымы мәдени образы іс-әрекетте көрінеді деді.

Қазір бұл терминді “менталитет” ұғымына сай қарастыруға болады. Мәдениетті әлеуметтік саладан тыс, мистикалық құбылыс деп қарап, әйел және еркек мәдениеті деп бөледі. Өзінің экспедициялық, этнографиялық материалдарын пайдалана отырып Африка мәдениетін екіге бөлді. Ол теллургиялық-эфиоптық-патриархалдық және хтоникалық-хамиттік-матриархалдық деп бөлді.

“Теллургиялық-эфиоптық-патриархалдық”, “хтоникалық-хамиттік-матриархалдық” деген терминдер латынша “теллус” – жер, грекше “хтон” – жер деген сөз. Фробениустің айтуынша, бұл ұғымдарға қарама-қарсы ұғымдар пайда болды. Теллургиялық – жерден өсуші, хтоникалық – жерге терендеуші. Олар әртүрлі географиялық зонада туды. Теллургиялық – Саваннада, хтоникалық – Сахара мен Солтүстік Африкада пайда болды.

Теллургиялық тип жоғарыға қарай өсіп, патриархалдық болды. Хтоникалық мәдениетте жерге ену, яғни, жер асты үйлері, өндірістік астық қоймалары т.б. және матриархалдық болады. Хтоникалық – магиялық сипатта, теллургиялық – мистикалық сипатта дамиды.

Мәдениетті зерттеуді ол тарихи емес, жаратылыстану ғылыми сала әдістерін қолдану керек дейді. Неміс тілді елдерде Фриц Гребнер (1877-1934) – диффузионизм бағытының көрнекті өкілі. 1911 ж. “Этнология әдісі” еңбегінде Гребнер мәдениетті мәдени-тарихи байланыс арқылы зерттеу керек дейді.

Фробениус пен Ратцел жұмыстары негізінде Гребнер мәдени шеңбер теориясын жасап, алғашқы қауымдық құрылыс мәдениетін қайта қарауға талпыныс жасады. Өзінің теориясына түсініктемесінде әлемдегі алты шеңберді анықтап (әр шеңбер 19-20 элементтен тұрады), оған материалдық, рухани, қоғамдық өмір құбылыстарын енгізді. Элементтерге, мыс., “шығыс папуас мәдениетіндегі жер өңдеу, балық аулау, корзина тоқу, халық билері т.с.с. кірді.

Ол “мәдениет қай географиялық орталықтан шықса, сол географиялық орталыққа тән мәдени шеңберде болады. Адамзат тарихында қайталану болмайды. Сондықтан мәдениет пен тарихта ешқандай заңдылық та жоқ дейді ол. “Этникалық процестердің қайталануы өте аз кездеседі, сол себепті этнологияны тарихи ғылымға жатқызып, жаратылыстану салаларын алыстату керек” дейді. АҚШ-

та диффузионизм маңызды бағытқа айналған жоқ. XIX-XХ ғ. американдық этнологтар үндістерді зерттеуден бастады. Кларк Уисслердің (1870-1947) “Американдық үндіс” (1912) атты кітабы шықты. Үндістерді зерттей келе ол халықтардың экологиялық ортаға бейімделуінен мәдениет туады дейді.

Уисслер Солтүстік Американдық үндістерді эмпирикалық материалдарға сүйене отырып, 15 мәдени облысқа бөлді. Сөйтіп, мәдени диффузионизмнің жалпы заңдылықтарын анықтады. Мәдениеттің антропологиялық сипаты әр жақта пайда болған орталықтан тарайды дейді. Ағылшын этнологы Уильям Риверс (1864-1922) “История меланозийского общества” деген кітабында туыстық және қоғамдық қарым-қатынастарды карапайым эволюция деп қарады. Жаңа мәдениеттің шығуы халықтардың бір-бірімен араласуымен шықты дейді. Диффузионизм бағытының негізгі шарттары мынандай:

1. Мәдениет – тірі организм, географиялық ортада дамиды. Мәдениеттің элементтері бір ортадан шығып, бүкіл әлемге тарайды.

2. Адамдардың бір-бірімен араласуы арқылы мәдениет элементі тарайды.

3. Әрбір мәдениеттің өз ошағы болады.

Негізгі идеясы – мәдениеттің өзара араласуы, таралуы. Олар осы құбылыстардың негізін анықтайтын зерттеу әдістерін анықтауға тырысты.

Этнографиялық зерттеу әдістері. Қазіргі этнография ғылымының алдында тұрған міндеттер өте күрделі. Әсіресе, қазіргі кезде халықтардың өміріне, салт-дәстүріне, мәдениетіне деген қызығушылықтың артуына байланысты этнографиялық зерттеу жұмыстарын жүргізудің негізгі формасы – ел арасына этнографиялық экспедиция жасау кеңінен қолданылады. Әлі уақытқа дейін бүкіл зерттеушілер мойындаған жүйеге келген зерттеу әдістемесі жоқтың қасы. Этнографиялық зерттеу әдістемесінің басшылыққа алып жүрген материалдары өте ертеде жариялан-

ған және қазір библиографиялық сирек дерекке айналды. Тарихнамада Г.Потанин мен Ә. Диваевтың жүргізген экспедициялық зерттеулер методикасы бар. Этнографиялық экспедицияның мақсаты – зерттеушілердің, студенттердің білімін тереңдетіп, дәрістер мен семинар сабақтарында алған білімдерін бекіту, нақтылау. Этнография саласында мамандану үшін тырысып жүрген студенттерге өз деңгейі, дәрежесін арттыру, мамандығын тереңдету мақсатында жүргізіледі, далалық экспедиция жұмыстарының жағдайларымен танысады, ғылыми зерттеу әдістерін үйренеді. Этнографиялық зерттеу нәтижелерін әр түрлі ғылыми конференцияларда ғылыми баяндама жасау арқылы таныстыруға болады.

Этнографиялық далалық зерттеу жұмыстарының тәрбиелік мақсатта атқаратын ролі өте зор. Халықтың өткені мен бүгініне қызығушылық, мәдениетке, эстетикалық идеяларға бет бұруға ден қоюға тәрбиелейді.

Этнографиялық зерттеу жұмысы – бұл өте үлкен педагогикалық тәрбие. Өйткені, зерттеу жұмысы кезінде адамдармен қарым-қатынас жасауды үйренеді, әңгімелесу әдісін, сұрақ қою, этнографиялық заттармен жұмыс істеу әдісін үйренеді.

Этнографиялық зерттеуді бастамастан бұрын зерттеу объектісі туралы мағлұматты жинап білу керек.

Этнографиялық зерттеу жұмысы кезінде негізгі екі әдіс – маусымдық және стационарлық (көшіп-қонып жүрмей, сол жерде ұзақ уақыт тұрып, зерттеуге арналған) әдістер қолданылады.

Маусымдық зерттеу әдісі тез қажеттіліктен туындаған этнографиялық зерттеу жұмысын оперативті түрде жүргізіп, тез нәтиже алуға мүмкіндік береді. Маусымды зерттеу кезінде халықтың өмірі туралы деректер екі түрдегі әдіспен жүргізіледі:

а) маршрут бойынша, яғни үздіксіз сапар желісі бойынша зерттеу жүргізу. Бұл әдіс бойынша әрбір елді пунктте 2-3 күн аялдама жасауға болады.

б) шоғырлану (кустовой) бойынша зерттеу. Зерттеу аймағы бойынша негізгі базалық пункттер анықталады. Айналасындағы елді мекендер деректерді тексеріп анықтау үшін керек.

Далалық зерттеу жұмыстарын жүргізу техникасы. Далалық этнографиялық зерттеу – құнды материалдар жинау үшін ғылыми білімдер көзін ашу үшін қажет. Оған төмендегідей әдістер қолданылады.

Бақылау. Кез-келген этнограф күнделік жазып отыруы тиіс. Бұл күнделікке этнографиялық бақылау жүргізіп, кез келген байқаған мәліметтерді, қызықты уақиғаларды жазу керек.

Сұрақ-жауап. Этнографтың информатормен жұмыс істейтін негізгі әдісі. Бірақ ол информация жан-жақты тексерілуі тиіс.

Эксперименттік әдіс. Этнографтың белгілі бір салт-дәстүр, жағдайларға бірге қатысуы. Мысады, той, сүндетке отырғызу, т.б. Бұл әдіс салт-дәстүр шаралары қалай өтетінін өз көзімен көріп, жазып, түсіріп алуға мүмкіндік береді. Бұл кезде табиғи көріністерге жасандылық болмауы керек.

Қазіргі этнологиялық зерттеу әдістері алуан түрлі. Оған ғалымдардың зерттеу-сипаттау жазбалары саяхатшылардың күнделіктері, фольклорлық, көркем-әдеби мәтіндер, этносоциология мен этнопсихология әдістері, ресми құжаттар, публицистикалық материалдар, тарихи деректер қоғамдық-саяси әдебиеттер т.б. жатады. Этнологиялық зерттеу әдісіне далалық зерттеулер, ауызекі әдебиет нұсқаларын жинау, жазба мәдениетті зерттеу, археологиялық және антропологиялық зерттеу нәтижелерін пайдалану, статистикалық мәлімет қолдану т.б. жатады.

Этнографиялық мәлімет жинаудың ең көп тараған тиімді түрі – ол бақылау әдісі. Зертелетін халықтың өміріне, тұрмыс-тіршілігіне араласу арқылы зерттеу. Әсіресе стационарлық әдіс (ұзақ уақыт сол халықпен араласу) өте жақсы зерттеу мүмкіндіктерін береді.

Зерттеуді жүргізудің жұмыс бағдарламасы. Жұмыс бағдарламасы – экспедицияның ғылыми проблематикасын анықтайды. Бұл бағдарламада мәдениет, тарихи дамуына байланысты бөлімдерге, кезеңдерге бөлініп, өткені мен бүгінгі зеттеледі.

Бағдарламаның мақсаты – зерттеу жұмысының негізгі бағытын анықтау, жауап іздеген сұрақтарды негіздеу. Этнографиялық зерттеу жұмыстарының қарастыратын мәселелері шаруашылық болса, төмендегідей бағдарлама қолдануға болады /16,256/:

I-тақырып. Шаруашылық.

1. Егін шаруашылығы.

Егіншілік жағдайы – а) революцияға дейін; ө) ұжымдастыру кезінде; б) тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты тұсында; в) жыртылған жер көлемі, қолданылған еңбек құралдары, техника, жұмыс күші, суландыру жүйесі, тыңайтқыш қолдану, егінді жинау, сақтау. г) шаруалардың, тұрғындардың экономикалық және әлеуметтік жағдайы.

2. Егін шаруашылығына байланысты салт-дәстүр, өдет-ғұрыптар.

3. Қазіргі егін шаруашылығы: дәнді дақылдар құрамының өзгеруі, техникалық, технологиялық әдістер.

II. Бау-бақша, жеміс, өсімдік өсіру шаруашылықтары.

1. жергілікті аймақтың халқы үшін маңызы;

2. өңдеу техникасы;

3. жергелікті тұрғындардың бюджеті мен тамағы құрамындағы жеміс-жидектер.

III. Мал шаруашылығы.

1. а) мал шаруашылығының жағдайы (революцияға дейін, ұжымдастыру кезінде); ө) тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде; б) жайылымдар және олардың маусымдық қолданысы; в) суат (су ішу), көшіп-қону жолдары, ұзақтығы. Жерге меншік түрі, заңдастырылуы, шекараны орнату, малдың саны мен құрамы.

2. мал шаруашылығымен байланысты көне нанымдар мен сенімдер. Халық емшілігі туралы мәліметтер. Халықтық мерекелер. Мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу.

3. еңбек құралдары: атты ұстау үшін, ат-өбзел жабдықтары, емдеу, қырку, т.т. қажетті заттар.

3. мал шаруашылығының қазіргі кездегі өзгерістері. Мал сою, еңбекті ұйымдастыру.

IV. Шаруашалықтың қосалқы түрлері:

1. Аң шаруашылығы. Аңшының құрал-жабдықтары. Аң аулау дәстүрлері, әдістері (қарумен, итпен, бүркітпен). Аңға салатын құралдар – қақпан, мылтық т.б. Аң шаруашылығына байланысты әдет-ғұрыптар.

2. Балық шаруашылығы. Түрлері, таралуы, әдет-ғұрыптар, құралдары, киімі. Балық өнімдерін өңдеу. Елдің шаруашылығын зерттей отырып, оның географиялық жағдайларын, климатын, топырақ құрамын, өсімдігін, жануарлар әлемін жақсы білу керек. Бұл зерттеу жұмысында – халықтан сұрау, жеке бақылау, фиксация әдістері қолданылады.

Этнографиялық материалдарды фиксациялау. Этнографиялық фиксация әдісі бойынша зерттеу объектісіне сай (белгілеу, жазып алу) сұрақтар жасалынады. Әр түрлі құбылыстар мен заттарды сипаттауды өте қатаң жүйелілікпен жасау керек. Еңбек, салт-дәстүр, басқа адамдардың қызметінің нәтижесін сипаттау фиксация әдісінің негізін құрайды. Әрбір экспедиция сол жерде тұратын халықты киімін, тұрғын үйін, мекен-жайын заттық мәдениеттің басқа да заттары туралы мәліметтер жиналады. Бұл кезде чертеж, жоспар, схемалар жасалынады. Экспедицияның негізгі құжаттарына: күнделіктер, дәптерлер, анкеталар, фотоматериалдар жатады. Экспедиция соңында барлық құжаттар экспедиция соңында барлық құжаттар экспедиция архивіне тапсырылады. Әрбір күнделіктің беттері номерленген, таза және материалдар тыңғылықты жазылу керек

Этнографиялық коллекциялар. Этнографтар тек қана зерттеуде ғана емес, халық мәдениетінің ескерткіштерін де қорғауы тиіс. Сол үшін коллекция жинап, ескерткіштерді белгілеп, қорғап отыру керек. Этнографиялық ескерткіштерге қойылатын бірінші талап – жиналатын экспонаттар сол жерге, тарихи кезеңге жататын типтік заттар болуы керек. Екінші талап – этнографиялық заттарды жеке емес, комплексті жинау керек. Осындай әдіспен жиналғанда халық мәдениетінің бүкіл бір бөлімі қамтылады және этнос өмірі толықтай ашыла түседі. Мысалы, егер өткендегі егін шаруашылығын зерттейтін болса, онда еңбек құралдары, өсірілетін дәнді-дақылдар бірге жиналуы керек. Бұл сала бойынша барлық жұмыс түрлері және өндірістің барлық кезеңдері көрсетілуі тиіс /16,255/.

Деректерді тіркеу. /16, 271/

Экспедицияның аты
Карточканың №

жылы, айы, күні
жинаушының аты-жөні, мекен-жайы
информатордың қолы

Информатор	Халық, топ, ру	Информатор туралы дерек	Жинаған жердің аты

Экспонатты жазу
Экспедицияның тақырыбы
Карточканың №
Жинаушының аты-жөні, мекен-жайы

Экспонаттың атауы	Сипаты беруші	Жасаушы не туралы дерек	Заттың иесі туралы дерек	Зат алынған жер

Этнографиялық зерттеу әдісінде төмендегі мақалаларды оқу қажет.

Токарев С.А. К методике этнографического изучения материальной культуры // Советская этнография. 1970. №4.

Жданко Т.А., Крупянская В.Ю., Терентьева Л.Н. Об организации и методике полевых этнографических исследований. Советская этнография. 1956, № 3.

Вопросы методики этнических и этносоциологических исследований. М., 1970.

Методика этнографических экспедиций. М., 1966.

Ескекбаев Д.Б. Қазақ диаспорасының этномәдени мұраларын зерттеуге арналған бағдарламалық сұрақтама. Түркістан, 2002.

Қазақ халқының этнографиясына байланысты зерттеулерді жүргізуде Қазақстан Республикасы Білім министрлігі-Ғылым академиясының ұсынысымен шыққан 1998 ж. Қазақтың этномәдени мұраларын (фольклор, этнография, оиомастика) жинаудың бірыңғай әдістемесін қолдануды ұсынамыз. Бұл әдістемде этнографиялық зерттеудің әдістері, талаптары. Информанттармен жұмыс істейтін сұрақтама тақырыптар бойынша жан-жақты берілген. Бұл әдістемелік құралда информаторларды екі топқа бөледі.

1. Елдің әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін кім мольнан біледі, әңгімеге шебер “ауыл академигі”.

2. Кім ауылдың, жердің, өлкенің тарихымен шұғылданып жүр. Экспедиция жұмысына жергілікті жерлердің музей қызметкерлерін де енгізген жөн. Бұл әдістемде сондай-ақ қажетті әдебиеттер тізімі де беріледі /17,27-41/. Жұмыс алдымен информаторлардың анкетасын тапсырудан басталады. Оған айтушының аты-жөні, туған жылы, мамандығы, мекені, жазып алушының аты-жөні, қызметі, кәсібі, оқу орны, айы-күні, жылы енеді.

Далалық зерттеу әдісі этнологтардың рухани және заттай мәдениетінен дерек алуына мүмкіншілік береді. Материалдық мәдениетке қатысты нысандарды: үй, ыдыс-аяқ, киім, тамақ, шаруашалық құралдары, қолөнер бұйымдары сияқты заттарды фотоға түсіру, схема, чертеж

арқылы түсіру, кино, видео, аудио аппаратураларын қолдану арқылы да фиксация жасауға болады.

Этнологтар музей, архив деректерімен де жұмыс істейді. Қазіргі заманда жер шарын мекендеген халықтардың этникалық құрамы бір-бірімен әбден араласып, бірге қайнсып кеткен. Олар ірі-ірі ұлттардан, халықтардан, тайпалардан құралған және олар әр түрлі экономикалық-мәдени өсу дәрежелерінде, қоғамның әр түрлі даму сатыларында өмір сүреді. Сондықтан бұл халықтардың өмірі мен мәдениетін үйренуді жеңілдету үшін этнография ғылымы олардың тарихи туысқандық байланысына, өзара қарым-қатынасына, тарихи-географиялық, тілдік жағдайына, этнографиялық ерекшеліктеріне, тұрмыс күйінің ұқсастығына қарай отырып, бүкіл дүние жүзінің халықтарына географиялық, тілдік, мәдени-шаруашылық, антропологиялық деп топтамаға бөледі /11,13/.

Өлкетанушылар зерттеу салаларының түрлеріне қарай ғылыми терминдерді де жақсы иерген болуы керек. Төмендегі ұсынылып отырған этнографиялық атаулар соған мысал.

Этнографиялық атаулар

Аборигендер – белгілі бір территорияны, елді мекендейтін байырғы тұрғындар.

Автономиялық – этностың дербестігі, өзіндік басқаруы.

Автостереотиптер – этностың өз қасиеті туралы қалыптасқан түсінігі.

Адаптация – өмір сүру ортасына бейімделу, үйрену.

Аkkультурация – бір халықтың мәдениетін екінші бір халықтың араласу-құраласу арқылы сіңіруі, қабылдауы.

Ассимиляция – этникалық процесс түрі, екі этностың өзара әрекеті, қарым-қатынасы нәтижесінде біреуінің этникалық белгілерінің жоғалуы, сіңісуі. Ол табиғи және күш көрсету жолдарымен жүреді.

Генезис – туу, шығу.

Гомогендік – біркелкі құрамдағы

Гетерогендік – әркелкі құрамдағы
Демография – халықтың өсіп-өнуі, кемуі туралы ғылым

Депортация – халықты күшпен жер аудару, қоныстандыру.

Диаспора – өз отанынан тыс өмір сүріп жатқан халық тобы.

Интеграция – бірлесу, араласу.

Этнос мәдениеті – белгілі бір этностың заттай, рухани, әлеуметтік-құқықтық мәдениет компоненттерінің жиынтығы және ол басқалардан ерекшеленіп, белгілі бір этносқа тән болады.

Менталитет – ой, көзқарастар, сенім жүйесі, жиынтығы және ол белгілі бір қоғамға, адамдарға, мәдениетке, топқа тән болуы мүмкін.

Мәдениет – “егу”, “өңдеу”, “баптау” сөзінен шықты. Адам баласының еңбегінің нәтижесінде пайда болған құндылықтар жиынтығын айтамыз. Мәдениет рухани және заттай болып екіге бөлінеді.

Рухани мәдениет – адамзат баласының ақыл-ой еңбегінің жемістері. Оларға дін, әдебиет, музыка, ғылым, білім, тіл, тарих, өнер, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар жатады.

Заттай мәдениет – адамзат баласының қолымен жасалған бұйымдарды заттай мәдениетке жатқызамыз. Оған еңбек құралдары, тұрғын үйлер, киім, үй жиһаздары, қатынас құралдары, қолөнер бұйымдары жатады.

Шаруашылық-мәдени тип – әлеуметтік-экономикалық, географиялық жағдайда әр түрлі халықтарда қалыптасқан шаруашылық пен мәдениеттің ерекшеліктерінің жиынтығы.

Туыстық және территориялық ортақтық нәтижесінде халық-жұрт (народность) – этникалық бірлік қалыптасқан.

Этникалық территория – этностың және оның үлкен бөлігінің қалыптасу территориясы.

ӨЛКЕТАНУДАҒЫ ПАЛЕОГРАФИЯНЫҚ МАҢЫЗЫ

Палеография – қосалқы тарихи пән ретінде өлке-тануда өте маңызды роль атқарады. Қолжазба деректерінің сыртқы белгілерін, сипатын зерттейтін ғылыми сала. Палеография атауы екі грек сөзінен тұрады. “Палайос” – көне, “графо” – жазу, яғни, “көне жазу” туралы ғылым. Палеография әуел баста ежелгі қолжазбаларды зерттеумен шұғылданса, соңғы кезде жаңа заман қолжазбаларын зерттейтін ғылыми саланы “неография” деп бөледі.

Ғылыми пән ретінде палеография XVIII ғасырдың бірінші жартысында Францияда пайда болды. Палеографияның міндеттері: мәтінді қатесіз оқу, датасын анықтау, жазба деректің жазылған уақытын және авторын анықтау, жазбаның түпнұсқалығын дәлелдеу немесе жасандылығын анықтау. Палеографияның зерттейтін сыртқы белгілеріне: жазу белгілері, графикалық жазу таңбалары, ерекшеліктері, ол жазуын, таңбасын, жазуы жазылған материалды, жазу құралдарын, жазу әшекейлерін, безендірілуін, бояуларын, сиясын, бағалы қағаздарға салынатын ерекше белгілерін (водяной знак), әр түрлі (клеймо) таңбаларды, белгілерді, штемпелін (мөр), көлемін, түптеуін, мұқабасын зерттеу кіреді. Жазба деректің сыртқы белгілерін анықтаудан басқа, әр түрлі зерттеу әдістерінің жетілгеніне орай, палеография әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени тарихтан да мәлімет береді /18,26/.

Палеография эпиграфикамен, сфрагистикамен, нумизматикамен, хронологиямен, дипломатикамен, деректанумен тығыз байланысты.

Палеографиялық әдіс. Палеографиялық әдіс негізін палеографиялық белгілердің (әріп графикасы, жазу материалы, әшекейлері, құралы т.с.с.) және олардың белгілі бір тарихи уақытқа дәлділігінің сәйкестігін анықтайды.

Кез-келген тарихи дәуірлер мен кезеңдерде қоғамның экономикалық және мәдени дамуы жазу ісінде өз қолтаңбасын қалдырып отырады. Және әр кезеңнің өзіне тән ерекше белгілері, әшекейлері, таңбалары анықталады да, олар көне жазбалардың сыртқы белгілерімен тұтастай байланыста болып келеді. Мысалы: Көне Русьте пергамен мен уставта жазылған құжаттар сәйкес келіп отырған. XIV ғасырдың ортасы мен XV ғасырдың аяғында экономикалық, саяси, мәдени дамудың қажеттіліктері жазу ісінде де өзгешеліктер әкелді. Баяу уставтық жазу өндірістегі одан тезірек жартылай уставтық типке көшті, ал пергамен қымбат және сирек материал ретінде және өндірістің қажеттілігін өтеуге шамасы келмегендіктен біртіндеп қағаз материалдармен ығыса бастады. XV-XVII ғасырларда орыс мемлекетінің экономикасы жоғарылап, мемлекеттік орталықтандыру процесі жүрді. Осы кезеңде іскерлік жазудың негізгі түріне шапшаң жазу әдісі (“скоропись”) қолданыла бастайды.

Ал жазудың негізгі материалы қағаз болды. Қолжазбалардың сыртқы белгілерінде, әшекейлерінде де өзгерістер бола бастайды. Оған мемлекеттің ішкі мәдени өзгерістері, сыртқы саяси қарым-қатынастары мен өзара мәдени араласулар әсер етеді. Сөйтіп, әрбір кезеңнің палеографиялық белгілерінің жиынтығы сол дәуірдің дамуымен тығыз байланысты болып ерекшеленіп отырады. Кейбір белгілердің өз кезеңімен сай келмеуі көшірменің, тізімнің, қолжазбаның жалған, жасандылығын көрсетеді. Мысалы: тіпті жазудың басқа белгілері осы кезеңге сай келіп тұрғанына қарамастан көк күлгін сиямен және болаттан жасалған қаламұшпен XVIII ғасырдың аяғындағы түпнұсқалар жазылды деуге мүлдем келмейді /18,26/. Егер жазу XVI ғасырдың жазуы деп айтылып, бірақ XVIII ғасырдың гербі бар қағазға, Ресейде XIX ғ. 30-жылдарында пайда болған болат қаламұшпен жазылған болса, онда ол түпнұсқа болып саналмайды. Палеографияның зерттеу

әдісін игеру барлық палеографиялық белгілердің жиынтығын білуді талап етеді. Сонымен бірге құжаттардың датасын анықтау кезінде ұстанатын негізгі принцип, ол бергі уақыттағы кезеңнің палеографиялық белгілерін есте сақтауды қажет етеді. Мысалы: XVIII ғасырдағы қағазға жазылған штемпелді шапшаң жазуды зерттеу үшін, зерттеуші одан кейінірек пайда болған палеографиялық белгі – яғни, XIX ғ. 30-жылдары көпшілік қолданысында болған штемпельдің атын оқып-білуге назар аудару керек.

Жазба деректің палеографиялық талдануы мәтінді зерттеу мен оның мағынасын түсінуді, қолданылған материалдарын анықтауды көздейді. Палеографияның сыртқы белгілерін анықтаудағы зерттеу әдістерін игеру ең алғаш Ресейде қолданыла бастады. Ерте феодалдық кезеңде құжатты жазу үшін, толтыру үшін және түпнұсқасын анықтау қажеттілігінен туды.

XVI-XVII ғасырларда практикалық палеография саласында алға жылжу байқалады. Жазушы-суретшілерге арналған арнайы басшылыққа алатын құжаттар, азбука-пропистер (жазу үлгілері) пайда бола бастайды.

Практикалық палеографиядан ғылыми пән ретіндегі палеографияға өту орыс тарихнамасының, тарихи деректерді табу және жариялаудың дамуымен тығыз байланысты болды. В.Н.Татищевтің, М.В.Ломоносовтың, Н.И.Новиковтың еңбектері палеография ғылымы саласын дамытуды мақсат тұтты. XIX ғ. бірінші жартысында Е.Болховитинов, К.Ф.Калайдович, А.Х.Востоков, П.М.Строев сияқты ғалымдардың бір тобы жазба ескерткіштерді жинап зерттеуде үлкен жұмыстар атқарды /18,27/.

XIX ғасырда құрылған Археологиялық комиссия, Москва университеті жанындағы Ресейдің тарихи және көне дүниелері қоғамы, орыс археологиялық қоғамы көне құжаттарды жариялау ісінде зор үлес қосты.

Деректерді жариялау әріптердің, жазу жазылған материалдардың, ерекше белгілердің, әшекейлерінің т.б.

палеографиялық белгілерін зерттеумен қатар жүрді. Соның нәтижесінде алғашқы көне қолжазбаларды, палеографиялық сипатталған еңбектер Е.Болховитинов, А.В.Горский, А.Х.Востоков, полиграфиялық суреттер жинағы (П.И.Иванов, И.П.Сахаров), ерекше белгілер (водяные знаки) таблицасы, алғашқы жүйеленген графикалық таблицалар дүниеге келді. XIX ғ. екінші жартысында, әсіресе XIX ғ. соңғы ширегінде палеографиялық белгілерді жеке-дара зерттеуден және жинаудан толыққанды талданып, қорытындыланған палеографиялық жұмыстар жазыла бастады.

XIX ғ. екінші жартысы-XX ғ. басында жарияланған И.М.Срезневский, А.И.Соболевский, Е.В.Карский, И.А.Шляпкин, В.Н.Щепкин т.б. еңбектерінде қолжазбаларды палеографиялық тұрғыдан зерттеудің жалпы тәсілдерін жасап, өте қызықты фактілер келтірілген материалдар енгізілген. Революциядан кейінгі уақытта палеографиялық зерттеулердің методологиялық негізі ретінде историзм принципін енгізуге бет бұрды /18,28/. Уақыт өткен сайын палеографияда ескі әдістер жетілдіріліп, зерттеудің жаңа және техникалық әдістері қолданысқа ене бастады. (Мыс., оптикалық суретке түсіру әдісі, арнайы белгілерді оқуға арналған бета-радиографикалық әдіс, т.б.). Палеографияның жеке-жеке бөліктерін тереңдетіп зерттеуге арналған жұмыстар: миниатюралар, орнамент, қағаздың айрықша белгісі (водяные знаки), штемпельдер, клеймолар, кейбір хаттардың графикасы, қабыққа жазылған грамоталар (Берестяные грамоты) зерттеу ісінде көп пайдасын тигізді.

1956 ж. шыққан Л.В.Черепиннің “Русская палеография” еңбегінің негізінде терең тарихи ізденіс жатыр. Бұл еңбекте жазба деректердің дамуы мен сыртқы белгілері тарихи кезеңдер аясында зерттеліп, қоғамның экономикалық, саяси және мәдени дамуымен тығыз байланыста қарастырылған. Палеографиялық мәтінді оқуда, талдауда

қолжазба графиктерінің үлгілері келтірілген қосымша құралдардың маңызы зор болды. (Қараңыз: Тихомиров М.Н., Муравьев Н.В. Русская палеография.— М., 1980).

XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басында қолжазбаларға талдау жүргізудің теориялық нұсқауларын жасауға қадам жасалды. Осы кезеңде жеке адамдардың қолжазбасына деген қызығушылық байқалады. (Қараңыз: Рейсер С.А. Палеография и текстология нового времени. — М., 1970; Николаева А.Т. Палеография.— М., 1980).

XX ғасыр құжаттарының палеографиялық нысан ретінде ерекшеленетін белгілері де анықталды. Олардың қатарына: қол жазуы, жазу материалдары, машинамен басылған мәтіндер кіреді.

Шығыс славяндардағы жазудың шығуы. Шығыс славян жазуының шығуы орыс мемлекетіндегі IX ғ. қайта өзгерулермен байланысты. Ортақ этникалық территориясы, ортақ тілі мен мәдениеті барлық шығыс славян халықтарының ерте орыс халықтарына бірігуі жазудың дамуына ықпал етті. Қарапайым образдар мен атауларды белгілеу үшін алғашында суретті жазу — пиктография қолданылды. Суреттерді қолдану арқылы әртүрлі заттар мен іс-әрекеттер берілді. Мысалы: дөңгелек шеңбер арқылы — күнді, толқынды сызық — суды, Крест арқылы отты белгіледі. Мұндай жазудың мүмкіншіліктері шектеулі болғандықтан, суретті жазу буындық (слоговой), одан соң дыбыстық (фонетикалық) жазуға көшті.

Христиандық дінге көшкенге дейін славяндарда жазу болған деген дерек бар. Оған византиялық және шығыс авторларының жазбалары, “орыстарға” арналған гректердің келісімдер туралы жылнамалар, орысша текстер дәлел. Көне славян жазу үлгілерінің бізге жеткен алфавиті кириллица мен глаголица. Екі әліппе де құрамы, аты мен әріп белгісі, тәртібі жағынан бірдей де, ал графикасы мүлде басқаша. Глаголица имектелген, күрделі болып келсе, кириллица анық, қарапайым және IX ғ. гректердің уставтық жазуына жақын.

Славян алфавиттерін жасау мәселелері болгар миссионерлері Кирилл мен Мефодийдің аттарымен тығыз байланысты. Ағайынды Кирилл (827-869, монахтық санды қабылдағанға дейін Константин деп аталған) мен Мефодий (815-885) Солун елді мекенінде туылды. Бұл қала тұрғындарының көпшілігі славян халықтары болды. 863 ж. Византия императорының жарлығымен православисені уағыздау үшін Моравияға жіберіледі. Сапарының алдында Кирилл славян әліппесін жасап, Мефодийдің көмегімен кейбір діни кітаптарды славян тіліне аударады. Ғылымда қай уақытта алфавиттің жасалғаны туралы және оның қайсысы Кириллдің қаламына жататыны белгісіз. Кейбіреулер ең ерте кездің алфавитін жасаған авторын Кирилл деп санайды. Кейбіреулері кириллицаны Кирилл жасады, ал глаголица одан бұрын пайда болған дейді. Кейбіреулер глаголица кириллицадан соң пайда болған, құпия жазу ретінде католик дінінің қудалауынан сақтау үшін қолданылған деген де пікір айтылады. Атақты лингвист В.А.Истрин Кирилл әліппесіне дейін славяндарда үш жазу түрі болды дейді, ол “Черт и резов” (суретті жазу, кесінді), “протоглаголдық”, “протокирилдік” жазу деп бөледі.

“Протокирилдік” жазу әр түрлі славян жерінде кейбір грек, латын немесе екеуінің де әріптерін қолданып жүрді. “Протокирилдік” жазуды біртіндеп славян сөзіне жақындатып, оның ерекшеліктерін ескере отырып Кирилл “кириллица” алфавитін жасады. Славян алфавиттерінің тағдыры әр қилы болды. Басында екі алфавит қатар қолданылды. Кейіннен глаголица алфавиті жазу үшін күрделі болғандықтан шығыс және оңтүстік славяндар кириллицаға көшті. Кириллица алфавиті уақыт өте келе, қазіргі славяндық алфавит жүйесінің негізін қалады: орыс, болгар, серб т.б.

Кирилл әліппесінде алғашында әрқайсысының өз аты бар 43 әріп болды. Олар:

А — аз; Б — буки; В — веди; Г — глаголь; Д — добро; Е — есть; ІЄ — е йотованное; Ж — живете; З — зело; Ѕ — земля; Н — иже; І — и; К — како; Л — люди; М — мыслете; Н — наш; О — он; Ѡ — от; П — покой; Р — рцы; С — слово; Т — твердо; Оу — ук; Ф — ферт; Х — хер; Ц — цы; Ч — червь; Ш — ша; Щ — шта; Ъ — ер; Ы — еры; Ь — ерь; Ъ — ять; Ю — ю; ІА — а йотованное; А — юс малый; ІА — юс малый йотованный; Ж — юс большой; ІЖ — юс большой йотованный; Ъ — кси; П — пси; Ф — фита; Ч — ижица.

X ғасыр мен XX ғасыр аралығында кириллица алфавиті өзгерістерге ұшырады, юс әріптері, пси, фита, ижица, А йотованное; Е йотованное, от (омега), зело, ять әріптері жоғалып, керісінше Й, Э, Ё әріптері енді.

Кирилл алфавитінің әріптерін сандарды белгілеу үшін де пайдаланған. Ол үшін әріптер мен сандар екі жағынан нүкте, үтірлермен ерекшеленген. Мысалы: А (1), В (2), Г (3); ондық пен жүздіктер: К — 20; Л — 30; Ф — 500; 5643 — ЕХМГ /18,33/.

IX ғасырда көне орыс мемлекеті, яғни Киев Русі гүлденіп, өркендей бастайды. Жазу тек басқарушы тап өкілдері емес, сонымен бірге қолөнер, сауда, тұрмыс салаларына да ене бастайды. Көне орыс мемлекетінде кітапшылар-мамандар пайда болды. Олар үлкен монастырлар мен кітап канцелярияларында еңбек етіп, кітаптарды көшіріп отырған. Олар ешбір қатесіз, дұрыс көшіруі тиіс болған. Ол сөздер жай емес, құдай кітабынан болғандықтан әрбір сөзге мән берген, өте жауапты қызметтегі адамдар деп есептелінген.

Палеографиялық жазу материалдары. XIV ғасырға дейін негізгі жазу материалы пергамен болды. Пергамен деген атау Пергама (қазір Бергама) Кіші Азияда орналасқан, б.ғ.д. II ғасырда пергамен жасау технологиясы

биік шыңға жеткен. Ол мал терісінен жасалған. Әсіресе, ұсақ мал мен жаңа туған бұзаудың терісі өте жақсы деп есептелген. Малдың терісін өткір пышақпен жүні мен етінен тазартып, жазу материалын алу үшін бірнеше бөлікке кескен. Өңделген пергамен ақ не сары түсті болған. Ресейге пергамен Византия арқылы жеткен. Басында оны кожа, “телятина” деп атаған. “Пергамен” сөзі XVII ғ. бастап Ресейге поляк тілі арқылы жетті. Пергаменнің нашар да, сапалы да жазылған түрлері кездеседі. Пергамен өте қымбат болғандықтан, бір теріні бірнеше рет жуып, тазалап пайдаланған. Осындай бұрын қолданылған терілерге жазылған кітапты, қолжазбаны “палимпсестами” деп атаған, ол грек тілінен аударғанда “стираю” – “жуамын” деген ұғымды білдірген. Бұндай материалды оқу үшін химиялық реактивтер қолданған. Бірақ бұның қауіптілігі сонда, жазуларды мүлдем жоғалтып не өшіріп алған жағдайлар болған.

Қазіргі кезде палимпсесталарды оқу үшін рентгенокопия, инфрақызыл және ультракүлгін сәулелерін, фотоға түсіру әдістерін қолданылады.

Батыс Европа мемлекеттерінің көптеген кітапханаларында теріге жазылған жазулар көптеп сақталған. Орыстарда ол өте аз кездеседі.

Орыстар материал ретінде қабықты (береста) көп қолданған. Қабықтан жасалған грамоталар Новгород, Псков, Смоленск, Витебск, Москвадағы қазылған археологиялық жұмыстардан табылды. Береста – қайың қабығы, мықты, арзандау материал және жақсы сақталады. Жазу материалы ретінде жан-жағын кесіп, өңдеп жұмсартқан. Жерден табылған Береста грамоталарын содалы ыстық сумен жуып, екі әйнек арасына салып, қыртысын жазып, кептірген. Ол өте арзан материал болғандықтан іскерлік құжаттарды көп жаза бермеген, көп қолданбаған. Көбінесе тұрмыста, есеп беру (шаруашылық) жағдайларында, оқыту ісінде қолданылған. Бір ерекшелігі қабық қағазға әріптерді жазбайды, басып түсірген. Оған үшкір

заттарды пайдаланған. Сондықтан олардың графикасы көмескілеу түсіп, қисықтау, шығыңқы болып келеді.

Алғашқы сиялар өте қою, қоңыр түсті болған. Олар әсіресе пергаменге өте жақсы сіңіп, қиындықпен жуылған. Оларды дайындау үшін тұз, темір, қышқыл заттарды пайдаланған. Практикада қара түс те кездескен. Оны алу үшін оған қара күйе қосылған. Сия ақпас үшін оған өсімдіктен алынатын камедь атты зат қосып, созылмалы қылған /18/.

XIV ғасырдың бірінші жартысында жазу материалы ретінде қағаз пайдаланыла бастайды. Қағазға жазылған ең алғашқы құжаттар Семен Гордыйдың ағалы-інілі Иван мен Андреймен жасасқан шарты (1341), Ярославск Спасск монастырына (1345 ж. шамасында) Нижегород князі Василий Давыдовтың жолдаған сыйлық грамотасы. XV ғасырдағы қолжазбалардың көп бөлігі қағазға жазылған, ал XVI ғасырда сирек қолданылған. Алғашқы кездерде Ресейде шетел өндірісінің қағаздары пайдаланылды: XIV-XV ғасырларда итальян, XV ғасырда – француз, сонан соң неміс, XVI ғасырда – поляк, ал XVII ғасырда – голланд қағазы пайдаланылды. Ал XVI-XVII ғасырларда Ресей өз қағазын өндірістік жолмен шығаруға әрекет жасады. Бірақ тек XVIII ғасырдың бірінші ширегінде ғана бұны жүзеге асыруға қол жетті /6,11/. Қағаз жасап шығарғанда сұйық масса рамаға керілген сым тордың үстіне күйылды. Бұл масса кепкен соң, рамадан дайын қағаз алынды. Мұның бетіне сымның орны жарыққа ұстағанда көрінетін мөлдір сұйықтар болды. Фирма мен қағаз сортын таңбалау үшін фабриканттар торға ерекше сым суреттерді өрді, бұлардың табы судағы тақта немесе филигрань деп аталды. Судағы таңбалар (водяной знак) қағаздың шыққан уақыты мен жерін анықтауға мүмкіндік берілетіндіктен ғалымдар XVIII ғасырдың өзінде-ақ датасы қойылып, судағы таңбалардың альбомдарын құрастыра бастады. Қазір тарихшылар К.Я.Промониннің, Н.П.Лихачевтің, Ш.Брикенің атластарын, М.В.Кукушкинаның, С.А.Клепиковтің

ж.т.б. анықтағыштарын пайдаланады. Қолжазбаларда ұшырайтын судағы таңбалардың түрлері XIV ғасырда – сызықтармен қиылған, креспен бітетін екі шеңбер, безендірілмеген құмыра, шағын кеме, айбалта, қашып бара жатқан бұғы, XV ғасырда – үш тау, қайшы, екі кілт, өтеш, ит, әйел фигурасы, жүзім бұтағы, тәж, тәж астындағы жұлдыз, якорь, дельфин, готикалық әріптер М мен Р, аңшылық, керней, үш линиялы герб, XVI ғасырда биялай, әр түрлі құмыралар, француз фабриканттарының есімі бар таңбалар, шошқалар, поляк гербтері, бұқа бастары, француз қалаларының гербтері, Амстердам қаласының гербі, бүркіт, сыбызғы, патша тәжі. XVIII ғасырда қос басты бүркіт, сыбызғы, Георгий Победоносецтің суреті салынған Москва гербі, айбалталы аю, т.б. Ол туралы мына кітапта толық айтылған: Л.В.Черепнин. Русская палеография. М., 1956. Қолжазбалардағы бас әріптер немесе тақырыптар сырмен, әсіресе қызыл сырмен жазылған. Осыдан барып орыстың “красная строка” деген сөзінен “жаңа жолдан бастау” деген түсінік қалыптасқан /6,12/.

Көне славян және шіркеулік славяндық тілдер. Көне славян тілі бір кезде өте көне тіл болды. Ерте заманда ол әртүрлі ерекшеліктерінің барлығына қарамай барлық славян елдеріне түсінікті болды. Тұрғындардың территориялық, яғни сол жерге тән, көне славян тілінен артықшылықтарын “изводтар” деп атаған. “Изводтарға” болгар, серб, орыс (көне орыс) тілдері енген. Егер көне славян тілі сөйлеу тілі болса, шіркеулік славян тілі – құдай кітаптарының, құпиялық ету тілі деп есептелген. Ол орыстарда, украиндарда, белорустарда, болгарларда, сербтерде, македониялықтарда болды.

Бұл тіл IX ғасырда қалыптасып, православиелік христиандар үшін жалпы тілге айналды. Орта ғасырлық мәдениет діни сипатта болғандықтан, шіркеулік славян тілі мәдениет тіліне айналды. Славяндар бұл тілде библияны оқыды, грек, латын құдайшыларын тыңдады,

византиялық тарихи және ғылыми шығармаларды оқыды. Көне шіркеулік славян тілінің шығуы Кирилл мен Мефодийдің атымен тығыз байланысты. Олар көне славян тілін грек, латын тілдерімен қатар нығайтты. Көнеславян тіліне қарағанда шіркеулік славян тілі кітаби тіл болды. Қазіргі көне славян тілін құдайға құлшылық негізі ретінде “жаңа церковтық” деп атайды. Бұл терминді белгілі палеославист Вячеслав Францевич Мареш алғаш қолданды. Көне Ресейде кітапшы-кәсіпшілер болған. Олар кітапты қатесіз көшірумен айналысып, үлкен монастырьлар мен князьдар канцелярияларында қызмет еткен. Өте көне орыс деректеріне “Остромирово Евангелие” (1056-1057), Святославтың екі “Изборниктері” (1073, 1076), “Мстиславо Евангелие” және ұлы Киев князі Мстислав Владимировичтің Новгородтық Юрьев монастырына жіберген грамотасы (1130) /18,43/ жатады.

Жазу графикасы. Кирилл жазуының 3 түрі белгілі: устав, полуустав, скоропись. Пергамендегі жазулар (XI-XIV ғғ.) уставпен жазылған. Уставтық жазудың жалпы сипаттары әріп графикасының геометриялылығы, кейбір сөздер арасында еңкіштік пен аралықтың жоқтығы. Әріптердің тік бөлігі жазу жолына перпендикулярлы, ал горизонтальды әріптер параллельді түседі. Устав тыныс белгілерінен нүктені қолданды. Нүкте әріптің екі жағына қойылатын болған. Қысқартылған сөздерге “титло” қойылды. Уставтық тілмен құжаттар, діни қағаздар толтырылды. Жазу құралы ретінде жазушылар күс қанатын, әсіресе қаз қанатын көп қолданған. Олар XIX ғасырға дейін қолданылып келді. Қанаттан жасалған қаламды жұмсартып, майынан тазарту үшін оны ыстық және ылғалды құмға не күлге салған. Одан соң пышақпен екі жағын тесіп, сия құятын тесік қалдырған.

Қабықты грамоталарға жазу сүйек немесе темір затпен жазылған. Көне жазбалардың әшекейленуі де

болған. Оған ою-өрнек, миниатюра, далалық гүлдер, өрілген әріптер (вязь) салып, мұқабасы мен инициалдарды әдемілеген.

XII-XV ғасырлардағы жазуларда криптография кездеседі. Яғни – күпия жазу. Кейде криптографияны автордың есімін жасыру үшін де қолданған. Көп жағдайда саяси, дипломатиялық маңызы бар құжаттарды күпия жазумен жіберген.

Қолжазбалардың форматы мен әшекейі. Текстер жазылған пергамен парақтарының белгілі бір көлемі болмады. Шамамен біздің жазу қағазымыздың қос парағына тең қағаз парағының шамасы болды десек неғұрлым дәлірек болады. Іс жүзінде текстер не осындай парақта, не скіге, төртке бөлінген парақтарда жазылды. Кейіннен бұлар тиісінше былайша белгіленді: парак, ширек парак, әшмөшке (восьмушка) және т.б.

Ең ежелгі қолжазбалардың текстері дәптерге қатталған парақтың екі жағына бірдей жазылды. Бұлардың әрқайсысы төрт қос парақтан тұрды. Егер қолжазба көлемді болса, дәптерлер кітап болып тігілді. Ұзақ сақталуы үшін ол түптелді. Құнды кітаптар күміс немесе алтын жалатылып, қымбат тастармен әшекейленген былғарымен қапталып, түптелді. XIII ғасырдан бастап ромбы және жүрекше тәрізді таңбалы ірі торда Византия үлгісі бойынша жасалған өрнектеу қолданыла бастады. XVI ғасырдан бастап бұл неғұрлым астарлы да күрделі бола бастады. XVII ғасырдың орта шенінен бастап алтындап салған өрнектер ұшырайды. Осылайша түптелген кітаптарды бұзылудан сақтау үшін бұларға кейде сирақ жасап, басына шегелер қағып орнықтырған. Қолжазбаның немесе тараудың, кейде абзацтың басында заставкалар, яғни парақтың бүкіл енін, ал биіктігі жағынан кейде оның үштен біріне дейінгісін алып жатқан безендірілген өрнектер жасалды. Қолжазбаның қалған бөліктері колонкалармен, яғни әсем етіліп жазылған және

әшекейленген бас әріптермен безендірілді. Кейде кітаптың жиегіне (жиектегі гүлшелер) және соңына да жасалынды. XI-XII ғасырларда стильденген нәрселер кірістіріліп жазылған, ең қарапайым фигуралардан тұратын көне орыс немесе көне Византия ою-өрнегі басым болды. XIII ғасырдан бастап оюларда ұлттық, халықтық сарындардың ықпалы мен сюжеттері орын алды. Өзара өрімделген белдіктер мен бұтақтардың фонында рамка ішінде және одан тыс фантастикалық жануарлар – аждаһалар, грифтер, арыстандар бейнеленді. Ою-өрнектің мұндай стилі ғажайыптық (тератологиялық) деп аталды /6,13/. XVI ғасырда Ресейде жаңа өрнектер мен әшекейлер тек аққа қарамен немесе керісінше түспен жасалынды.

Штрихтар қолданыла бастады. Оқырмандардың талғамына сәйкес ою-өрнек үш түсті болды да, өнерде үстемдік еткен стильдердің XVII ғасырдағы барокко, XVIII ғасырдағы рококо, XIX ғасыр басындағы ампиризм стилдерінің ықпалына ұшырады. Оқиғалардың мазмұны ашпа беттеріне онда не туралы айтылатынын бейнелейтін миниатюралар көптеген құнды қолжазбалардың әшекейі болды. XVIII ғасырдан бастап парақтар дәптерге тігілетін болды. Бір мазмұнды немесе тектес маңызды материалдары бар дәптерлер іріктіріліп, буылды. Мұндай буындылар нөмірленіп, канцелярия архивтерінде сақталды. Қолжазбаларды әсем етіп көрсету үшін ерекше декоративтік жазба вязь жиі қолданылды. Әдетте вязь арқылы қолжазбаның бас тақырыбы немесе бастапқы бөліктері ерекшеленді. Вязьбен жазылған текстері бар алғашқы орыс таңбалары XIV ғасырдың аяғына жатады. XV ғасырда вязь өте ең таралды.

Көне түрік жазулары. Адам баласының өміріндегі ең жақсы дүниелер – сана (разум) және сөз (речь). Плуларх жазудың адамзат баласы өміріндегі мәнін жақсы көрсеткен. Тіл – адамзат мәдениетінің қалыптасу құралы.

Өте көне өркениеттер жері Алдыңғы Азия, Египет, Греция, Италия мемлекеттері үшін жазу өте маңызды роль атқарғаны белгілі.

Б.д.д. V ғасырға жататын Қазақстан ғалымдары ашқан “Есіктен табылған күміс тостағандағы” 26 руникалық белгі есімізде. 26 таңбаның — 26 үнсіз ғасырға теңелгені еліміз үшін бұлар алтын қазына /19,17-27/. Бұл жазуды көне түркі тілінде оңнан солға қарай оқыған белгілі түріктанушы, фил. ғ.д., проф. А.Аманжолов былай көшірді: “Аға, сақа, очук! Без, чок! Букун ічре азук!” Қазақшасы: “Аға, саған (бұл) ошак! Бөтен (жат ел адамы) тізенді бүк! Халықтың қарны тоқ (болғай)!” Бұл жазудың аса бір құндылығы — ертедегі Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың тілі көне түрік тілі болғанын дәлелдейді¹. VI-XII ғасырлардағы сақтардан қалған мұраны Түрік қағанаты жалғастырды. Көп түрік-танушылардың зерттеуі бойынша Түрік қағанатының ресми жазуы — соғды алфавиті болды. Осы алфавит негізінде VII ғасырдың I жартысында көне түрік руникалық алфавиті дүниеге келді. Бұл алфавиттің бір ерекшелігі сол — ағаш пен тасқа жазуға бейімделген алфавит болатын.

Скандинавия халықтарының тілінде “рунь”, яғни “руна” деген сөз қазақша аударғанда “сыры ашылмаған”, “құпия” деген мағынаны береді. Табберт-Страленберг өзі тапқан құлпытасардағы бұрын-соңды тарихта белгісіз болып келген, ешкім түсінбейтін жат жазуды өз елінің тілінде “руна” деп атаған еді. Бұл тіл білімінің термині ретінде бертін келе кеңінен тарап кетті /20,35/.

Көне түрік руникалық жазбаларының гүлденген шағы VII-IX ғғ. Енисейде, Алтайда, Орталық Азияның солтүстік-шығысында руника жазуы X-XI ғасырларға дейін қолданылды. Көне түрік ескерткіштері арасындағы Монғолиядан табылған Білгеқаған, Күлтегін, Тонықок,

¹К.Аманжолов., Қ.Рахметов. Түркі халықтарының тарихы. Алматы, 1996, 21-б.

Орхон, Толь, Селенгі өзендері бойынан табылған ескерткіштер жатады. Ортаазиялық ескерткіштер тобына Талас алқабы бойынан табылған жазулар, монеталар, үй-тұрмыс бұйымдары, керамика мен металл жатады. Көне түрік жазбаларының зерттелу процесін алты кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең — XVII-XVIII ғғ. руникалық текстерді зерттеу.

1692 ж. Амстердам бургомистрі Николай Видзен “белгісіз” жазулар туралы хабарлады. 1697 ж. Тоболь бояринінің ұлы Семен Ремезов “Чертеж всех сибирских градов и земель и чертеж земли всей безводной и малопроездной каменной степи” картасын жасады. Бұл картаға Талас өзенінің жоғары бойында, Дмитриевка селосының маңайындағы, қазіргі Қырғызстан жеріндегі “Камень орхон” деп аталатын топографиялық пункт түсірілген. Екі ғасыр өткен соң, 1896-1897 жж. В.Каллаур және Г.Гейкел осы маңдағы тастағы руникалық жазуларды ашты. XVIII ғ. басында Сібір территориясында Енисей алқабында руникалық текстер барлығы жөнінде хабарлар тарай бастады.

1719-1722 ж. Сібір мен Маньчжурияға I Петрдің жарлығымен экспедиция ұйымдастырылады. Оның құрамында натуралист Д.Г.Мессершмидт болды. 1793 ж. Т.Байер экспедициялары, П.С.Паллас экспедициялары өтеді. Т.Байер руникалық белгілерді кельт жазуы деп қарастырды. Паллас экспедиция нәтижелерін жариялады. 1730 ж. тұтқындағы швед офицері, 13 жыл Сібірде тұтқында жүріп, Филипп Иоганн Страленберг руникалық текстер туралы мәліметтер айтады.

Енисей руникалық жазулары өте көне V-VII ғғ. болып белгіленді. Екінші кезең — руникалық жазуларды оқу XIX ғ. басы. 1818 ж. Г.Спасский “Записи о сибирских древностях” деген еңбегін жариялады. Бұл еңбек шығыс тілі маманы Абель Ремюздің назарын аударып, ондағы руникалық жазулар үйсін тайпаларының деп қорытындылайды. Алайда, Спасский бұл жазуларды монғол немесе

қалмақ тайпаларының деді. Ал, Ю.Клапрот түрік руналарын грек жазуларына ұқсатты. 1857 ж. Спасский тағы дискуссия көтеріп, онда түрік рунасының славяндық тегі бар екенін айтты. 1859 ж. А.Шифнер теориясы бойынша руникалық алфавит тамгадан пайда болды деді.

1889 ж. – жаңа, үшінші кезең басталды. Мұны бастаушы – ұлы орыс ғалымы Н.М.Ядринцев. Ол бүкіл дүние жүзіне Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштерін ашып берді. Ескерткіш Улан-Батордан 400 км батысқа қарай Цай-дам өзеніне жақын Кокшин-Орхон районынан табылды. Күлтегін ескерткішінің табылуы руникалық жазуды оқуға болатыны дәлелдеді. Н.М.Ядринцев көптеген ғалымдардың пікіріне, теорияларына тосқауыл қойды /19, 20-21/.

Солтүстік Монғолиядағы Орхон өзені бойынан Н.М.Ядринцев тапқан ескерткіштер – шығыс түрік қағанатының он жетінші қағаны Білге қаған мен қағанның інісі, даңқты әскери қолбасшы Күлтегін қабірлеріне қойылған орасан зор құлпытастарға қашап жазылған ұзақ жыр жолдары еді. Сөйтіп, руна жазуындағы ең үлкен ескерткіштер Орхон мен Енисей өзендері алқабынан табылды. Осыған орай руна жазуының өзін бертін келе Орхон-Енисей жазуы деп кетті. Бұл жазудың тілі мен стилистикасына қарап, көне түркі жазуы деп те атай береді /20,35/.

1893 ж. 15 декабрьде Дат корольдігі Ғылым академиясының кеңесінде В.Томсен руникалық жазулардың аудармасын ұсынды. Орхонның бойынан табылған ескерткіштер әлемдік лингвистикадағы үлкен жаңалық болды. 15 ғасыр өткен соң көне түрік руникалары сөйледі.

Вильгельм Томсен ескерткіштердің түркі халықтарының тілінде жазылғанын мәлімдеді. Ғалымның ең алдымен оқыған сөздері “тәңірі” және “түрік” деген сөздер екен /20,35/. Дәл осы кезде академик В.В.Радлов та өз бетінше ізденіп руна жазуының он беске жуық әрпін

анықтап алған еді. Арада көп уақыт өтпей-ақ В.В.Радлов Орхон өзені бойынан табылған үлкен тастардағы тексті толық оқып, оған аударма жасап шықты. Күлтегін жазуларының аудармасы 1894 ж. 19 қаңтарда Ресей Ғылым академиясының кеңесінде В.В.Радловтың ұсынысымен талқыланып, осы жылы 50 дана болып таратылды /19,21/.

1899 ж. П.Мелиоранскийдің аудармасы дүниеге келді. Көне руникалық жазуды зерттеушілер қатарында В.Банг, Г.И.Рамстедт, А.Лекок, Ф.Хирт т.б. болды. В.Бартольд, М.Маркварт, Е.Броше т.б. бастап түрік тілдес мәтіндерді зерттеді. 1909 жылдан бастап төртінші кезең басталды. Археологиялық экспедициялар нәтижесінде руникалық текстер діни, құқықтық тұрғыда қағаз бетінде жариялана бастайды. Лекок, Грюнведель, Штейк, Ольденбургтердің археологиялық экспедицияларының материалдары құнды болды. Бұл түрік жазуы мәтіндерін В.Томсен, В.Радлов, А.Лекок, Андреастар оқыды. 1896 ж. В.Радлов Қазақстан жерінде, Айыртам жартасынан Талас өзенінің бойынан табылған руникалық сөзді оқыды. Оны Әулие-Ата уезінің бастығы В.Калдаур тапты. 1912 ж. проф. В.Котвич Улан-Батор аймағынан Ихе-Хуисоту елді мекенінен 29 жолдан тұратын орхон жазуын тапты. Ол шамамен 731 ж. атақты бек Кули-Чорға арналған делінеді. 1913 ж. екі руникалық жазу: Суджи және Селенгі өзендерінің бойынан алғашқы ұйғыр династиялары туралы жазылған тастар табылды. Оны 1909 ж. Г.Рамстедтің экспедициясы тапты. Ол ұйғыр династиясының 1-ші ханы Мойыншорға арналған.

1913-14 жж. Дат академиясы Томсонның аудармаларын жариялады. Польшада В.Котвич экспедициясының есептері жарық көрді.

Бесінші кезең кеңес дәуірі кезіндегі Ұлы Отан соғысына дейінгі уақыт.

1920 ж. С.Е.Маловтың монографиясы шықты. “Древнетюркские надгробие с надписями бассейна р. Талас” және “Новые памятники с турецкими рунами. Язык

и мышление VI-VII вв.” деп аталады. Археолог М.Массон геологтардан алған ағашқа жазылған жазу туралы мәліметтерді сұрап алып, талдап, көне руникалық жазулар хрестоматиясын басып шығарды. Сондай-ақ, Б.Владимирцев, С.Кисилев, А.Бернштам, В.Бартольд, Н.Козьмин руникалық жазулармен жұмыс істеді. Соңғы 30 жылда Қазақстан ғалымдары эпиграфиялық жазуларды ашты. Олар Талас, Іле, Сырдария, Ертіс, Жайық өзендері бойынан, 1960 ж. Шардарадан, 1969 ж. Ұйғыр ауданынан, 1985 ж. Марқакөлден тапты. Көне түрік жазуларын Қазақстан ғалымдары О.Сүлейменов, А.Аманжолов, Ғ.Айдаров, Ғ.Мұсабаев, А.Махмутов, М.Жолдасбековтер зерттеді. Бұл тақырыпта 20 монография, 250 мақала жазылып, 6 кандидаттық, 3 докторлық диссертация қорғалған /19,24/.

Монуменалдық жазу – қасиетті жазу. Яғни мәңгілік тасқа басылып қалған жазулар – Күлтегін мен Тоныкөк, Білге қаған мен Тармат, Құла шор мен Мойын шор, Талас пен Есік, Ертіс пен Іле ескерткіштері мен қағаз бетіне түскен “Қорқыт ата”, “Оғызнаме”, “Құтты білік”, “Қашғар-түрік сөздігі”, Яссауидің “Диуани хикмет” жазбалары.

Ескерткіштер 689-744 жж. екінші Түрік қағанаты мен 745-840 жж. Ұйғыр қағанаты тұсында қойылған. Білге қаған мен оның інісі Күлтегін қолбасшыға 732-735 жж., Тоныкөкке 716 ж. қойылған.

IX-XII ғғ. швейцар шығыстанушысы Адам Мед “Мұсылман ренессансы” деп атаған Күлтегін жазуы 40 үлкен жол, 13 кіші жолдан тұрады. 1957-58 жылдары Орхон өзені алқабында орналасқан Хошо-Цайдамадағы Күлтегін атты түркілердің басшысының ескерткішіне Монғол-Чехославакия археологтары қазба жұмыстарын жүргізді. Зерттеу барысында руникалық жазба бөліктері тастан қашалған Күлтегіннің басы және VIII ғ. құмыралардың қалдықтары табылды. Білге қаған (Беклен, Қытай

жазбаларында Пицэ, Кэ Хань, Могилян) (683-734) – Шығыс түрік қағандығының он жетінші қағаны, Қапқан қағанның (Мочже) баласы 13 жасында кіші шад лауазымын алып, 716 жылы қаған болып жарияланды.

Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі рәміздік белгілер. Күлтегін ескерткішіндегі мәтін жазылған пирамида түріндегі 3,15 м стелланың ұшы бөрі бейнелі бесбұрышты қалқан етіп ойылғаны белгілі /21,274-275/. Көне түрік дүниетанымында ол – еркіндік, азаттық, елдік пен тәуелсіздік ұғымдарын білдіреді. Көк бөрі түрік халықтарының тотемі, ортақ киесі. Түркі жұртының негізін қалаған Ашина Алтай тауына қоныс аударғаннан кейін ең алдымен “өзінің тегін ұмытпайдығын елге жария ету үшін қақпасына қасқыр басты туын іліп қойды. Қазақтар қасқыр басты туды ертеде “бөрілі байрақ” деп атаған. “Бөрілі найза” деген ұғымда түріктерде рәміздік роль атқарған. Сүйінбай ақын:

Бөрілі байрақ астында,

Бөгеліп көрген жан емен.

Бөрідей жортып кеткенде,

Бөлініп қалған жан емен.

Бөрілі найза ұстасам,

Түйремей кеткен жан емен.

Бөрілі байрақ құласа,

Күйремей кеткен жан емен, – деп жырлаған.

Түркі қағандарының жеке күзет тобындағы сайыпқырандарды “бөрі” атаған деректер бар. Онгүн ескерткішіндегі 64 балбал тастағы сәйкес белгі аша V таңба түрінде қашалған. Ол найман тайпасының рулық таңбасына ұқсас.

Көне түрік ескерткіштерінде таңбаланған рәміздік белгілер арасында айдаһар, таутеке, тасбақа, қошқар бейнелері мен ою-өрнектер кездеседі. Ескерткіштерде бедерленген күн, ай белгілері де рәміздік белгілерге жатады.

ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУДАҒЫ МУЗЕЙЛЕРДІҢ РОЛІ МЕН МУЗЕЙ ІСІ ТУРАЛЫ

Музей – жалпы адамзат баласының өмірінде заттық және рухани мәдениетті танытуда, зерттеу мен насихаттауда үлкен роль атқарады. Әсіресе, ұлттық, мәдени, азаматтық, әскери, еңбек жетістіктерін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің ерекшеліктерін оқып-үйренуге оның көмегі зор. Музей ісі – ғылымның, білім беру ісінің маңызды бір саласы. Осы уақытқа дейін Қазақстандағы музейлер көбінесе тарихи бағытта жұмыс істеп келді. Кеңес дәуірі кезеңінде жалпы тарихи, тарихи-революциялық, әскери-тарихи, этнографиялық, өлкетану музейі болып бөлінді де, олар жалпы музейлердің 63%-ын құрады. Қазір Қазақстанда тарихи, өлкетану бағытындағы музейлер басым. Оларға мемлекет тарапынан көп көңіл бөлінуде. Себебі, онда ғылыми жинақтау, ғылыми қор, экспозиция, көрме, үгіт-насихат бағыттары жұмыс істеп, жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысында маңызды роль атқаруда.

Музей алғашқыда аса бағалы бұйымдар мен мәдени жәдігерлерді сақтайтын қазыналық қор ретінде қалыптасты. Уақыт өте келе ол әдістемелік қызметі жетілген функционалдық институттарға дейін дамып жетілді. Жаңа мыңжылдықта адамзаттың жаһандану дәуіріне аяқ басу кезеңінде музей қызметіне жаңа ақпараттық құрал-жабдықтар мен интеграциялық үрдістер дендеп снуде.

Музей – табиғи және адам қолымен жасалған өнер туындылары мен көне заман ескерткіштерін, олардың үлгі-нұсқаларын жинақтап сақтайтын, сондай-ақ бұл мұраларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе отырып, осы негізде қоғам мүшелеріне тәлім-тәрбие беретін ғылыми-мәдени және рухани мекеме. Сондықтан да бүгінгі күні әлем мемлекеттері арасынан музейі жоқ елді кездестіру мүмкін

емес. Ал, әлем мемлекеттеріндегі музейдің қалыптасуы мен дамуы сол халықтардың өзіне тән ұлттық ерекшеліктеріне байланысты.

Қазақ халқында ата-баба мұрасына ерекше құрметпен қарап, салт-дәстүрін сақтап өсіп келе жатқан ұрпақтарына тәлім-тәрбие беру тек атадан қалған нақыл сөздермен немесе шебер әрі орынды айтылған ақыл-кеңеспен, сондай-ақ, жағымсыз қылықтарға тыйым салып отырумен шектелмейтіні белгілі. Отбасы тәрбиесінен басталатын Отанын, ел-жерін сүю, ардақтау қатарлы т.б қасиеттер әрбір жеткіншек пен азаматта өз жерінің, ауылының, аудан, облысының тарихын, оның табиғатын, байлық ресурстары мен шаруашылық ерекшеліктерін, географиясын, жануарлар әлемін жетік білуінен бастау алатыны сөзсіз.

Музей қоғамдық институт ретінде атқаратын әлеуметтік функцияларын қоғамдық-экономикалық жағдайға сай жүргізеді. Арнайы пән ретінде музейтану теориялық және әдістемелік бағытта музей ісін дамытып, оның тарихи тәжірибесін жинақтайды.

Кеңес үкіметі тұсында музейлер ғылыми-зерттеу және ғылыми-ағартушылық қызмет атқарды. Бірақ олардың жұмысы идеологияға негізделген, көбінесе кеңес үкіметінің жетістіктері мен жеңістерін насихаттауға арналды. Қазақстандағы музейлердің қызметі еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты көп өзгерді. Музей – арнайы жабдықталған, қоғамдық қажеттіліктерді өтеуге арналған, тарихи-ғылыми дерек ретінде жәдігерлерді сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін, әлеуметтік ақпарат құжаттарын жинайтын, эстетикалық құндылықтары бар мекеме болғандықтан оларға қойылатын талаптар да күшейді.

Музей ісі – қоғам дамуымен тығыз байланыстағы сала. Ол ғылым мен білімнің, мәдениеттің қалыптасуына тікелей әсер етеді. Барлық музей ісіне байланысты жинақталған тәжірибе мен музей ісінің мәселелерін көтеретін

арнайы әдебиеттерде жарық көрген ғылыми білімдер жиынтығын “музейтану” деп атайды. Бұл термин ХІХ ғасырдың екінші жартысында ғана пайда болғанымен, көптеген тілдерде ертерек орнығып қалды. Ғылымда бұрынғы қолданылған “музография” деген термин музейге қатысты барлық шығармаларда қолданылып келді, ал ХХ ғасырдың ортасынан бастап тек музейді сипаттауға ғана пайдалынылды. Музейтану терминін көбінесе “музей ісіндегі ғылыми ілім” немесе “музей теориясы” деп қарастырады. Бұл ұғымдардың барлығы музей мен ғылым арасындағы байланысты терең көрсете алмайды. Музейтану ХVІ ғасырдан бастап өзінің теориялық жүйесін тәжірибемен біріктіріп, қорытындылау арқылы ұзақ мерзімнен соң басқа ғылыми салалар арасындағы өз орнын тапты. Соңғы жылдары ғана музейтану жалпы ілімдік пән ретінде негізгі ұғымдарды қалыптастырып, бағытын айқындай бастады. Музейлердің Халықаралық кеңесінде музейтану ғылыми сала ретінде толық қабылданды. 1977 жылы Кеңес Одағында өткен музей ісіне байланысты Халықаралық ХІ конференцияда Халықаралық музеология комитеті құрылады. Онда іргелі ғылыми-зерттеу еңбектерді жазуға бағдарламалар қабылданып, музейтануды университеттерде оқытуға ұсыныс жасалды /25,3-9/.

Музей ісінің негізгі белгілері — музей жәдігерлерін жинау, есепке алу, сақтау, консервациялау, зерттеу. Музей арқылы ақпарат тарату қоғамдағы байланыстың айрықша жүйесі. Жұмысты ұйымдастыру формалары әртүрлі. Оған заттық көрмелер, экспозициялар ұйымдастыру, дәрістер оқуды ұйымдастыру т.б. жатады.

Музейтану — қоғамдық ғылым, әлеуметтік ақпараттың сақталу процестерін музей жәдігерлері арқылы танымдық білім беріп, эмоциялық әсер қалдыратын және әртүрлі қоғамдық-экономикалық жағдайдағы әлеуметтік заңдылықтардың формалық қызметін музей жәдігері, музей ісі арқылы зерттеп, жүзеге асыратын пән және тарихи өлкетану саласымен тығыз байланыста дамиды.

Арнайы пән ретінде музейтану музей ісінің теориялық және ғылыми-әдістемелік негіздерін жасайды, музей ісіндегі тарихи тәжірибені қорытындылайды. Кез келген ғылыми саланың зерттеу нысанасы мен зерттеу пәні болады. Музейтанудың негізгі нысанасы — музей, музей ісі, музей жәдігері. Музей және музей ісі тарих, тарихи өлкетану, мәдениет, өнертану, социология және басқа ғылыми салаларда зерттеу нысанасы ретінде қарастырылады. Сондықтан зерттеу пәні үнемі өзіндік, арнайы заңдылықтарды анықтайтын ғылыми жүйе ретінде қарастырылуы қажет. Зерттеу пәні арқылы білгілі бір саланы зерттеуге қызығу-шылық тудырып, гносеологиялық міндеттерді шешуге болады. Музейтану пәні негізінен “Музей жәдігері”, “Музей”, “Музей ісі”, “Тарихи өлкетану” сияқты терминдердің төңірегінде оқытылып, зерттеледі.

Музей ісінің теориясы тарих, мәдениет тарихы, өнертану, социология, этнография, археология т.б. ғылыми салаларды да зерттейді.

Зерттеу нысанасына қарағанда зерттеу пәні ерекше белгілі бір заңдылықтар аясында қарастырылатын жекедара ғылыми пән болып келеді. Зерттеу пәні ғылымның гносеологиялық міндетін, бағытын, қызығушылығын, шеңберін көрсете алуы қажет. Егер зерттеу нысанасын тез, қарапайым жолмен анықтауға болатын болса, зерттеу пәнін анықтау оңай емес. Зерттеу пәнін анықтау — ғылымның негізгі теориялық міндеттерінің бірі. Ол зерттеудің әдістемелік жағымен тығыз байланысты және арнайы зерттеудің нәтижесі болып табылады.

Музейтанудың теориялық зерттелуі көбінесе бұрынғы социалистік мемлекеттердің ғалымдарының үлесінде болды. Чехословакия ғалымы И. Неуступный 50-жылдары музейтануды зерттеу пәніне жатқызу туралы мәселені көтерді. 1964 жылы Германияда (ГДР) өткен пікірталас кезінде талқыланған “Тезистер жобасында” алғашқы анықтама берілді. Авторлар музейтануды деректік пән

ретінде қарап, оның “зерттеу пәніне бүкіл музей ісінің жұмысы жатады” деп қарастырды. Оларға: музей материалдарын саралау, таңдау, қорларды жүйелеу, жәдігерлердің деректік бағасын, дәрежесін анықтау, қайта қалпына келтіру, консервациялау әдістері, музей жәдігерлерін қорғау, сақтау, музейге келетін адамды байқап-білу, тану, музей заттарын экспонат ретінде зерттеу. Бұл жерде қойылған негізгі міндет — музей жәдігерлерін тану болды.

Чехословакия ғалымы И. Бенеш “музейтану — арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеттің жиынтығы және сол арқылы музейдің әлеуметтік функцияларын атқаруы” деп анықтама беріп, музей жәдігерін жұмыстың негізгі қозғаушы күші ретінде қарастырды. З. Странский жұмыстары музейтану мен оның зерттеу пәніне теориялық негіздеу жағынан анықтама берген. 60-жылдары музейтануды дербес ғылыми сала дегенді қостап, ол музейтану пәні музейлік мекеме ретінде емес, “музей ісінің саласы” деп қорытындылады. Ол құжаттарды жинау мен музей жәдігерлерін, түп деректерді зерттеуге көңіл бөліп, кейіннен адамның музей ісіне деген арнайы қатынасының, көзқарасының ерекшелігіне тоқталды.

Қазіргі зерттеу барысында жоғарыда айтылған әлеуметтік, заттық, комплекстік концепциялар даму үстінде.

В. Глузинский (Польша) — музей функцияларының құрылымын музейді зерттеудің негізі деп санайды /25, 10-11/.

Сонымен, музейтану пәні деп — әлеуметтік информацияны жинайтын және сақтайтын процестерге музей заттары арқылы танымдық білім беретін, дәстүрді, эмоцияны, көріністерді жеткізетін, музей ісінің шығу, даму және қоғамдық қызмет ету функцияларына қатысты объективті заңдылықтардың ауқымын айтамыз.

1977 жылы Халықаралық музейлер кеңесінің XI конференциясында 18 мамыр Халықаралық музей күні

болып қабылданды. Откен заманның көптеген ұлы ғалымдары әуесқой ынтық коллекционерлер болды. “Коллекциялау” деген ұғымды осыдан 2000 жыл бұрын көне Рим шешені Марк Туллий Цицерон енгізді деп есептеледі. Ол өзінің атақты шешендік сөзі кезінде “коллекция деген — шашыраған заттарды бір топқа біріктіру” деді.

Өте көне дәуірде коллекцияларды жинаумен құлдар айналысқан көрінеді. Құлдар иесінің коллекциясындағы заттар қайдан әкелінгенін, неден жасалғанын, кім жасағанын анықтап, жүйелеп отырған. Б.д.д. 384-322 жж. өмір сүрген көне грек философы Аристотельдің үлкен гербарийі жөнінде бізге мәлімет жетті. Ол өзінің коллекциясына экспонаттарды Африкадағы ботаникалық бақтан және А. Македонскийдің маңайындағы ғалымдардан алды. Юлий Цезарь да өте қызғылықты коллекция жинаған. Бірақ бізге жеткен жоқ /26, 5/.

Б.д.д. IV ғасырдың соңында “камей”, яғни тастан, қабыршақтан жасалған әдемі оютас пайда болды. Олардың отаны — Александрия. “Дактилютека” деген ұғым аристократтар арасында ел, қоғам көзіне түсудің ең бір сәнділік, мақтаныш жолы болды. Юлий Цезарь 6 қыш тастар коллекциясын Римнің Венера храмына сыйға тартқан.

Музейлер XVI-XVIII ғғ. ғана пайда бола бастады. Музейдің өнерлік мәнін алғаш ашқан француз суретшісі Жан Луи Дэвид болды. Египет патшайымы Клеопатраның күйеуі Рим қолбасшысы Марк Антоний гемма деп аталатын, яғни ойып жазылған жазуы бар, бедерлеп салынған суреті бар қима тасты қияли адамша жинағаны соншалық, сенатор Нонния сұраған өте бір әдемі асыл тасты бермегені үшін сотталып, Римнен қуылды /26, 6-7/.

Музей ісінің негізгі ұғымдары: музей жәдігері, музей, музей ісі. Музей жәдігері. Музей ісінің, қызметінің негізгі бағыттары экспозициялық, көрмелік, қорлық (фонд), ғылыми-ағартушылық екені мәлім. Осылардың бәрінің

негізі музей жәдігеріне келіп тіреледі. Музей өзінің әлеуметтік қызметін жәдігерлерді жинау, сақтау, үйрену, зерттеу және қолдану арқылы жүзеге асырады.

Белгілі бір затты жасауда да, қолдануда да оның функционалдық мәні болады. Музей әлеуметтік институт ретінде қоғамдағы өзгерістерді көрсетеді, олардың тарихилығын тереңдетеді. Әрбір жәдігердің қоғамдық мәнін, музейлік құндылығын көрсетеді.

Музей жәдігерін алып таңдаған кезде оның өмір сүрген, сақталған ортасымен байланысы үзіледі де, оның қоғамдық мәніне анықтама беріледі.

Жәдігерлердің ақпараттық потенциалы екіге бөлінеді. Бірінші – ішкі хабарламалық кеңістік, екінші – сыртқы хабарламалық кеңістік. Біріншісі заттың өзіне байланысты мәлімет көрсетсе, екіншісі жәдігердің айналасындағы ортаға қатысты мәліметтерді көрсетеді.

Мысалы, жәдігердің ішкі хабарламалығына – аты, көлемі, қолданыс орны, дайындалуы, түрі-түсі, дайындау технологиясы, жазуы т.с.с. жатады. Ал сыртқы хабарламалығына – жәдігердің тарихы, оның шығу тегі, сол жәдігерге байланысты адамдардың қатысы жатады. Екі кеңістіктің де бір-бірімен байланысы өте тығыз. Жәдігердің репрезентативтілігі деген бар, яғни бір типті, ұқсас жәдігерлер. Әсіресе, бір уақытта пайда болған жәдігерлердің құндылығын анықтау өте қиынға түседі.

XVII ғасырда И.Д.Майор музей жәдігерлеріне “шынайы, ақиқат дерек беретін, ұзақ уақыт сақталатын” жәдігерлерді жатқызды. Кейінірек музей жәдігерлерінің сипаттамасында оның сиректігі аталды.

XIX ғасырда ғалымдар музейдегі жәдігерлерді әр түрлі ғылыми саланың зерттеу көзі деп қарастырды. Әсіресе, өнертану саласындағы, тарихи кезеңдер мен табиғи байлықты көрсететін музей жәдігерлері өте маңызды орынға ие болды. Осыдан барып “коллекциялық жәдігер” ұғымы пайда болды.

“Музей жәдігері” ол нағыз түпнұсқа жәдігер, яғни, білімдердің алғашқы жүйесі. Әрине, оны жәдігерлік дәлел ретінде мамандардың көмегімен ғылыми тұрғыдан бағалаған жөн.

Музей жәдігерлерінің семантикалық (мәндік), аксиологиялық (бағалылық), коммуникативтік (хабарламалық) аспектілері бар және де олардың аттрактивтік (көңіл аудару, назарды күшейту), экспрессивтік (толқыту, көңілде әсер қалдыру қасиеті), репрезентативтік (ұқсас жәдігерлердің артықшылығын анықтай білу) қасиеті бар. Музей жәдігерлері тек дерек қана емес, мәдени-тарихи ескерткіш ретінде бағалылығы зор, қоғам мен мемлекеттің, сол мекеменің байлығы болып саналады.

Музей жәдігері – нақты өмірден алынған, музейге қоюға құндылығы бар, музей қорына тіркелген, ұзақ сақталуға бейім зат. Ол әлеуметтік, тарихи, қоғамдық өмірдің дерегі ретінде, ұлттық құндылықтың бөлігі ретінде қарастырылады. Музей жәдігері бүкіл музейдің қызметін, оның бағыт-тары, жоспарын жүзеге асырады.

Қайта өрлеу дәуірінде музей жәдігерлерінің ғылымдық деңгейден танылуы, тарихи тәжірибені көрсетуі, сондай-ақ эстетикалық қажеттіліктерді өтеуі күшейе түсті. Оларды кунсткамерада, натуралисткамерада, мюнцкабинеттерде, музеумдерде сақтады.

Кез келген музей жәдігерін зерттеу ғылымға негізделді. Қазіргі кезде музей ісі адам қызметінің ғасырлар бойы қол жеткізген нәтижесі ретінде табиғаттың сыйы мен ерекшелігін көрсетіп (табиғи музей, қорықтар), ғылыми құжаттармен негізделіп, түрлі профильді салада жұмыс істейтін жұмыс ретінде қарастырылады.

Музей туралы теориялық бағыттар әр түрлі. Сондай теориялардың бірі “филологиялық”, яғни көне антикалық храмдарға еліктеуден туған. Мысалы, Вьетнамда – “баота” – реликвияларды сақтайтын жер деген ұғымды білдірсе, өз заманында көне египеттік өмір үйлері, антикалық

музейондар коллекция жинауда өте үлкен роль атқарған. Орта ғасырларда көне жәдігерлер жинауға шіркеулерді де кеңінен қолданған /26,6-7/.

Өнер, тарих және жаратылыстану жәдігерлерін монастырьларда, храмдарда, бекіністерде жинаған.

Музей ісінің негізгі құрамдас бөлігіне музейдің практикалық ісі, ескерткіштерді қорғау, музей жүйесі, музей саясатын заңдастыру, музей ісіндегі кадрларды дайындау да кіреді. Ғылыми-әдістемелік, көпшілік жұмыс орталықтарының жұмысы, арнайы тақырыптардағы газет, журналдар шығару да музей ісінің басты бағыттағы шаралары.

Музейтану зерттеу әдістерінде, тарихи зерттеу әдістері, әсіресе археология, этнография, палеография, нумизматика, өнертану, педагогика, психология саласындағы зерттеу әдістері, жаратылыстану ғылыми-зерттеу әдістері қолданылады. Сонымен бірге ғылыми-зерттеу әдісінің далалық зерттеу, бақылау, эксперимент сияқты түрлері де кеңінен қолданылады.

Музейтанудың зерттеу әдістерінің негізгі бағыттарына тоқталсақ, олар мынадай:

1. Ақпараттық дерек көзі ретінде жәдігерлердің мәдени-тарихи құндылықтарын зерттейтін бағыттарда жұмыс істеу:

а) музей құндылықтарына жататын жәдігерлерді анықтау (ғалымдар, лаборатория);

б) музей жәдігерлерінің мәндік мағынасын, ерекшеліктерін анықтау ісі;

в) музей жәдігерлеріне байланысты ғылыми-анықтамалық жүйелеу жұмыстарын ұйымдастыру;

г) сақтау режимін, консервация және қайта қалпына келтіру жолдарын анықтау;

д) музейдің тәрбиелік, білімдік міндеттерін атқару әдістерін қарастыру, жүйелеу.

2. Музей ісі, оның атқаратын қызметі, қоғамдық, мемлекеттік институт ретіндегі бағыты:

а) музейдің шығу тарихын, жүйесін, типін, музей ісінің тарихын жүйелейді;

б) ішкі ұйымдастыру жұмыстарын қарастырады;

в) музей қызметінің арнайы бағыттарын анықтайды;

г) музейді басқару жүйесін қарастырады, болашақ жоспарын талдайды.

3. Музей және музей ісі құрылымы. Музейтану — ғылыми пән ретінде білім жүйесі қалыптасқан өзіндік құрылымы бар сала. Музейтануға тарихи, теориялық, қолданбалы элементтер кіреді. Музейтану құрылымы төмендегідей /25,24/:

1. Музейтанудың тарихы мен тарихнамасы.

2. Музейтану теориясы.

3. Музейлік дерекнама.

4. Қолданбалы музейтану.

Музей жүйесі және жіктелуі. Музейлер жабық жүйедегі, мемлекет пен қоғам алдында музей заттарын сақтау, қорғау, пайдалану функцияларына жауап беретін мекеме. Музей жүйелері әртүрлі профильдегі, типтегі музейлерден тұрады. Музей жүйесінің құрылуына қоғамдық факторлар әсер етеді. Оған қоғамдағы құндылықтар мен қажеттіліктердің өзгеруі, өнердің, ғылымның, білімнің, өндірістің дамуы жатады. Музей жүйесі ұзақ тарихи кезеңдер арқылы қалыптасады. Әрбір музей ғылыми пәндердің, өнердің саласына қарай жүйеленеді. Мысалы, тарихи музейлер жалпы тарихи, ұлттық, өлкелік немесе белгілі бір тарихи кезеңге, уақиғаға арналған болып бөлінеді.

Музейлер негізгі профилі жағынан төмендегідей топтарға бөлінеді:

1. тарихи музейлер — тарих білімі мен ғылымына негізделген жүйе бойынша бөлінеді: Олар:

а) жалпы тарихи;

б) археологиялық;

- в) этнографиялық;
- г) нумизматикалық;
- д) тарихи-экономикалық;
- е) білім мен ағартушылық тарихы;
- ж) арнайы тарихи музей (спорт тарихы, музыка тарихы, т.б.).

2. Көркемөнер музейі. Өнер мен өнертануға қатысты барлық музейлер кіреді. Мысалы, өнертану музейі, картина галереясы, мүсін музейі, қолданбалы өнер музейі, гравюра кабинеті, театр, музыка, кино өнері музейлері т.с.с.

3. Табиғи-жаратылыстану тарихи музейлері — өз жұмыстарында жаратылыстану ғылымы пәндеріне сүйенеді. Оған биологиялық, ботаникалық, зоологиялық, геологиялық, минералогиялық, палеонтологиялық, антропологиялық және экологиялық т.с.с. жатады.

4. Техникалық музейлер — техника ғылымымен тығыз байланысты музейлер, оған: политехникалық, техникалық, авиация, автокөлік, байланыс, кеме жасау, таукен ісі, темір жол көлігі, жеке өнеркәсіптер музейі, техника ескерткіштері т.с.с. музейлер жатады.

5. Әдеби музейлер — әдебиет саласына бағытталған, белгілі жазушылардың өмірі мен қызметіне арналған музейлер.

6. Комплексті музейлер — екі, үш профильде жұмыс жүргізетін музейлер. Мысалы, тарихи-көркем, тарихи-архитектуралық, ауыл шаруашылығы музейі т.с.с. Комплексті музейлердің кең тараған түрі — өлкетану музейлері. Олар тарих пен жаратылыстану бағытын біріктіріп жұмыс істейді. Ал типтік жағынан музейлер 3-ке бөлінеді. 1) ғылыми-зерттеу; 2) көпшілік-ағарту; 3) зерттеу, академиялық-оқу.

Қазіргі музей жүйесінде ғылыми зерттеу типі кең тараған. Ал академиялық оқыту музейлері белгілі бір ғылыми салаға байланысты зерттеу жұмысын терең

жүргізеді. Әсіресе, музей қорларын жинақтаған кезде далалық экспедиция жұмыстары бірлескен археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі кеңінен қолданылады. Музей жұмысы тек өткен дәуірдің ескерткіштерін жинап қана қоймай, қазіргі заман тұрғысынан да үнемі ізденушілік, зерттеу жұмыстарын үзбейді. Ғылыми жұмыстардың көп міндеттері экспозициялар арқылы шешіледі.

Тарихи музейлердің қалыптасуы. Тарихи музейлер қоғамның дамуымен тығыз байланысты. Европада қазіргі музейлер мен тарихи музейлер XIV-XVII ғасырларда пайда болды. Бұл ерте капиталистік өндірістің, өнеркәсіптің пайда болған, білімнің, өнердің, ғылымның, әдебиеттің, техниканың, қолөнердің өсіп-өнген, өркендеген, қанат жайған кезі. Ұлы географиялық жаңалықтар ашу, жер шарын айналып саяхаттау, жердің шар төрізділігінің анықталуы, Коперниктің планеталар жүйесін зерттеуі үлкен ғылыми жаңалық болған уақыт. Кітап басу ісінің дамуына байланысты білім тез таралды. Осындай ғылым мен білімнің дамуы кезінде кейбір ғалымдардың жеке кабинеттік коллекциялары, өсімдіктер коллекциялары пайда болды. Осы коллекцияларды жинауда тарихи тұрғыдан жүйелеу көбірек сезілді. Тарихи және мәдени құндылықтарды жинау қолға алынды. Ғылыми зерттеулер тарихи музейлердің негізінде шыға бастады. Әсіресе, көне дәуірден дерек беретін археологиялық музейлер өте құнды болды. Тарихи музейлердің екінші бір даму кезеңі XVIII ғасырдың екінші жартысы болды. Қоғамда музейдің құндылығы, маңыздылығы арта түсті. Музей қоғамдық тәжірибені, мәдени, тарихи байлықты сақтайтын орынға айналды. Музей ісін дамытуға, ұлттық сананы оятуға, идеяларды насихаттауға, қалыптастыруға көмектесті.

Көптеген халықтар азаттық үшін, өздерінің құқықтарын қорғау үшін музейді ұлттық саяси орталық ретінде құрды. Венгрияның ұлттық музейі венгр мәдениетін, тарихи мұраларын, тілін сақтау үшін құрылды. 1802 жылы

Венгрияның ұлттық музейі Будапеште, 1818 жылы Ұлттық музей Прагада, 1828 жылы Берлин көне музейі ашылды.

Неміс халқының XIX ғасырдың алғашқы жылдарына дейін музейге бару мүмкіншілігі болмады. Наполеонмен соғыстағы жетістіктері неміс халқының өзінің мәдениетіне, тарихына бет бұруына ықпал жасады. XIX ғасырдың 20-жылдарында Германияда өнер музейлері, көпшілікке арналған музейлер пайда болды. Ресейде музейлер көбінесе ведомстволық бағытта құрылды. Әсіресе XIX ғасырда музейлердің қоғамдық ролі арта түсті. Тарихи-археологиялық музейлер жүйесі кеңейді. Мысалы, 1811 жылы – Феодосияда, 1825 ж. – Одессада, 1828 ж. – Керчьте архелогиялық бағыттағы және әскери-тарихи музейлер, 1805 ж. – теңіз музейі, 1811 ж. – Интендант музейі, 1817 ж. – Артиллериялық тарихи музейлері кеңі түсті. 1817, 1821 жылдары ұлттық орыс музейлері қоғамда ұлттық көзқарастың қалыптасуына көп пайда тигізді /25,35-39/.

XIX ғасырдың II жартысында, әсіресе, этнографиялық коллекция жинау жанданды, тарихи музейлерді ұйымдастырудың күшейтілуіне 1845 жылы құрылған Орыс географиялық қоғамы көп әсер етті. Сібірге айдалған интеллигенцияның үлесі көп болды. Археологиялық, географиялық қоғамдар құрылды. Географиялық қоғам Қазақстанның фольклоры, этнографиясы, тарихы мен географиясын зерттеу ісіне мол қызмет атқарды. Кейін “Қазақстанды зерттеу орталығы” болып өзгертілген Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесі еліміздің мәдениеті мен экономикасының мәселелерін зерттеу ісінде біршама істер атқарды. 1872 жылы Ресейдің тарихи музейі (қазір мемлекеттік тарихи музей) құрылды. Азамат соғысы кезінде 1919 жылы қаңтар айында Петроградта бірінші Бүкілресейлік музей конференциясы өтті. Бұл конференцияда музей ісін дамытуға үлкен көңіл бөлінді. 1951 жылы Германия музей қызметкерлерінің мәжілісі

өтіп, өнер ісінің мемлекеттік комиссиясы құрылды. Кеңес Одағы кезінде 1917-23 жылдар арасында 270 музей құрылды. Олар Революция музейі, Қызыл Армия музейі, атеистік музей сияқты бағыттарда құрылды. СССР-де музей ісі XX ғасырдың 20-30 жылдары қарқынды дами түсті. 1919 жылы Петроградта Революция музейі, 1924 жылы СССР-дің Орталық революциялық музейі, 1919 жылы Қызыл Армияның Орталық музейі, 1936 жылы Ленин музейі, 1962 жылы К.Маркс және Ф.Энгельс музейі дүниеге келді. Совет Одағы кезінде 52 млн. музей жәдігері мемлекеттік қорғауда болды.

Онда XX ғасырдың 80-жылдары тарихи музейлер саны 1359-ға жетті (барлығы 2208 музей). Бұрынғы ГДР-де 634 музей бар, оның 110-ы – тарихи, 341-і – өлкетану. 50000 ескерткіш мемлекеттік қорғауда болды /25,43-44/.

Музей қорларын сақтау. Музей қорларында сақталатын жәдігерлердің барлығы дерлік физикалық-механикалық, химиялық өзгерістерге ұшырайды немесе табиғи ескіреді. Бұл өзгерістер негізінен ауа мен жарықтың әсерінен болады. Жәдігерлер биологиялық зиянды жәндіктердің: шыбын-шіркейлер, құрт-құмырсқалардың және кеміргіштер мен микроорганизмдердің де әсерінен бұзылуы мүмкін. Бұл факторлардың әсері, ықпалы бір-бірімен тығыз байланыста. Температураның белгілі бір деңгейі және ылғалдылық дәрежесі жәдігерлердің табиғи көнеру процесін тездетуі немесе бәсеңдетуі мүмкін. Ауаның жоғары дәрежедегі ылғалдылығы, егер ғимаратта, бөлмеде газды ластанған заттар болса, зиянды химиялық қоспалардың пайда болуына әкеп соғады. Жоғары дәрежедегі ылғалдылық таз (грибковые) ауруларын, яғни, микроорганизмдердің қозуынан туатын ауруларды тудырады. Кейбір жәдігерлерге жоғары деңгейдегі ауа ылғалдылығы мен жарықтың түсуі бір мезгілде болса, тез бұзылып, ескіреді. Осындай қолайсыз жағдайлардан сақтау үшін музей жәдігерлерін сақтау тәртібі, ережесі болады. Ол темпера-

туралық ылғалдылық режимі, ауадағы зиянды заттардан қорғау, биологиялық және механикалық бұзылудан, нұсқаннан қорғау, апаттың алдын ала сақтандыру шаралары, экстремалдық (аяқ астынан шыққан қиындық) жағдайларға байланысты алдын-ала дайындық шаралары жасалынады.

Тарихи мұражайлардың қорларына енетін заттар өртүрлі. Сондықтан оларды дұрыс сақтай отырып, әрбір заттың қолданыс аясын да естен шығармаған жөн. Бұл міндетті қорды сақтау жүйесі шешеді.

Режим (тәртіп, ереже) мен сақтау жүйесіне негізделген қор жұмысының бағыттарын “музей қорларын сақтау” дейді /25,173-193/. Бұл жұмыстың мақсаты – қордағы жәдігерлердің қасиеттерінің сақталуын қамта-масыз ету және оларды қолданудың ұзақтығын, бұқараға ашықтығын қамтамасыз ету. Мұражай қорларын сақтау жұмысы жәдігерлердің бүкіл сақталу кезеңдерінде жүргізіледі. Әсіресе қор сақтау қоймасы, экспозиция (қойылу, тізілу тәртібі), өртүрлі жағдайларда орын ауыстыру кездерінде сақталу режимі дұрыс болуы керек. Әрбір мұражайдың өзіндік ерекшеліктері болуы себепті, сақталу режимдері соған сәйкес жасалынады. Ол жәдігердің мазмұнына, қордың құрылымына, сапасына, санына, сақталған мерзіміне сай ерекшеленеді. Әрбір мұражай, әрбір қор сақтау қоймасы өзінің арнайы бағытына қарай жұмыстарын ұйымдастырады. Жалпы нормативтік құжаттарға негізделіп, ішкі мұражайлық құжаттар, нұсқаулар қабылданады.

а) Температуралық-ылғалдылық тәртіп.

Температура мен ауа ылғалдылығы заттардың табиғи ескіруіне өте қатты әсерін тигізеді. Бұл әсердің сипаты мен күші заттың жасалған материалынан, оның құрылымынан, қандай ортада болғандығынан, музей жәдігеріне айналғанға дейінгі сақталуына тығыз байланысты.

Органикалық ылғал тартқыш (гигроскопиялық) материалдардан (ағаш, тері, қағаз, мата) жасалған

жәдігерлер өте жоғары немесе өте төмен ылғалдылықтан қатты зардан шегеді. Төмен ылғалдылықта бұл материалдарда сызат пайда болады, сығымдалып, беріктігі, төзімділігі азайып, зат деформацияға ұшырайды. Өте жоғары ылғалдылықта бұл заттар ісініп, талшық жіптердің байланысы, жабысуы бұзылады, химиялық өзгерістер күшейіп, заттың тез құрып кетуіне әсер етеді. Мысалы, сурет салуға (майлы бояумен) арналған кенептің көлемі өзгерсе, бояу қабаты түсіп қалуы мүмкін. Төмен және жоғары ылғалдылық темір мен эмальдан жасалған заттарға да өте зиян. Темірлерді тат басып қалуы осыдан болады. Кейбір материалдар ауаның t -сына өте сезімтал. Мысалы, қалайыны $+18^{\circ}\text{C}$ -ден төмен t -да ұстауға болмайды. Егер $t +13^{\circ}\text{C}$ -ден төмендесе, ол өзінің құрылымын өзгертіп, “қалайы обасымен” ауырады. Жәдігерде сур дақтар пайда болады, тіпті тесілуі де мүмкін. Пластилин мен балауыз (воск) материалдары $+25^{\circ}\text{C}$ -ден жоғары t -да еріп кетеді.

Төменгі ылғалдылық пен жоғары t -да гигроскопиялық заттардың жойылып, құруына әкеп соғады. Жоғарғы ылғалдылық төменгі t -да күшейе түседі.

Температураның кенеттен өзгеруі жәдігерлерге қатты әсер етеді. Бір бөлмеден екінші бөлмеге немесе басқа жерге ауыстырғанда (аклиматизация), жәдігер сол ортаға үйренгенше, ылғалдылығы аралық t -дағы бөлмелерде ұсталуы тиіс.

Әсіресе, археологиялық жәдігерлерге өте көп өзгерісті басынан кешіруге тура келеді. Темір заттарында топырақ коррозиясы болады. Егер жерден қазылып алынған затты төменгі ылғалдылықта сақтаса, коррозия процесін тоқтатуға болады. Археологиялық шыны заттарын да төменгі ылғалдылықта ұстаған жөн, себебі олар да топырақ суының ықпалына шалдыққан. Археологиялық ағаш жәдігері, керісінше, жоғары ылғалдылықта сақтауды қажет етеді. Әрбір жәдігерге байланысты температуралық режимді мамандар анықтайды.

Температуралық ылғалдылық режиміне байланысты қалыптасқан бірегей көзқарас жоқ. Көптеген ғылыми еңбектердегі нұсқаулар бойынша темір заттары үшін +18+20°C, 50%-ға дейінгі ылғалдылықта, шыны, эмаль, керамика заттары үшін +12+20°C және 55-65% ылғалдылықта, тастар (бағалы, жартылай бағалы) +15+18°C және 50-55% ылғалдылықта, ағаш зат +15+18°C және 50-60% ылғалдылықта, тері, аң терісі бұйымдарын +16+18°C, 50-60% ылғалдылықта, қағаз +17+19°C 50-55% ылғалдылықта, өнер суреттері +12+18°, 60-70% ылғалдылықта, кара суреттер +12°C, 40-50% ылғалдылықта, түрлі-түсті сурет +5°C, 40+50% ылғалдылықта, маталар үшін +15+18°C, 55-65% ылғалдылықта, сүйек, мүйіз, тасбақа заттары үшін +1+15°C, 50-60% ылғалдылықта ұстауды қажет етеді.

Қағаздар ылғалды ауа жағдайында және суықта қалып қойғанда қауіпті зақымдарға душар болады.

Керамика, фаянс заттары да осындай. Температура өзгерістері ылғалдылықты да өзгертеді. Сол себепті температуралық режимді комплексті сақтауға мынадай температура қажет: орташа +18°+1 С, орташа ылғалдылығы 55+-5%. Қажетті температураны сақтау үшін музейде ауа кондиционері болуы шарт. Егер музейде кондиционер жоқ болса, жылу жүйесі, желдету, ылғалдандыру, құрғату т.б. әдістер мен қажет температураны ұстап отыруға тырысу керек. Қорлардағы бұйымдарға маусымдық өзгерістер де, экспозициядағы экспонаттарға музейге келушілердің саны да әсер етеді. Жоғары ылғалдылықта жылуды күшейту қажет. Суық күндері музейдегі бөлмелерді жиі желдету зиянды, аязды ауа жылы бөлмеде сулы буға айналып, ылғалдылықты өзгертеді. Желдеткен кезде кірген ауа музей жәдігерлеріне тура тимеген жөн және де сыртқы температура мен ішкі температура көрсеткіші жақын болған дұрыс. Ыстық күндері желдетудің қажеті аз. температуралық-ылғалдылық режим психрометр,

гигрометр, термометр, гигрограф, термограф сияқты аспаптардың көмегімен тексеріледі және прибор көрсеткіштері сәткесіне бір рет, бір уақытта тексеріліп, жазылып отырады.

ә) Жәдігерлерді ауадағы зиянды заттардан сақтау. Музей жәдігерлерінің ескіруіне ауадағы өртүрлі қоспалар да әсер етеді. Оған газдалған заттар — күкіртті газ, күкіртті сутек, аммиак (азот пен сутек қосындысынан жасалған ащы иісті түссіз газ), хлор, минералдық шаң, кара күйе жатады.

Музей ауасының ластануы музей ғимаратының орналасқан жеріне де байланысты. Музейдің маңайының, бөлмелерінің таза болуы қажет. Музей маңайында ірі өндіріс, өнеркәсіп мекемелері болмағаны дұрыс.

Өнеркәсіп өндірісінің нәтижесінде күкіртті сутек іріп-шіріп, адамның дем алатын ауасына зиян болады. Суық, құрғақ ауа райы жағдайында газ көлемі ауада ұлғаяды. Ылғалмен қосылып бұл газ күкіртті газ, сонан соң күкірт қышқылын құрайды. Ол мата, тері, қағаз, өнер туындылары, мрамор, қорғасын, күмтас, мыс, алибастр, інжу, известняк сияқты заттарға қауіп төндіреді.

Хлорды технологиялық процестерде қолданылатын қағаз жеңіл өнеркәсіптері арқылы ауада пайда болады, хлор ауада ылғалмен біріккен соң тұз қышқылына айналады. Хлор да күкірт сияқты маталарға, қағазға, өнер туындыларына, күміске, қолаға, мрамор, песчаник, известняк, гипс, алибастр, інжу-маржанға қауіпті. Аммиак күкіртті сутек сияқты іріп-шіру үрдісі нәтижесінде пайда болады. Суда ериді, күміс, бояу, лак сияқты заттарға әсер етеді.

Шаң, қарақүйе, күйе заттарда газ бен ылғалды ұстауына, химиялық реакциялардың белсенділігіне, ағашқа, матаға, қағазға сіңіп, механикалық нұқсан келтіреді, заттардың сыртқы күйін бұзады. Шаң биологиялық зиянкестер үшін қолайлы. Ауаның тазалығы мен ластануы

ауадан анализ алу арқылы жүзеге асырылады. Ауаның ластануынан сақтанудың бір жолы – бөлмені герметизациялау (ауа кірмейтіндей саңылаусыз бекіту), әрине, кондиционерсіз болмайды және сүзгіш заттар орнату да артық емес. Музей үшін, сыртын үнемі тазалап отыру керек. Жәдігерлердің өзін тазалау өте ұқыптылықты қажет етеді.

Музей сақтаушылары жәдігерлердің шаңын еппен сүртіп, полировкалы мебельдің шаңын жұмсақ шүберекпен немесе күдерімен (замша) жиі сүртіп отырады. Жәдігерлерді сақтауда әртүрлі қорғау жолдары, бұйымдары: папкалар, қаптар, жаймасөре өте маңызды роль атқарады.

б) Музейдегі жарық түсу тәртібі. Музейде жарық беру тәртібі жәдігерлердің ұзақ сақталуы үшін қолданылады. Бұл тәртіп бойынша заттарға жарық толықтай, жартылай берілуі не мүлде жарықсыз сақталуы мүмкін. Ол жәдігерлердің қай материалдан істелгеніне байланысты анықталады. Жарық – электромагниттік, толқындық жарық таратуы, ал қысқа толқындар ультракүлгін сәулелер тудырады.

Ұзақ толқындар инфрақызыл, жылы сәуле таратады. Ультракүлгін және инфрақызыл сәулелерді көз қабылдамайды.

Ультракүлгін сәулелердің әсері жәдігерлердің сыртқы пішінінің өзгерістеріне әкеп соғады. Фотохимиялық өзгерістер заттардың ультракүлгін сәулесі мен түсетін жарық әсерінен пайда болады. Ол жәдігерлердің сарғайып, түрінің өзгеруінен, түссізденуінен білінеді. Табиғи жарық ультракүлгін сәулелеріне бай. Ал жасанды жарық ішінде люминесценттік лампалар қауіпті. Жарыққа төзімділігі жағынан материалдар үш топқа бөлінеді:

1. Жоғары төзімділіктегі – темір тастар, гипс, керамика, түссіз шыны.
2. Орта төзімділіктегі – сүйек, тері, аң терісі, ағаш, майлы бояулы өнер туындылары.

3. Төмен төзімділіктегі – фотосуреттер, акварель, қағаз, мата бұйымдары.

Жарық әсері жәдігерлердің түр-түсіне де байланысты – зат күңгірт, кара, қоңыр реңде болған сайын оның жарық сіндіру қасиеті арта түседі. Жарықтың арта түсуі барлық заттарға зиян. Жоғары төзімділіктегі заттарға жарық (күн көзі) тура түспесе болғаны.

Ал орташа төзімділіктегі заттарды сақтау режимі әртүрлі. Ағаш бұйымдары – жаңғақ, қызыл ағаш, қарағай, шырша, емен, қайың – өңін тез береді, сондықтан оларды қаптап жауып қояды.

Ал майлы суреттерді, сүйектен жасалған жәдігерлерді сақтау үшін жарық түсіру керек. Себебі, жарықсыз майлы бояу күлгінденеді, сүйек сарғаяды. Ақ аң терісін ұзақ уақыт жарықсыз ұстауға болмайды.

Ал жарық түсу зиян келтіретін заттар жарықтан қорғайтын шынылармен қапталып, түрлі құралдар қолдану арқылы сақталады. Бұл заттармен жұмыс істегенде 50-75 лк (люкс) болу керек. Люкс – жарық түсіру өлшемі.

в) Музейдегі биологиялық режим.

Музей заттары биологиялық зиянкестердің әсерінен де бұзылады. Олар зең түскен саңырауқұлақ, шыбын-шіркей, күрт-құмырсқа, кеміргіштер. Сондықтан музейлерде зиянкестердің пайда болуына жол бермейтіндей жағдай жасалуы керек. Егер музейдің температуралық-режимдік ережелері бұзылса, жәдігерлерді шаң-тозаң басса, музейге тамақ сақталатын қоймалар жақын орналасса өте қауіпті. Ауру жұқтырған заттарды дезинфекциядан өткізбей, музейге қабылдамайды. Заттарды зең түскен саңырауқұлақтармен бүлінуі ауа арқылы немесе ауру жұққан заттар арқылы таралады. Егер ауа ылғалдылығы 70%-дан жоғары болса және температура +20+25°C болса, бұл ауру өршиді.

Зең түскен саңырауқұлақ (плесневые грибки) барлық органикалық текті материалдар және кейбір органикалық

емес, мысалы, керамика заттарына тез жұғады. Бұл жағдайда ауру тудыруға ықпал ететін нәрсе – шаң-тозаң. Зең түскен саңырауқұлақ аурулары музей жәдігерлеріне механикалық, яғни, химиялық зақым келтіреді. Заттарда дақ қалады, бұл дақтарды тіпті реставрация тәсілімен де тазалау қиынға түседі. Бұл ауруға шалдыққан заттарды бірден басқа заттардан аулақтатып ұстау керек. Ауруды анықтау үшін лабораториялық әдіс қолданылады. Зең түскен саңырауқұлақ ауруын жою үшін музей жәдігерлерін, жабдықтарын формальдегидтің 21 %-дық спирттік ертіндісімен оқтын-оқтын сүртіп отыру керек. Музей заттарына кеселін тигізетін заттарға қаракүйе жатады. Олар музейге терезеден, есіктен немесе музей жәдігерлерімен ілесе кіреді, әсіресе жүн, тері, сүйек заттарына зиян. Қаракүйеге қарсы заттарды жылы, ыстық күндері қағу-кептіру, қоймаларда нафталин, камфора, лаванда майы, жусан. Далмат түймедағы, жаңғақ жапырақтарын салу арқылы қорғайды. Бұл заттарды үнемі алмастырып тұру керек. Өйткені, олар оған үйреніп алады, кілемдердің астына керосин сіңірген қағаздар салып қою арқылы да қорғайды. Үй шыбындары да өте зиян. Олардың заттарға қалдырған дақтары басқа шыбын-шіркейлерге қорек болады.

Жәдігерлерді бір орыннан екінші орынға ауыстырған кезде сақ болу керек, қол таза, құрғақ болуы керек, бұл заттардың механикалық бұзылысынан қорғайды.

Табиғи-жаратылыстану ғылыми музейінің жәдігерлері көбінесе табиғатқа, өлкетанушылыққа арналған музейлерде не арнайы бөлмелерде сақталады. Табиғи-жаратылыстану ғылыми музейінде жәдігерлерді табиғи қалпында сатауға тырысады. Онда жансыз (неорганикалық) және жанды (органикалық) заттарды сақтайтын қор болады. Бұл қорлар табиғатта өртүрлі құбылыстарды, өзгерістерді, процестерді табиғи және антропогендік (адамның қатысуымен жасалатын) факторларды көрсету

(қозғаушы күш, себептерін), құжаттау арқылы тіркеуі, табиғаттың эволюциялық (бірте-бірте) даму кезеңдерін есепке алу, белгілеу үшін жабдықталады. Табиғи жаратылыстану жәдігерлері ғылыми білімді насихаттауға, таратуға, қоғамдық, ғылыми көзқарас қалыптастыруға, экологиялық ілімді, сананы қалыптастыруға көмектеседі. Әрбір табиғи зат биосфераның (жер шарының тіршілік тараған аймағы) тұтас бір жүйесіне жататын басқа да заттармен тығыз байланыстағы объектісі болып табылады. Әрбір заттың өз өмір сүру ортасынан алған кезде оның ақпараттық потенциалы оның сол зат туралы қаншалықты толық дерек, белгілер, ғылыми өңдеу деңгейіне, экспонаттық сипат беруіне тығыз байланысты.

Басқа жәдігерлерге қарағанда табиғи жаратылыстану жәдігерлері күрделі кезеңдерден өтеді /25,13-22/. Мысалы, фиксация, яғни, белгілеу, жазып алу, көңіл қою. Бұл заттың өңделуінің алғашқы сатысы. Тірі табиғи зат алмасу процесін, клеткалардың ыдырауын тоқтату мақсатымен жүргізіледі. Бұған өсімдіктерді кептіру (гербарий), жануарлардың терісін кептіру, тұздау, ашыту жатады. Жануарлардың органдарын препараттау (зерттеуге, бақылауға арналып даярланған жәндіктің организмі, анатомиялық және даярланған жәндіктің организмі, анатомиялық және медициналық препараттар болады), жәндіктерді кептіру, қатыру, өртүрлі қатыратын сұйықтарға күйеу (спирт, формалин) жатады. Әр сұйықтың өзінің қажетті концентрациясы болады.

Табиғи заттардың көпшілігі үшін бұл алғашқы кезең болып табылады және ол музейлердің шикізат қорына жатады.

Бұл қорлар арнайы қорға жатады және ол көп, ұзақ уақыт сақталмауы да мүмкін. Сондықтан ары қарай консервациялау керек, яғни қорғау, сақтау керек. Кепкен, тұздалған жануарлар терісі илеу арқылы, жануарлар сүйегі (скелет) қайнату, қақтау арқылы сақталса, жәндіктерді

кептіріп, энтомологиялық түйреуіштердің көмегімен арнайы энтомологиялық жәшіктерге салынып сақталады. Консервациялық әдіске бальзамдау (хош иісті зат), консервация сұйықтарын қолдану, жұқа қабықтарды (пленка) қолдану т.б. жатады. Кейбір ботаникалық заттар тек фиксациялау кезеңінен өтсе болғаны, ұзақ уақыт сақталатын музей жәдігеріне айналады. Фиксация және консервация кезеңдерінен өткен заттарды үш топқа: құрғақ, дымқыл және микроскопиялық заттар деп бөледі. Құрғақ препараттарға табиғи материалдар – геологиялық (тау кендері, минералдық заттар, палеонтологиялық: сүйек қалдықтары, іздері, тасқа айналған жансыз қалдықтар), топырақты, ботаникалық (гербарий) зоологиялық (тұлыптар, қаңқа сүйектер, терілер т.б.), энтомологиялық коллекциялар (көбелектер), жан-жануардың тұрмыс-тіршілік қалдықтары (көң, қи, тезек), ұялар жатады.

Сұйытылған заттарға – спиртке, формалинге салынған консервацияланған заттар жатады.

Жәдігерлердің микроскопиялық түріне – ғылыми-зерттеу, оқу мақсатында қолданылатын, микроскопиялық техника көмегімен қолданылатын заттар жатады.

Табиғи жаратылыстану заттары препараттар, таксидермист, т.б. салалардағы мамандардың көмегімен жасалынады. Музейлердегі табиғат бөлімі мынандай бөлімдерден тұрады:

1. геологиялық;
2. жер қойнауы заттары;
3. өсімдік, жануарлар әлемі;
4. ботаникалық материал;
5. зоологиялық материал;
6. ұя, аң іздері.

Кейбір музейлерде сол аймаққа байланысты өнеркәсіп заттары да сақталады, мысалы, 1) техника; 2) хаттар, схема, макет, модельдер қойылады.

Музей жәдігерлерін әртүрлі топтарға бөліп қою керек. Мысалы, мата, тері, аң терілері бір топқа жатады.

Және олар ішінара шағын топтарға бөлінеді. Заттар көлеміне қарай жәшіктерге салынып, мақта матамен оралады. Жүн, жібек, кенеп, мақта, синтетикалық жіптен жасалған бұйымдар әртүрлі қоймаларда сақталады. Інжу, маржан, алтын, күміс пен жалаулар көлденең күйінде сақталады.

Киімдерді киім ілгіштерге іліп, тік түрінде қоймаларда сақтайды.

Тері, аң терісі заттарын көлденеңінен қояды. Бас киімдерді балванкаға кигізіп, миколенттік қағазбен толтырып қоймада сақтайды. Аяқ киімдерді де қоймаларда сақтайды. Сүйектен жасалған заттарды бір-бірінен алшақ ұстаған жөн.

Музейдегі ғылыми-ағартушылық жұмыс. Музейдің ғылыми-ағарту жұмысының формасы – экскурсия. Бұл жұмыста әсіресе музейдің әлеуметтік қызметі тәрбиелік, білім беру және оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану сияқты қырынан көрінеді.

Музей экскурсиялары арқылы музей экспозициясы, оның бөлімдері және қорлары халыққа таныстырылады /27/. Музей экскурсиясының өзіне тән және ерекше белгілері болады. Олар: 1) тарих, мәдениет, табиғи ескерткіштерді танып білудің ұжымдық түрі; 2) экскурсияны мамандар арқылы ұйымдастыру; 3) арнайы маршрут арқылы экскурсия ұйымдастыру; 4) белгілі бір мақсатпен арнайы тақырыптық экскурсия ұйымдастыру.

Музей жәдігерлері экспозициялық кешенді түрде жинақталып, ғылыми қосалқы материалдармен жабдықталады, мәтіннің мазмұнына қарай өте зор коммуникативтік және сыртқы ақпараттық хабарға бай болады. Экспозициялардың сәулеттік-көркемдік шешімі, әртүрлі бояу түстер қолдану, кино, фотодеректерді қолдану экспозицияға үлкен эмоционалдық әсер қосады. Егер экспозиция заттарында түр-түсі, көлемі, сипаты, аттрактивті және экспрессивті жағынан бір-бірінен алшақ заттар болса,

экскурсанттар назарын аудару экскурсоводқа қиынға түседі. Сондықтан экспозицияны ұйымдастырған кезде осыған мән беріледі.

Музей коллекциялары неғұрлым бай болса экскурсия тақырыбы да терең, кеңінен ашылады. Музей экспозициясында тақырыптың өзгеруі, кеңеюі, жаңа бөлім, кешенді жабдықталуы үнемі дәрістер ұйымдастыру жұмыстары да жүргізіледі. Екі жұмыс формасында да насихаттау нысанына музей коллекциялары, тарихи-мәдени, табиғи ескерткіштер жатады. Тарихи-мәдени, тарихи ескерткіштерді оқып-білуге, насихаттауға арналған экскурсиялар музейден тыс жүргізілетін жұмысқа жатады. Дәрістердің ерекшелігі екі танымдық шешімді атқарады: олар – индуктивтік және дедуктивтік. Экскурсияда нысананы сөзбен сипаттау әдісі қолданылса, дәрістерде сөзбен сараптау, талдау әдісі қолданылады. Қазіргі кезде музей жұмысында кеңес беру де кеңінен қолданылады. Соңғы кезде музей жанынан әртүрлі туристік маршруттар ұйымдастру да қолға алына бастады. Тарихи-мәдени ескерткіштерді насихаттау үшін газет-журнал беттерінде сырттай саяхат және сондай-ақ көрмелер ұйымдастыруға, музей жәдігерлерін сипаттауға көп көңіл бөлінеді. Экскурсиялар білімге, ғылымға деген қызығушылықты арттырады, әсіресе, жастардың бойында кемістікті, талғамдылықты, Отанына, жеріне, табиғатқа деген сүйіспеншілігін тәрбиелейді. Музей экскурсиясының негізін музей заты, яғни білімнің алғашқы көзі және эмоционалдық әсер етуші зат құрайды.

Музей заттарының түрлерін төмендегідей топтауға болады /27;21,38/.

1) Жәдігерлік ескерткіштер – тарихи кезеңдерден дерек беретін, әр түрлі тарихи оқиғалар, фактілер, табиғат пен қоғам қатынастарынан көрініс беретін, тарихи, мәдениет, әдебиет, ғылым саласындағы тұлғалар өмірінің дерек көзі.

2) Құжаттық ескерткіштер – баспа заттары, автографтар, фото және кинодеректер.

3) Бейнелеу өнерінің ескерткіштері. Музей жәдігерлері экскурсия объектісіне лайық болу үшін, ғылыми анықтамасы бар, қайта қалпына келтірілген және консервациядан өткен, ғылыми-көркемдік мәнді, әсерлі болуы керек. Экспозицияның нормативтік жағын дайындағанда төмендегідей талаптар қойылады:

а) Ғылыми экскурсия кезінде берілетін мәлімет өзекті, ғылыми жағынан дәйекті, фактілермен негізделген болуы тиіс.

ә) Берілетін мәлімет тақырыпты терең және толық ашуға, келушілерге түсінікті болуы керек. Ақпарат көлемі экскурсияның танымдық және тәрбиелік мақсаттарымен сәйкес, психологиялық және қажеттелігі жағынан, қабылдауы жағынан аудиторияны қанағаттандырып, талабынан шығуға сай болуы керек.

б) Ақпарат музейге келушілердің білімі мен интеллектуалдық деңгейіне сай болуы тиіс. Мүмкіндігінше келушілердің қызығушылығына, талабына орайластырылуы керек.

в) Келушілердің назарын аударатындай ерекше, әр сипаттағы, салыстырамалы, контрасты материалдарды кең қолданған дұрыс.

Музей экскурсиясын дайындау кезеңдері төмендегідей:

1) Экскурсия тақырыбын анықтау, мақсатын белгілеу.

2) Библиографиясын жасау.

3) Ғылыми әдебиетті оқу, экспозиция және экспонаттарды, құжаттарды зерттеу.

4) Маршруттық-экспозициялық көрсету объектісін анықтау және маршрутын жасау.

5) Экскурсия мазмұнын анықтау.

6) Құжаттарды, жоспарды, анықтамалық материалдарды дайындау.

7) Экскурсия арқылы әдістемелік жұмыс барысын анықтау.

Экспозиция материалдарын көрсетуге келушілердің жас ерекшелігін ескерген жөн. Жалпы музей тәжірибесі бойынша бастауыш класс оқушылары 45-50 минут, 7 класс оқушылары 1 сағат 10 минут, жоғарғы класс оқушылары 1 сағат 30 минут, ал ересек адамдар тобы 1 сағат 45 минуттан 2 сағатқа дейін экскурсияға қатыса алады. Ал егер экскурсия музейден тыс жерде, мысалы, қала бойынша болса, оқушыларға жаяу 1,5-2 сағат, автобуспен 2-2,5 сағат уақыттан аспауы керек. Ересек адамдардың 3,5 сағатқа дейін қарайтын мүмкіндіктері бар /27,54/. Кез келген экскурсия кіріспе сөзден (5-7 минут) басталып, қорытынды сөзбен аяқталуы тиіс. Кіріспе сөз төмендегідей жоспарға сәйкестендірілуіне болады.

1) Топпен танысу – экскурсоводпен танысу, топтың құрамын анықтау, қызығушылығы мен талапқажеттілігі туралы анықтау, білім деңгейінен хабардар болу т.с.с.

2) Ақпарат бөлімі – экскурсия тақырыбы туралы хабарлау. Экскурсияның ұзақтығы оның өткізу тәртібі арқылы анықталады. Экскурсовод алғаш келушілерге музейде өзін-өзі ұстау тәртібі және музей тарихынан және оның жұмысы мен маңыздылығы туралы сөз етеді.

3) Негізгі тақырыптық бөлімі.

4) Қорытынды.

Экскурсиялар тематикалық, оқу, мәдени-ағарту, ғылыми-ағарту сияқты әртүрлі мақсаттық бағытпен өткізіледі. Егер музейден тыс жерде жүргізілетін маршрутты жасаған жағдайда хронологиялық принципті қолданған жөн. Әсіресе, тарихи және өлкетанушылық музейлер жұмысына да маршруттың экскурсияны қоғамдық-экономикалық, тарихи кезеңдерді хронологиялық тәртіппен өткізу қатаң сақталады. Ал өнер музейлерінде негізінен өнер мектептерінің бағытына, стиліне көрермен қажеттілігіне көп көңіл бөлінеді. Өнер музейлерінде

хронологиялық ұстаным негізінен суретшілердің өмірбаянына, суреттер тарихына қатысты болады. Музей экскурсияларында әрбір ұсақ, кішігірім заттың көрушіге ыңғайлы орналасып, тасада қалып қоймайтын жағын ойластыру қажет. Экскурсия мазмұны, өту барысы, тәртібі экспонаттарға қайта-қайта оралмайтындай етіп ойластырылады.

Экскурсия тақырыбын дайындағанда экскурсовод негізгі талаптарға, яғни тақырыбының мазмұны ғылыми, танымдық түсінікті болуына, экспонаттар мен экскурсовод түсіндірмесінің арасында тығыз логикалық байланыс болуына көп көңіл бөледі. Кез келген тақырып немесе ой соңы қорытындыланып отырады. Экскурсияны өткізбестен бұрын жан-жақты ойластырылған жоспар жасалынуы керек. Онда: титулды бет, экскурсияның мақсаты және схема түрінде өткізу жоспары беріледі (берілген таблица).

Зат, бөлім, тематикалық комплекс	Экспонаттар, Объектілер, уақыт	Негізгі мазмұны (тақырыптар, сұрақтар)	Әдістемелік нұсқау

Титулды бетте музейдің толық атын, экскурсия тақырыбын, ұзақтығын, экскурсанттардың құрамын, экскурсоводтар мен экскурсия мазмұнын, жоспарды жасаушылардың аты-жөндері туралы мағлұмат енгізіледі.

Экскурсия жұмыстарын ұйымдастыруда экскурсоводтың жеке басының дайындығына, шығармашылық ізденісі мен сңбек етуіне көп көңіл бөлінеді. Олардың негізгі міндеті – музей жәдігерлері арқылы экскурсанттарды бақылау, көру, қорытындылау, жалпылау сияқты дағдыларға үйрету. Бұл жерде экскурсовод педагог-психолог ретінде де жан-жақты дайындығы бар адам болуы керек. Экскурсия жүргізер кезінде көңіл-күйі қалыпты,

орнықты, келушілерді қуана қарсы алып, өзіне көңіл аударуы дұрыс. Экскурсоводтың жұмысының ең алғашқы сәттерінен бастап тыңдаушыларда қызығушылық, экскурсоводпен тығыз контакт, қадала көңіл аударушылық болса, экскурсоводқа да экскурсияны сәтті жүргізуіне жағдай туады.

Экскурсия өтетін жердің жарығының дұрыс, ауасының таза болуына да көп көңіл бөлінеді. Егер тыңдаушылар шаршаған, тоңған т.б. жағдайларда оларға ұсынатын орынды да алдын ала даярлап қойған жөн. Экскурсияның мақсатына жетуі орнатылған тәртіпке де байланысты. Экскурсия жүргізушінің сөйлеу мәнері, сырт пішіні, киген киімі, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы музейге келушілерге қатты әсер етеді. Сондықтан экскурсия нәтижесі жүргізушінің мәдениеттілігіне, дайындығына, қарым-қатынас дәрежесіне, сөйлеу мәдениетіне де көп байланысты.

Музейдің мәдени-көпшілік және тәрбие жұмысы. Музейдің мәдени-көпшілік жұмыстары музей коммуникациясының бір саласы ретінде жан-жақты білімді, қоғамда белсенді, эстетикалық талғамы зор, қоғамға пайдалы адам тәрбиелеуге бағытталады. Әсіресе экспозиция мен көрмелерді ұйымдастыру арқылы музей әртүрлі жастағы, әлеуметтік және әртүрлі категориядағы, әр мамандық саласындағы адамдарға қызмет етеді. Музейдің негізгі жұмысы – тарих арқылы тарихи-мәдени ескерткіштерді насихаттау, сол арқылы патриоттық рухта тәрбиелеу болып табылады. Көпшілікті музей мәдениетіне тарту, тарихыңды сүйю, еліңе деген мақтаныш пен отаншылдық сезімін ояту, тарихи кезеңдермен танысу, материалдық және рухани құндылықтармен танысу деген сөз.

Музейдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін жете түсініп, оны тәрбиелік мақсатта толығымен пайдалану үшін музей педагогикасы пәні қолданылады. Музей педагогикасы – аралас ғылыми пән, ол музей жұмысының коммуникациялық формаларын, музей ісін ұйымдастыруды педагогикалық тұрғыдан қарастырады. Музейдің педагогикалық

зерттеу пәні – музейдің жұмысын педагогикалық жағынан ұйымдастыру әдістерін, түрлерін, жұмыс бағыттарын қарастырады. Музей педагогикасы музейлік педагогикалық процестердің құндылықтарын іс жүзінде және педагогикалық басқару ісінде қолдануды қарастырады.

Әр түрлі әлеуметтік және жас ерекшелігіне қарай бөлінетін топтардың аудитория ерекшелігін анықтап, музейге келушілердің құрамына қарай дифференциалды шешіммен жұмыс ұйымдастырады, әртүрлі профильдегі музейлер жұмыстың тәжірибесін саралап, жинақтап, ғылыми-әдістемелік нұсқаулар, ақыл-кеңестер ұсынады.

Басқа да педагогикалық жұмыспен айналысатын мекемелермен де жұмыс істеудің формаларын ойластырып, орайластырып, жетілдіреді. Педагогикалық жұмыстың негізгі мақсаттары мен мәселелерінің бірі қоғамда белсенді, шығармашылық қабілетті адам тәрбиелеу. Музей педагогикасында экскурсия, музей сабағы, тақырыптық дәрістер сияқты жұмыс формалары қолданылады. Келушілердің қызығушылығын анықтайтын, музей ақпаратын толыққанды жеткізе білетін шаралардың жаңа формаларын жетілдіреді. Музейге ұйымдаспаған түрде, яғни жеке отбасымен, бірлеп-екілеп келетін адамдармен де жұмыс істеудің әдістерін қарастырады. Музей педагогикасының бір міндеті – музей педагогтарын даярлау, яғни олардың құрамына экскурсоводтар, методистер, социологтар да кіреді. Музейде тәрбие жұмысының түрлері мен формалары көптеп саналады. Олар музейде экскурсиялар (экспозиция мен көрмелерде), тарихи-мәдени ескерткіштерге саяхат жасайды. Тақырыптық кештер, конкурстар, викториналар, клуб пен үйірмелердің жұмысы, мәдениет университеттерін ұйымдастыру сияқты жұмыс формалары қолданылады.

Тарихи бағыттағы экскурсияларды төмендегідей жіктеуге болады:

1. Өтетін орны мен көрсетілетін нысана бойынша таңдап алынған, яғни жоспарлы.

2. Тақырыптың мазмұнына қарай.
 3. Тақырыптық шолу экспедициялары.
 4. Түрлі тарихи кезеңге, оқиғаға байланысты экскурсиялар.
 5. Арнайы (әдеби, өнеркәсіптік) мерейтойлық.
 6. Ғылыми-ағартушылық.
 7. Оқу бағдарламасына қарай сабақтар мен жазбаша тапсырмалар бойынша.
 8. Шетелдік туристерге арналған экскурсиялар.
 9. Музейлік олимпиада және конкурстар
 10. Музейдегі қосалқы ғылыми кабинеттерге экскурсия, бұл жерде заттардың дубликаты сақталады. Көшірілген заттарды ұстап көруге болады, көзі көрмейтін адамдарға арнайы жұмыс ұйымдастырылады, ақыл-кеңес беріледі.
 11. Музейдегі ашық есік күндері – киносеанс, концерт, театр қойылымдары көрсетіледі.
 12. Металлург күні, жастар күні, химик күні т.с.с. арнайы мерекелер күнін өткізеді.
 13. Көшпелі-жылжымалы музей жұмысының – музобус, теплоход, поезд сияқты да түрлері қолданылады.
- Музей ісінің халыққа таратылуында, көпшілікті тартуда ролі өте зор. Ол үшін музей қызметкерлері:
1. Ғылыми зерттеу, әдістемелік, ғылыми-көпшілік жинақтар шығарып тарату.
 2. Музей ісін, радио, телевидение, баспасөз арқылы жарнамалар беру арқылы насихаттау.
 3. Анықтамалық-жарнамалық материалдар шығару.
 4. Оларды экскурсиялық туристік орталықтар арқылы тарату.
 5. Жолкөрсеткіш, бағдар – каталогтар жасау арқылы насихаттау.
 6. Маршрут схемаларын тарату.
 7. Афиша, шақыру билеттері арқылы тарату.
 8. Буклеттер, төс белгі, сувенирлер тарату арқылы да насихат жұмыстарымен айналысады.

Осы жұмыстардың барлығын жоғары деңгейде ұйымдастыру үшін жылдық, тоқсандық, айлық, апталық, күндік жоспарлары болады. Күнделікті жұмыста музейге келушілер саны, өткен шаралар саны (сапасы да), әрбір музей қызметкерлерінің жұмыс көлемі мен мөлшері есепке алынады және барлық деректер талданып отырады.

Музей – зерттеу орталығы. Ғылыми-зерттеу мекемелерінің қатарында музейдің өз ерекшелігі бар. Музейдегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ғылым жаңалықтарды толықтыра түсетін, басқа ғылыми салалар жүйесінде кең қолданылатын ғылыми орталық.

Әсіресе, ғылыми негізделген, жоспарлы түрде қорларды жасау, музей заттарын сипаттау, өңдеу, зерттеу, ғылыми-зерттеу жұмысының негізі болып табылады. Ғылыми-зерттеу нәтижелері консервация, қайта қалпына келтіру, коллекцияларды қорғау мен сақтау, экспозиция, келушілермен жұмыс т.б. музей жұмыстарының деңгейін, дәрежесін анықтайды.

Музейдің ғылыми-зерттеу жұмыстары кешенді және көп қырлы болып келеді. Оның ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі бағыттарын, біріншіден, музейдің қай профилине жататынына байланысты, екіншіден, музейдің әлеуметтік институттар жүйесіндегі орнына қарайды. Профильдік бағыттан басқа ғылыми-зерттеу ісі музейтану ауқымында да үнемі зерттеу жүргізіп отырады. Музей жұмысында ғалымдар белгілі бір зерттеу тақырыптары бойынша еңбектер жаялап отырады. Экспозиция мен көрмені суретшілер, дизайнерлер жасайды. Сәулеттік-көркемдік шешім қажет. Бұл жерде суретшілердік фантазиясы да өте үлкен роль атқарады. Ол экспозиция жасауда көрерменнің білім деңгейіне, әлеуметтік-демографиялық жағдайына да көңіл бөледі. Дизайн ісінде сары, жасыл, алқызыл түстер көзді шаршататындықтан музейде ақ, көкшіл, ақ сары және қара түстер қолданылады.

Қазақ Ұлттық университеті тарих факультетінің музейлерінің жұмысы

Студенттерді өлкетану жұмысына баулуға Қазақ ұлттық университетінің жанынан құрылған палеолит музейінің маңызы зор. Музейді құрған т.ғ.д.проф. Ж.К.Таймағамбетов.

Қазақстандағы палеолит музейі 2000 жылдың желтоқсан айында Әл-Фараби атындағы ұлттық мемлекеттік университеті жанынан 500 мың артефакт негізінде құрылды. Бұл артефактар Қазақстан ғалымдары Х.А.Алпысбаев, А.Т.Медоев, Ж.К.Таймағамбетов, Б.Ж.Әубәкіров, О.А.Артюхова сияқты ғалымдардың ізденісі мен зерттеу жұмыстары мен Қазақстан, Ресей мемлекеттерінің ҚР Ғылым академияларының, Ресей Ғылыми академиясының Сібір бөлімшесінің (Новосибирск) біріккен кешенді экспедициялары нәтижесінде жиналды. Музейдегі заттар хронологиялық жүйемен орналасқан. Бөлімдері мынадай:

1. Адам эволюциясы.
2. Төменгі палеолит.
3. Мустье
4. Жоғарғы палеолит
5. Мезеолит және неолит
6. Қазақстанның палеолит дәуірін зерттеген ғалымдар туралы мәлімет

Музейдің бірінші бөлімінде адам дамуының негізгі кезеңдері, Африка жеріндегі палеонтологтардың ашқан жаңалықтары туралы мәлімет береді.

ҚазМУУ-дің палеолит музейі Англия мен Франция мемлекеттеріндегі музейлерден кейін ашылған үшінші музей.

Музейдегі бөлімдердің мазмұны:

1-бөлім. Палеонтологтардың Африка территориясындағы кейінгі кездегі ашқан жаңалықтар мен адамның қалыптасуының негізгі кезеңдері мәліметтерінен тұрады.

5-2 млн. жыл бұрын жер бетінде адам тектес маймылдың бірнеше түрі болған. Олардың бірінің қалдықтары көп мөлшерде Африкадан табылды. Бұл австралопитек, басқаша айтқанда, оңтүстік маймыл. Қазіргі уақытта Африка территориясында адамның ежелгі ата-бабалары тұрған 100-ге жуық орны белгілі, солардың ішінде сақталып, “Люси” деген атқа ие болған өте ежелгі австралопитектің қаңқасы бар. Оның жасы шамамен 3,5 млн жыл. Олар тастан жасалған дөрекі еңбек құралын пайдаланып, ағашты соққы құралы ретінде қолданғаны дәлелденген. Келесі топ – питекантроп (Ява аралы), содан кейін – синантроп (Қытай) қалдықтары, тағы бірі – әлемнің көптеген бөлігінен табылған неандертал және кроманьон (Homo Sapiens).

1-бөлім. Қызылтау, Бөріқазған (Оңтүстік Қазақстан), Шақпақ ата, Өнежек (Батыс Қазақстан), Семізбұғы (Орталық Қазақстан) және стратиграфиялық ескерткіштер Қосқорған, Шоқтас палеолиттік тұрақ шеберханасының біршама жарқын тас құралдары орын алған.

Ежелгі палеолит ірі үш кезеңге, мәдениетке бөлінеді: I. Олдувай (бұдан бұрынғы 2,6 млн – 700 мың жыл). II. Ашель (бұдан бұрынғы 700 мың – 150-120 мың жыл). III. Мустье (150-120 мың жыл). Ол кездің адамдары тастың қасиеттерін жақсы білген. Құралдардың мынадай түрлері: шапқылар, қырғыштар, үшкір тастар, шой балғалар, піспектер, пышақтар, тескіштер және тағы басқалар бөлініп шыққан.

Ақкөл, Қызылтау, Бөріқазған, Төңірқазған ж.т.б. жерлердегі тұрақ шеберханалар Оңтүстік Қазақстан территориясындағы (Қаратау жотасы) ең ежелгі палеолит ескерткіші қатарына жатады. Бұл тұрақтардағы құралдардың таралуы қатаң шектелген және белгілі бір артефакттық шекарасынан тыс жерлерде сирек кездеседі.

Оңтүстік Қазақстан құралдары Азия мен Африка территориясынан табылған еңбек құралдарына ұқсас және материалдары бірдей, яғни өзгеруі мен дамуы бір жолмен

жүрген төменгі палеолит мәдениетінің дамуы туралы болжам айтуға мүмкіндік береді.

3-бөлім. Орталық Қазақстан және Оңтүстік Қазақстанда орналасқан Хантау, Семізбұғы, Өгізтау және Ш.Уәлиханов атындағы тұрақ мұстье уақытының ескерткіштеріне арналған.

Ерте ашель ескерткіштері Маңғышлақта, Сарытас, Шақпақата және басқа шығанақтардан табылды. Леваллуа-ашель алдындағы өндіріс мәдениеті арасында: нуклеустер, леваллуа алдындағы типте ірі және көлемді леваллуа сынықтары (негізінен тас жарықшақтары тік бұрышты формада), қырлы тас сынықтарынан жасалған әртүрлі бифастар, қыры өңделген сынықтар, тас сынығынан жасалған балғалар. Мынаны ескеру керек: кейбір артефактардың олдувай мәдениеті құралдарымен таңқаларлық ұқсастығы байқалады.

Шақпақата және Онежек тұрағында бірегей өдіспен дайындалған үш қырлылары бар. Оның мөнісі сонда, екі қыры ортақ қабырғалы Маңғышлақ археологиялық материалдары зерттеу нәтижесі, бұл алғашқы адам мекендеген Қазақстанның көне аймақтарының бір екендігін көрсетті.

4-бөлім. Мұнда кейінгі палеолит тұрақтары Шұлбі (Шығыс Қазақстан), Құдайкөл, Семізбұғы (Орталық Қазақстан) материалдары экспонатталған.

Ашель кезеңінің ескерткіштері Орталық Қазақстаннан табылған. Бұл жердегі құралдар қара және сұрқай түсті кремний жынысынан жасалған.

Қазақстан мәдениетінің палеолиттік ареалында солтүстік Балқаш маңы орталық орындардың бірін алады. Бұл аудандарда әр кезеңдегі тұрақтар шоқы жиегінің бетінде өзен және көлдер террасасында шикізат шығатын шоқының үшы мен баурайында орналасқан. Семізбұғы майда шоқылар тізбегі Саяқ ауылынан шығысқа қарай 60 шақырым жерде орналасан. Мұнда 10-нан аса тұрақ шеберхана зерттелген және анықталған. Тас бұйымдардың арасында: нуклеус, клектон сынықтары, тісті құрал-

дар, қырғыш, бифас, пышақ және т.б. бар. Басты технология леваллуа дәстүрі болып табылады.

5-бөлім. Көрмеге неолиттік Қараүңгір үңгірінің (Оңтүстік Қазақстан), Маңғышлақ пен Арал маңы тұрақтары Сарықамыс, Сұлтан-өпе, Ақеспе және басқалардың коллекциялары қойылған.

Барлық бөлімнің қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі түсіндірме қағазы бар, сонымен бірге Қазақстанның палеолиттік және неолиттік ескерткіштері орын алады.

Ерекше қызықтыратын ерте палеолиттік Қазақстандық ескерткіштерге стратиграфиялық Қосқорған-1 және 2, Шоқтас-1,-2,-3 жатады. Олар Қаратау жотасының (Оңтүстік Қазақстан) баурайы жазықтығындағы көне травертиндік грифонда (жоғары көтерілген су) орналасқан.

Травертиндегі археологиялық олжаның маңыздылығы онда осы жерден табылған ерте палеолит өнеркөсібінің жергілікті шикізатынан дайындалған тас артефактары.

Коллекцияны зерттеу және осы тектес Евразиялық комплекстерді салыстыру мынандай болжам жасауға мүмкіндік береді, микроиндустриямен айқын көрсетілген бірыңғай аралдың шын мәнінде мәдениеттің 800-700 мың жыл бұрын және 150-200 мың жылға дейін болғанын көрсетеді.

Сарыарқадағы (Орталық Қазақстан) мұстье ескерткіштері айтарлықтай белгілі. Көпшілігінің арасынан Семізбұғы, Саяқ (Солтүстік Балқаш) жағалауы, Хантау, Өгізтау, Үлкен Ақмая және басқаларын атауға болады. Соңғы екі ескерткіш бастау қасында орналасқан және құрал жасауға шикізат материалы ретінде жергілікті кварциттер пайдаланылған.

Мұстье үлгісіне ашель дәстүрінің мұстье кешенін берген Хантау тауындағы ірі тұрақ болып табылады. Бұл жерден он мыңнан астам артефакт жиналған. Құралдардың арасында қырғыш, өткір ұштар басым. Мұстье кескініндегі тас құралдардың көпшілік бөлігі Семізбұғы тұрақ шеберханасынан табылды.

Жоғарғы палеолиттік Шүлбі тұрағы Шығыс Қазақстан облысы Новошувльбинск ауданында орналасқан. Мәдени қалдықтар Ертіс өзені террасасының әлсіз шөгіндісінде сақталған биіктігі 30-35 м. Терраса қара түсті кремнийлік тақта тастың шығындысынан тұрады. Қазбаның жалпы көлемі 100 шаршы метрден асады.

Кұралдарды жасауға шикізат ретінде қара, сұр, жасылдау түсті кремний жынысты ұсақ жұмыр тастарды, халцедон мен тау хрусталі пайдаланылған. Кұралдардың арасынан қырғыш пен шапқы, өткір жүздер, пышақтар, кескіштер және т.б. кездестіруге болады.

Нуклеустар призмалық, конус, дөңбек тәрізді болып келеді. Ұсақ жұмыр тастан құралған 2 ошақ бар. Шүлбі өндірісінің Алтай мен Сібір палеолитінің жүйесімен ұқсастығы бар.

Жоғарғы палеолит ескерткіштері Орталық Қазақстаннан да табылған. Бұл жерде шикізат материалы ретінде қара және сұр-қоңыр түсті кремний жынысы пайдаланылған. Осындай тұрақтарға Сарыарқаның солтүстік шығысындағы Құдайкөл, Балқаштың солтүстігіндегі Семізбұғы жатады. Кұралдардың ішінен бифас, яғни екі беті өңделген тас, жануардың терісін сыпыратын және ағаш өңдейтін қырғыштар, пластинкалар мен жарықшақтар, сындырылған нуклеус-жұмыртастарды көруге болады.

Қысу техникасының таралуы өріс алды, оның көмегімен найза, сүңгі ұштарынан жұқа жүзін алатын еді. Бұл уақытта алғашқы қауымдық өнер пайда болды. Оның басты тақырыбы – өртүрлі жануарларды бейнелеу, мүсін жасау және ою.

Б.д.д. IV-III мыңжылдыққа жататын неолиттік ескерткіштер Қазақстанның көптеген аймақтарынан табылған. Мысал ретінде Батыс Қазақстаннан Құлсары-1-5, Сарықамыс, Арал теңізі бассейнінен Ақеспе, Сексеуілді, Солтүстік және Орталық Қазақстаннан Виноградовка, Бастамақ, Қаратөбе және т.б. тұрақтарды келтіруге болады.

Қазақстанның шөлді жазықты неолиттік ескерткіштерінің бір ерекшелігі, көпшілік бөлігі ашық түрдегі тұрақтар.

Көптеген бұйымдар арасында ратуш секілді, сондай-ақ пышақ тәрізді пластинкалар, қырғыштар, кескіштер, өртүрлі пішінді жебе ұштары және нуклеустар кездеседі.

Өрнекті және өрнексіз керамика фрагменттері неолит дәуірінде тастарды өңдеу, жетілдіру дәрежесіне жетіп, жер өңдеу мен мал шаруашылығы пайда болды.

Неолиттік Қараүңгір тұрағы (Оңтүстік Қазақстан) Қараүңгір ауылының солтүстігіне қарай 1,5 шақырымда жатыр. Кіреп жерінің ені 20-25 м, биіктігі – 9 м. Қазба барысында үңгірден мәдени тұрмыстық мақсаттағы өртүрлі заттардың көптеген қалдықтары табылды. Олардың ішінде: қырғыштар, жебе ұштары, пышақтар, нуклеустар, керамика, сүйек біздер және инелер. Ежелгі қараүңгірліктер құлан, аю, бұғы, қабан, жылқы және т.б. аулаған.

Үңгірді алғаш рет 1959 ж. Х.А.Алпысбаев, ал 1992 ж. Қазақ-Ресей біріккен археологиялық экспедициясы зерттеді. (Музей материалдары пайдаланылды. Музейдің негізін қалаған т.ғ.д., проф. Ж.К.Таймағамбетов).

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің археология және этнология музейі. Археология кафедрасының 1970 жылдары құрылу сәтінен бастап оқу жүйесіне байланысты әр жылғы археологиялық тәжірибе өткен аймақтардан кафедра қорына археологиялық заттар көптеп жинала бастады. Соның нәтижесінде 1974 жылдан археология кабинеті кабинеті ашылып, студенттерді адамзат қоғамының даму барысымен таныстыру үшін табылған заттар көрнекі құрал ретінде қойылды. Кафедраның алғашқы меңгерушісі, белгілі археолог Ә.М.Оразбаев зерттеу барысында тапқан деректері негіз болып экспонатқа қойылды. 1974 жылдан құрылған археологиялық тәжірибе базасының құрылуына байланысты Жамбыл облысы, Шу ауданы Баласағұн ауылы (“Калинин” колхозы) ортағасырлық Ақтөбе қаласының

орны қазыла бастады. Профессорлар У.Х.Шалекенов, оқытушылар А.С.Загордский, Н.О.Алдабергенов басқарған алғашқы қазба жұмысының заттары жиналып, кабинетке қойыла бастады. Сонымен, оқу процесін жүргізуде археология кабинеті әрі музей, әрі оқу тәжірибесін арттыру міндетін атқара бастады. 1980 жылдары ҚазҰУ-дің жаңа оқу корпусына өтуіне байланысты оқу процесін жандандыру үшін екі музей ашылды. Соның бірі археология музейі. Музей экспозициясы төрт бөліктен тұрып, хронологиялық жүйемен қалыптасқан.

Бірінші бөлім алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінен бастау алады. Бұл бөлімде алғашқы қауым адамдарының аңшылық кәсібінің диарамы жақсы көрсетілген. Сонымен қатар Қазақстанда ашылған ірі қазбалардың бірі, көне палеолит дәуірінің заттары Ғылым академиясының Археология институтынан алынған (Х.А.Алпысбаев зерттеулері) заттарымен толықтырылып, жаңа тас ғасырының суреттері, Қараүнгір ескерткішінің суреті, заттары қойылған. Бұл экспозициялар Қазақстанның адамзат қоғамы дамуының ошағы болғанын көрсетеді. Біз сол кездегі пайдаланылған көне тұрпайы тас құралдары мен олардың қалай дамығанын байқаймыз.

Екінші бөлім Қазақстандағы қола дәуірінің кезеңдеріне арналған. Онда Бегазы-Дәндібай мәдениетінің ыдыстары, сызба суреттері бейнеленген, Бұғылы, Шортанды-Бұлақ, Замараев ескерткіштерінің заттары бар. Негізгі заттар Шағалалы қонысының заттарына арналған. Соңғы кездері профессор Ә.Т.Төлеубаев, оқытушы Ф.Омаровтар басқарған Шығыс Қазақстан зерттеулерінің заттарымен толықтырылып отыр. Осы бөлімде қола дәуірінің қоныстары мен шаруашылығының диарамасы ұтымды жасалған.

Үшінші бөлімде Қазақстанның ерте темір дәуірінің ескерткіш заттары орын алады. Бөлімнің негізгі бөлігінде сақ дәуірінің Бесшатыр қорғанының сызба суреттері,

заттары қойылған. Осы бөлімде Тамғалы тастағы бейнелер кеңінен көрсетіліп отыр. Бөлімде бірнеше балбал тастар да орын алған.

Археология музейінің төртінші бөлімінде студенттердің өздері тапқан, қазып алған заттары қойылған. Бұл бөлім музейдің үлкен бөлігі болып саналады. Мұнда ортағасырлық Ақтөбе қаласынан табылған заттармен толықтыра отырып, ортағасырлық қалалық мәдениеттің даму барысынан келушілер толық мәлімет ала алады. Онда V-XIII ғғ. кезеңдерінің археологиялық заттары хронологиялық жүйемен орналасқан.

V-IX ғасырлардағы қазан, келі және сондай-ақ құмыра сияқты саздан жасалған көптеген ыдыстар мен мүсіндер бар. Осы бөлімнің басында ортағасырлық қаланы қазудың барысын көрсеткен диарама орналасқан, қалған бөлігінде IX-XIII ғ.б. негізінен Қарахан мемлекетінің дамыған мәдениетін көрсететін археологиялық заттар қойылған. Онда жоғары дәрежедегі шеберлікпен жасалған бояулы, бояусыз ыдыстар, шырағандар бар. Қоладан жасалған шырағандар зергерлердің өнерін көрсетеді. Бояулы кесе, леген, табақ ыдыстары әсемдігімен көздің жауын алады. Ұзын қылыш, қалалық суландыру жүйесі көрсетілген сызба су құбырлары орнымен қойылған. Ақтөбе қаласының патша сарайының қабырғаларын өшекейлеген өрнектер, т.б. көптеген археологиялық қазба деректері бар. Онда ортағасырлық моншаның макеті өте жақсы сақталған. Музей тек студенттер білімін толықтырып қана қоймай, жалпы көрермендер үшін есігі ашық болып, оларға қазақ тарихының беттерінен мәлімет беріп отырады. Музейге келушілер саны мыңдап саналады (Мәлімет берген Н.О.Алдабергенов).

2003 жылы жаз айында ҚазҰУ-дің археология және этнология кафедрасының меңгерушісі Ә.Т.Төлеубаев бастаған экспедиция үшінші “алтын адамды” тауып, Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданында жұмыстарын жалғастыруда.

Тарихи өлкетану пәні бойынша сынақ өткізуге арналған сұрақтар

1. Тарихи өлкетану пәні нені зерттейді?
2. Тарихи өлкетанудың зерттеу әдістері.
3. Тарихи өлкетану деректері.
4. Тарихи өлкетанудың басқа ғылым салаларымен байланысы.
5. Тарихи өлкетану жұмыстарының негізгі бағыттары мен салалары.
6. Мектептегі өлкетану жұмыстары.
7. Археологиялық деректердің өлкетануда атқаратын ролі.
8. Қазақстандағы өлкетану жұмыстарының негізгі кезеңдері.
9. Археологиялық қазба жұмыстарынан табылған материалдарды өңдеу әдістері.
10. Археологиялық ескерткіштер түрлерін анықтаудың өлкетанудағы маңызы.
11. Археологиялық материалдарды мектептегі өлкетану жұмыстарына пайдалану тәсілдері.
12. Ш.Уәлихановтың өлкетанушылық қызметі.
13. Этнографиялық деректердің өлкетанудағы ролі.
14. Этнографиялық деректердің түрлері.
15. Өлкетанушылар үшін қажетті этнографиялық терминдер.
16. Шетел зиялыларының еңбектерінің өлкетанудағы маңызы.
17. Қазіргі Қазақстанның шетелдермен байланысы.
18. Жазба деректердің өлкетанудағы атқаратын ролі.
19. Палеографияның өлкетанудағы ролі.
20. Тарихи өлкетанудағы топонимика ғылымының атқаратын ролі.
21. Өз өлкеңнің топонимикасының өлкетану үшін маңызы.
22. Тарихи өлкетанудағы деморафиялық деректердің маңызы.

23. Қазақстанда өлкетану жұмыстарының басталуы.
24. Жергілікті жерлердегі алғашқы өлкетану ұйымдары.
25. Статистикалық комитеттер, олардың өлкетанушылық қызметі.
26. Өлкетану конференциялары.
27. Тарихи өлкетану жұмыстарының саяси мәні.
28. Тарихи өлкетану жұмыстарының мәдени мәні.
29. Қазақстандағы алғашқы ерікті ғылыми қоғамдардың өлкетанушылық қызметтері.
30. Қазақстанды зерттеу қоғамының құрылуы.
31. Қазақстанды зерттеу қоғамының өлкелік бөлімшелерінің жұмысы.
32. Ә.Ә.Диваевтың өлкетанушылық қызметі.
33. Өлкетанушылардың Орталық бюросының құрылуы.
34. Тарихи өлкетанудағы музейлердің атқаратын ролі.
35. Тарихи өлкетанудағы архивтердің ролі.
36. Тарихи өлкетанудағы ескерткіштерді қорғау қызметінің ролі.
37. Қазақстанның Орталық музейінің өлкетанушылық қызметі.
38. Қазақстан музейлерін ұйымдастыруға көп үлес қосқан өлкетанушылар.
39. 30-40 жылдардағы Қазақстандағы өлкетану жұмыстарының барысы.
40. Өлкетанудағы қалалар мен кәсіпорындар тарихының зерттеле бастауының маңызы.
41. С.Бабажановтың өлкетанушылық қызметі.
42. Өз өлкеңдегі өлкетану жұмыстарының қазіргі жағдайы.
43. Урбанизацияның жетістіктері мен кемшіліктері.
44. Экология, оның ғаламдық мәселеге айналуының себептері.
45. Экологиялық апаттың алдын алу жұмыстарын жүргізудің маңызы.

46. Өз өлкенің экологиясы туралы мәлімет дайында.
47. Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты өлке-тану жұмыстарындағы өзгерістер.
48. Кеңес дәуіріндегі бұрмалаушылықтың өлкетануға тигізген зияны.

Студенттердің өз бетімен жұмысына арналған сұрақтар

1. Ә.Диваевтың өлкетанушылық қызметі.
2. Өлкетанудағы топонимикалық зерттеу еңбектерінің маңызы.
3. Қазақ халқының хандық құрған кезеңінен бастап күні бүгінге дейінгі демографиялық дамуының сипаты.
4. 1998 ж. Қазақстандағы жүргізілген санақ нәтижелерін пайдаланудың маңыздылығы.
5. Қазақстан Республикасының Орталық музейінің өлкетанушылық жұмысы.
6. С.Бабажановтың зерттеу еңбектері.
7. Колонердің зерттелуі және колонер бұйымдарының өлкетанушылықтағы маңызы.
8. Өлкетанушылардың Орталық бюросының қызметі.
9. Эпиграфиялық ескерткіштердің өлкетанудағы маңызы.
10. Ә.Марғұлан еңбектерінің өлкетанушылықтағы маңызы.
11. Археологиялық және этнографиялық экспедициялардың нәтижесі және олардың өлкетанушылықтағы орны.
12. Әрбір студентке өз өлкесі бойынша реферат жазу.
13. Өз өлкеңнің табиғат байлығын зертте.
14. Өз өлкеңнің тарихи тұлғаларынан анықтама жаса.
15. Қазақстандағы археологиялық ғылыми жаңалықтар. ҚазМҰУ-дің археологиялық және этнографиялық экспедицияларының нәтижесі.

Әдебиеттер

1. Ашурков В.Н., Кацюба Д.В., Матюшин Г.Н. Историческое краеведение. – М., Просвещение, 1980.
2. Ахметова С.Ш. Историческое краеведение в Казахстане. – Алма-Ата, 1982.
3. ҚР ОМА. ф.4., оп., 1. д.2815.
4. Раимханова К., Қатран Д. Музей ісінің теориясы мен практикасы. – Алматы, 2002.
5. Адрианов А.А. Краткий исторический очерк Семипалатинского музея. – Семипалатинск. 1929. Массон М.С. Мавзолей Хаджи Ахмеда Яссави. – Ташкент. 1930. Махонин А.С. Музеи Казахстана и их ближайшие задачи. – Вестник Центрального музея Казахстана. – Алма-Ата, 1930. Семенов Л.Ф. Материалы к характеристике памятников материальной культуры Акмолинского округа. Казиздат, 1930. (см. кн. Ахметовой Ш.С.)
6. Пронштейн А.П., Кияшко В.И. Тарихи қосалқы пәндер. Алматы. 1978.
7. Акишев К.А., Байпаков К. Вопросы археологии Казахстана. – Алма-Ата, Мектеп. 1979.
8. Потанин Г.Н. Чертежная книга Сибири, составленная тобольским сыном боярским Семеном Ремезовым в 1701 г. Журнал Министерства народного образования. ч. 227, 1883.
9. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата. Наука, 1965.
10. Востров В.В., Захарова И.В. Казахское народное жилище. – Алма-Ата: Наука, 1989.
11. Шалекенов У.Х., Шалекенов М.У. Әлем халықтарының этнологиясы. – Алматы, 2002.
12. Садохин А.П., Грушевицкая Т.Г. Этнология. – М., изд. центр “Академия”, Высшая школа. 2000.

13. *Ғабитов Т.* Философия. — Алматы, 2002.
14. *Токарев С.А.* Истоки этнографической науки. — М., 1978.
15. *Итс Р.Ф.* Введение в этнографию. — Л., 1974.
16. *Артыкбаев Ж.* Этнология и этнография. — Астана, 2001.
17. Қазақтың этномәдени мұраларын жинаудың бірыңғай әдістемесі. 1998.
18. *Льонтева Г.А., Шорин П.А., Кобрин В.Б.* Вспомогательные исторические дисциплины. — М., 2000.
19. *Тасмағамбетов И.Н.* Зримый образ великой культуры. Материалы международной научно-теоретической конференции “Древнетюркская цивилизация: памятники письменности” к 10-летию независимости РК. 1991.
20. *Келімбетов Н.* Ежелгі дәуір әдебиеті. — Алматы: “Ана тілі”. 1991.
21. *Шаймерден Е.* Орхон-Енисей ескерткіш-теріндегі рәміздік белгілер.
22. Көне түркілік наным және мемлекеттік тәуелсіздік идеясы. “Байырғы түркі өркениет жаба ескерткіштері”. Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. — Астана, 2001.
23. *Новицкий Г.* Краткое описание о народе остяцком. Памятники древней письменности. СПб. 1884. Т.53.
24. *Татищев В.Н.* Избранные труды по географии России. — М., 1950.
25. Музееведение. Под. Ред. проф. К.Г. Левыкина и проф. В.Хербста. — М., 1988.
26. 100 великих музеев мира. Автор-составитель М.А.Ионина. — М., 1999. С.5.
27. *Курлат Ф. Л.* Основы экскурсионного дела в музеях. Статья. — М., 1976.

ҮЛГІДЕГІ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Тарихи өлкетану

- 020840 — археология және этнология
 — тарих
 — деректану
 — музей ісі мен ескерткіштерді қорғау

мамандықтары бойынша оқу көлемі — 60 сағат

Үлгідегі оқу бағдарламасын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасаған.

Авторлары:

Нұргалымова Г.С., т.ғ.к., доцент
Қалыш А.Б., т.ғ.к., доцент,
Раимханова К.Н., т.ғ.к., доцент

Сарапшылар: *Сыздықов С.М.*, т.ғ.д., профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шығыстану факультетінің деканы, *Қатран Д.*, т.ғ.к., ҚР Орталық мемлекеттік музейінің этнология бөлімінің меңгерушісі

Бағдарлама Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен жарияланды, хаттама № 2, 21 ақпан 2003 ж.

АЛҒЫСОЗ

Қазақстан егемендігін алып, тәуелсіз даму жолына түскен уақытта тарихи өлкетану сабағының отандық тарихтың ақтаңдақтарын толтыруда атқарар ролі зор. Пән белгілі бір өлкенің тарихи-өлеуметтік, саяси-экономикалық, мәдени дамуын, табиғи жағдайларын жан-жақты зерттейді. Пәнді оқыту қоғам дамуын, өлке тарихын жалаң зерттемей, қоғам мен қоршаған тарихи ортаның географиялық, топонимикалық, экологиялық жағымен байланыстыра зерттеу қажеттігін көздейді. Тарихи өлкетану пәнінің міндеті: тарихи өлкетанудағы әр түрлі дерек көздерінің ролін, мағлұматтарының маңызын жан-жақты көрсете отырып, тарихи өлкетану жұмыстарының негізгі бағыттарын анықтау болып табылады. Өлкетанудың тарих ғылымының дамуына қалай әсер еткенін дәлелді баяндау арқылы студенттердің білімін күнділікті өмірмен, практикамен байланыстыра отырып, ғылыми-іздену жұмыстарына баулып, туган өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу болып табылады.

Пәнді оқытудың мақсаты мен студент бойында қалыптастыратын дағдылар

Студент нені білуге, үйренуге, іс дағдыдарын игеруге тиіс. Болашақ тарихшы мамандардың игеруге тиісті білімі мен іс-дағдыларын бірнеше салаға бөлуге болады. Ола

студенттерді теориялық білім беру арқылы өз бетінше ғылыми іздену жұмыстарға баулиды, тарихи және мәдени ескерткіштерді зерттеудің негізгі белгілерін ескере отырып, оларды қалай саралауды анықтайды. Жергілікті жерлерден табылған тарихи және мәдени ескерткіштерді ресми ғылыми экспедиция келгенге дейін дұрыс есепке алып, сипаттап, қарапайым алғашқы өңдеуден өткізуді білуге дағдыландырады.

Студенттер тарихи дерек түрлерін ажырата біліп, жіктеуді үйреніп, оларға сын көзбен қарауға бейімделеді.

Топонимикалық атауларды, ғылыми мәні бар терминдердің атауын игеріп, түрлі тарихи, географиялық, физикалық, экономикалық, т.б. карталармен жұмыс жасауды үйренеді. Кеңес үкіметі тұсындағы тарихи оқиғалардан хабар беретін деректерге сын көзбен қарауға, ұлттық мүдде тұрғысынан бағалауға үйретеді.

Тарихи өлкетану пәнін оқытудағы байланысы бар пәндер: Қазақстан тарихы, география, әдебиет, археология, этнология, деректану, тарихи қосалқы пәндер, т.б.

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Өлкетану пәні, мақсаты және міндеттері. Тарихи өлкетану пәнін оқытудың қажеттілігі. Өлкетанушылық жұмыстың жас ұрпақты өз өлкесін құрметтеуге, өз отанын сүйуге тәрбиелеудегі маңызы. Өлкетану жұмысының мазмұны мен салалары. Зерттеу әдістері мен принциптері, негізгі бағыттары. Өлкетанудың зерттеу нысаны және түсінік аппараты. Өлкетанудың ғылым ретінде пайда болуы. Өлкетанудың басқа тарихи қосалқы пәндермен байланысы. Тарихи география мен топонимиканың тарихи өлкетануды оқытудағы үлесі. Тарихи өлкетану пәнінің Қазақстан тарихында алатын өзіндік орны. Мектептегі тарихи өлкетану жұмыстары. Тарихи өлкетанудың тарихнамасы мен негізгі негізгі дерек көздері.

I БӨЛІМ. Тарихи өлкетанудың негізгі дерек көздері.

1-тарау. Тарихи өлкетанудағы археологиялық және этнографиялық деректердің маңызы. Тарихи өлкетанудағы археологиялық деректер және оларды тарихи өлкетану жұмыстарында қолдану. Археологиялық дәуірлер мен кезеңдерге бөлу туралы мағлұматтар. Археологиялық ескерткіш түрлері. Қорғандар, тұрғын үйлер, қабірлеу дәстүрлері.

Археологиялық қазба жұмыстары және археологиялық барлау.

Археологиялық жұмыстарды жүргізуге “ашық бет” рұқсат қағазын алу, алдын-ала дайындық жұмыстарын өткізу.

Археологиялық қазба жұмыстарынан табылған заттарды өңдеу әдістері. Ескерткіштерді қорғау. Мектептегі өлкетанушылық жұмыстарында археологиялық материал-

дарды қолдану. Студенттердің археологиялық қазба жұмыстарына қатысуы және өз өлкесінің археологиялық ескерткіштері жайлы мағлұматтар жинауға тапсырма беру маңызы.

Этнографиялық деректер және оларды өлкетанушылық жұмыста пайдалану. Этнографиялық дерек түрлері. Мәдениеттің заттай деректері – артефактар. Аңыздар мен мемораттар. Классикалық жазба аңыз деректері. Этнографиялық далалық деректердің маңызы. Басқа ғылыми салалар мен пәндердің мәліметтерін пайдалану. Ғылыми-зерттеу әдістері. Студенттер мен оқушыларды өлкетануға қажетті этнографиялық жұмыстар жүргізуге дайындау. Өз өлкеңнің әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін білудің маңызы.

2-тарау. Тарихи өлкетанудағы жазба деректердің және ауыз әдебиетінің ролі. Жазба деректердің жазу материалдарының сипаты (пергамен, қағаз, ағаш, тас, металл, керамика, шыны, сүйек) т.б. Жазба деректерді жинау, қалпына келтіру және уақытын анықтау. Тарихи өлкетанудың тарихи дерегі ретінде және жазу тарихын зерттеудегі эпиграфиканың ролі. Жазба деректердің типтері мен түрлері (жылнама, хроника, акт, мемуарлар). Жазба деректердің сыртқы белгілерінің (материал, көлем, графика, вязь, ою-өрнек, миниатюра) т.б. тарихи дамуын оқытудағы палеографияның маңызы. Көне және орта ғасырлық қолжазбалардың Қазақстанның тарихи өлкетануын оқытудағы құндылығы. Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының қолжазбалар бөліміндегі, Ұлттық кітапхананың сирек қолжазбалар қорындағы, облыстық кітапханалардағы қазақ хандығы мен жаңа кезеңнің жазба ескерткіштері. Халық ауыз әдебиеті шығармашылығының және фольклордың деректік маңызы. Белгілі бір өлке бойынша іздеу, зерттеу жұмыстарын жүргізу, оны жас ұрпаққа жеткізу. Ресей империясының отарлау дәуіріндегі және советтік тоталитарлы жүйе кезеңінің құжаттарының

мазмұнына объективті және сыни көзқараспен қарау. Тәуелсіз Қазақстанның жақын және алыс шетелдермен байланысының кеңеюі және оның тарихи өлкетанудың дамуына әсері.

3-тарау. Тарихи өлкетанудағы демографиялық деректердің маңызы. Қазақ халқының хандық құрған кезеңінен бастап тәуелсіз Қазақстанның бүгінге дейінгі демографиялық дамуының сипаты және ұлттық даму үрдістері. 1897, 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989, 1999 жылдардағы санақ қорытындылары бойынша халық саны. Салыстырмалы көрсеткіштер. Советтік тоталитарлы жүйе тұсындағы әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттік саяси үрдістердің демографиялық зардаптары (отырықшыландыру, тәркілеу, күшпен ұжымдастыру, ашаршылық, репрессиялар). Қазақстанға Кавказдан, Қырымнан, Поволжьедең, т.б. жерлерден халықтардың күшпен қоныс аударылуы. 1920-1960 жылдардағы көші-қон қозғалысы ағымы. Қазақстаннан тыс жерлерге қоныс аударушы қазақтардың саны. 1970-1999 жылдардағы халық санын көбейту, көші-қон, сандық өсу динамикасы мен халықтың ұлттық құрамы мәселелері және олардың тарихи өлкетану мен демографиядағы маңыздылығы. Халық қозғалысы және оның түрлері: ұдайы өсім, табиғи қозғалыс. Халықтың көшіп-қонуы және әлеуметтік жинақылығы, тезділігі. Көші-қонның этникалық аспектілері. Жақын және алыс шетелдегі қазақ диаспорасы. Қазақтардың тарихи отанына оралуы. Көп ұлтты мемлекет жағдайындағы Қазақстанның көші-қон саясатының ерекшеліктері.

II БӨЛІМ. Қазақстандағы тарихи өлкетанудың негізгі ұйымдастыру формалары мен кезеңдері.

1-тарау. Қазақстандағы өлкетанушылық жұмыстарының қайнар көзі. Қазақстандағы өлкетану жұмыстарының басталуы. Өлкетанушылық жұмыстарындағы негізгі кезеңдер. XVIII-XIX ғасырлардағы ғалымдар, қоғам

қайраткерлері, саяхатшылар көмегімен өлкетануға байланысты мәліметтердің жиналуы. П.С.Паллас, И.Г.Георги, И.П.Фальк, Н.П.Рычков, И.Г.Андреев, А.И.Левшин, В.И.Даль, П.И.Небольсин, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, т.б. еңбектері. Отандық зерттеушілер Ш.Уәлиханов, С.Бабаджанов, Ы.Алтынсарин, Б.Дауылбаев, Г.Н.Потанин Ә.Ә.Диваев, А.Е.Алектров, Н.Н.Пантусов, А.Н.Седельников, т.б. Қазақстандағы тарихи өлкетануды зерттеген шетелдіктер: Маркрафт, Г.Клапрот, А.Гумбольдт, К.Риттер, А.Ремюза, т.б. Орыс географиялық қоғамының және оның бөлімшелерінің: Орынбор (1868), Батыс Сібір (1877), Түркістан (1897) өлкетанушылық қызметі. Түркістандағы археология әуесқойлары үйірмесі (1895-1917). Түркістандағы Шығыстану қоғамының бөлімшесі (1901-1913). Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесі (1903-1916). Түркістан (1868), Жетісу (1879), Сырдария (1887) облыстық статистикалық комитеттердің өлкетанушылық жұмыстары.

2-тарау. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы тарихи өлкетану. Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамы (1925 жылдан бастап Қазақстанды) революциядан кейінгі өлкетану жұмысының орталығы. Қоғам Орынбор ғылыми архив комиссиясының Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесінің, Кирревкомның тарихи-статистикалық бөлім штабының, Казнаркомпростың (Халыққа білім беру комиссариаты) жұмыстарын қабылдаушы ізбасар орган. Қоғамның мақсаты, міндеттері, жоспары. Орал, Орда, Қостанай, Көкшетау бөлімшелерінің қызметі. Қазақстанды зерттеу қоғамының Орынбор (1920-1925), Қызылорда (1925-1929), Алматы (1929) бөлімшелері уақытындағы қызметі. Мектептегі өлкетану жұмысы бөлімін құру. Қырғыз өлкесінің Орынбор қоғамының Семей және Жетісу бөлімшелерінің жұмысының қайта жандануы. Бірінші Семей және Жетісу бөлімшелерінің қайта жандануы. Бірінші Семей губерниялық өлкетану

конференциясы (1924). Сырдария губерниясының (1926) өлкетану қоғамы. 1930 жылдардағы республикада өлкетану жүйесінің қайта құрылуы. Қазақстан өлкетанушыларының Орталық бюросының құрылуы (191). Губерниялардағы өлкетану жұмысының жандануы. 1932 ж. Алматыдағы өлкетану конференциясы. 1930 жылдардағы өлкетану пәнінің мектеп пен жоғарғы оқу орындарының бағдардамына енуі.

3-тарау. 1940-1990 жылдардағы Қазақстандағы тарихи өлкетанудың дамуы. Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-45) өлкетану жұмыстарының саябырлауы. Соғыстан кейінгі жылдарда өлкетану жұмысының жандануы. 1945 ж. ҚазССР Ғылым академиясының тарих, этнология және археология институтының ашылуы. 1946-50 жылдардағы Қазақстан облыстарына жіберілген экспедициялар жұмысы. 1950-60 жылдардағы өлкетану жұмысының қоғамдық сипаты. Мектептерде, факультативтік сабақтарда, мектептен тыс уақыттардағы өлкетану жұмысының дамуы. Қазақстан тарихын оқытуда өлкетану материалдарын пайдалану. Ұжымдарда, мектептерде арнайы өлкетану бұрыштарын ұйымдастыру. 1970-80 жж. республика мен облыстардағы өлкетану қоғамының негізгі бағыттары мен қызметтері. Тәуелсіз Қазақстанның өлкетанушылық жұмыстарының ерекшеліктері: қиындықтар, мәселелер, тоталитарлық жүйе зардаптары. Жаңа бағытпен даму кезеңіндегі өлкетану жұмыстарына көзқарас. Өлкетанушылық жұмыстарының баспасөз беттерінде жариялануы.

III БӨЛІМ. Республикадағы өлкетану жұмыстарының ерекшеліктері

1 тарау. Музей, архив, тарихи, мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамдарының тарихи өлкетануды оқытудағы ролі. Қазақстандағы музейлердің құрылуы мен дамуы. 1857-62 жж. Орынборда Москва мен Қазан музейлеріне арнап Қазақстан өлкетануына байланысты материалдардың

жиналуы. Орынбор (1831), Омбы (1878), Семей (1883), Жетісу (1898), Қостанай (1915) өлкетану музейлерінің құрылуы. Халыққа білім беру комиссариатының Академиялық орталығы құрамындағы Басты музейдің жұмысы: Орал (1920), Көкшетау (1920), Шымкент (1921), Ақмола (1923), Петропавл (1924). Орынбор музейінің негізінде Орталық мемлекеттік музейдің құрылуы (1923). Орталық музей мен губерниялық музейлердің Қазақстанды зерттеу қоғамымен тығыз байланысы. Музейлердің тақырыптық көрмелері. Өлкетанушылардың Бүкілқазақстандық съезі (1930). Республикадағы өлкетанушылық музейлердің жұмысын қайта құруы. Республиканың қалалары мен облыстарында өлкетанушылық музейлердің ашылуы. 1950-90 жж. музейлердің ғылыми-зерттеу жұмысы. Қазақстандағы мемлекеттік архивтерді құру тарихы жәе архив қорларын жасақтау. 1921 ж. ҚазАССР-інің бас архивін құру (1922 ж. бастап Республиканың Бас архиві). Тарихи өлкетануға байланысты Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорының құжаттары. Республиканың Орталық Мемлекеттік архивтері. Жергілікті жерлердегі мемлекеттік архивтер (облыстық, қалалық, аудандық). Архив материалдарын жинаудағы өлкетанушылардың ролі. Архив құжаттары бойынша тарихи өлкетанулық зерттеулер. Архив құжаттарымен жұмыс істеу тәсілдері, әдістері. Мемлекеттік архивтердің басылымдары. Олардың түрлері: ғылыми-көпшілік, тақырыптық, деректік, т.б. 1930 ж. ҚазАССР-інің Халыққа білім беру комиссариатының ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмысын реттеуі. Тарихи-мәдени ескерткіштердің түрлері. Көне заман мен өнер ескерткіштерін есепке алуды аяқтау, белгілеу, картаға түсіру және олардың мөнін “Өлкетанушылардың жаднамаларында” сипаттау (1937). Соғыстан кейінгі жылдардағы ескерткіштерді қорғау қоғамының сіңірген еңбегі. 1960-80 жж. ҚазССР Мемлекеттік Мәдениет комитетінің ескерткіштерді қорғау басқармасының қызметі. Тарихи

және мәдени ескерткіштерді қорғау қазақ қоғамы. 1980 ж. ҚазССР-інің тарихи және мәдени ескерткіштерді жинақтау қоғамының қызметі. 1994 ж. Оңтүстік Қазақстан облысының, 2002ж. Жамбыл облысының тарихи-мәдени ескерткіштерді жинағының жариялануы.

2-тарау. Қазақстандағы тарихи-өлкетану жұмысында қалалар мен кәсіпорындар тарихын, экология мәселелерін оқытудың маңызы.

Оңтүстік Қазақстан, Жетісу және т.б. аймақтардағы көне, орта, Қазақ хандығы, XVII-XX ғғ. мен жаңа кезеңдегі қалалар тарихын, елді мекендердің тарихи-өлкетанушылық бағытта оқытылуы. Тарих ғылымның дамуы барысында жинақталған кіші, орта, ірі, жаңа қалалар тарихы бойынша мәліметтерді талдау. Қалаларды зерттеудің деректік, архивтік, ғылыми-әдістемелік мәселелері. Қалалардың атауын, шығуын, дамуын зерттеуде тарихи, архитектуралық, археологиялық талдауды қолдану. Қалалар – қолөнер мен сауда орталығы. Қазақстанның көне қалаларының әлеуметтік-экономикалық, мәдени, әскери-әкімшілік функциялары. Оңтүстік астана мен солүстік астана, аймақтық, өлкелік қалалар туралы академиялық және энциклопедиялық басылымдар. Республикадағы заводтар, өнеркәсіптер, фабрикаларды тарихи, әлеуметтік, экономикалық зерттеу аспектілері және оның отандық өлкетанудағы маңызы. Мәліметтерді жүйелеу және талдау. Экология – өлкетану жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Кеңес дәуірі және тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы қалалардың, өнеркәсіптердің глобалды экологиялық мәселелері. Оларды зерттеудің олқылықтары. Өлкелік экологиялық бюлетеньдер.

3-тарау. Қазақстанның тарих өлкетануындағы топонимика мен тарих географияның ролі. Қалалар, елді мекендер, ландшафттардың физикалық-географиялық атауларындағы ономастика мен оның салаларының (топо-

нимика, гидроним, ороним) маңызы. Елді мекендер мен географиялық нысандар атауы қазақ халқының бағалы ескерткіштері. Олардағы парсы, араб, түрік, монғол, орыс және қазақ этнонимдерінің көрінісі. Тарихи өлкетануда топонимикалық материалдарды археология, этнология, фольклор, т.б. салалармен деректік байланыста қолдану. 1889 ж. ережелер, Столыпиннің аграрлық реформасы. Қазақстанды Ресеймен және Сібірмен байланыстыратын темір жол құрылысы. 1822, 1824, 1867-1868, 1886-1891 жылдардағы әкімшілік-территориялық реформалар. Қазақ өлкесіне Ресейдің Европалық бөлігінен шаруаларды қоныс аудару. Советтік тоталитарлық жүйе кезіндегі бұл саясаттың жалғасуы. Революциядан кейінгі жылдары қалалар мен елді мекендерді стихиялық және ұйымдасқан түрде қайта атау. 1920-30 жылдардағы ұжымдастыру, 1921-40 жылдардағы индустриализация, 1954-58 жылдардағы тың және тыңайған жерлерді игеру саясатының топонимикаға тигізген кереғар әсері. Республикамыздың географиялық картасында 3500 орыс атауларының пайда болуының себептері мен салдары. Бұрынғы тарихи атаулардың өзгертілуі. Елді мекендердің атауын саясаттандыру, жеке басқа табынуға, идеологиялық символдардың жарнамасына айналдыру. Бір атаудағы елді мекендердің көбеюі. Қазақ тіліндегі топонимдер мен ойконимдердің орысшалануы. Соңғы кездердегі елді мекендердің атауларына тарихи аттарын қайтару туралы қоғамдағы пікірлер, ғалымдардың көзқарасы. 1980-90 жылдардағы тарихи атаулардың қайтарылуы. Мемлекеттік ономастикалық комитет жұмысы. Топонимикалық жүйенің өркендеуіне байланысты 1999 ж. Қазақстан Республикасының санағының материалындағы, анықтамалық басылымдардағы қалалар, елді мекендер, әкімшілік территориялық жерлердің атауларын ғылыми негіздеп жазуды есепке алу мәселелері.

Семинар тақырыптары

1. Тарихи өлкетанудың пәндік бағыттары.
2. Республика мен туған өлке бойынша жазбаша және ауызша деректер.
3. Қазақстанның тарихи өлкетануына революцияға дейінгі орыс ғалымдарының, саяхатшыларының, дипломаттарының, әскери, қоғам қайраткерлерінің қосқан үлесі.
4. Қазақстанның тарихи өлкетануына қосқан Европа ғалымдары мен саяхатшыларының үлесі.
5. Қазақ өлкесінің тарихи өлкетануы туралы революцияға дейінгі Қазақстанның баспасөз беттеріндегі жариялануы.
6. Қазақстанның тарих өлкетануын зерттеуге революцияға дейінгі зерттеушілердің қосқан үлесі.
7. Қазақстанның бастапқы өлкетанушылық жұмыстары кезіндегі архивтер мен музейлердің ролі.
8. Отандық өлкетанудың дамуындағы тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының ролі.
9. Мектептегі өлкетанушылық жұмыстардың негізгі бағыттары.

Реферат және курс жұмыстарының тақырыптары

1. Тарихи өлкетанудағы археологиялық деректердің маңызы.
2. Археологиялық материалдарды өңдеу әдісі.
3. Этнографиялық деректердің тарихи өлкетанудағы маңызы.
4. Қазақстандағы әр түрлі кезеңдерде болған шетел зиялыларының еңбектерінің тарихи өлкетанудағы маңызы.
5. Қазақстанның шетелдермен байланысының кеңеюі, оның тарихи өлкетануға әсері.

6. Белгілі бір өлкенің даму тарихын зерттеудегі петроглифтердің, көне жазулардың, таңбалардың ролі.
7. Тарихи өлкетанудағы топонимикалық деректердің маңызы.
8. Тарихи өлкетанудағы демографиялық деректердің маңызы.
9. Қазақстандағы өлкетанушылық жұмыстардың басталуы, кезеңдері.
10. Өлкетану бойынша облыстық, республикалық конференциялар, съездер.
11. Қазақстан мен көршілес елдердің өлкетануы бойынша Ш.Уәлихановтың еңбектері.
12. Ә.Диваев пен С.Бабажановтың еңбектеріндегі өлкетану мәселелері.
13. Қазақстанның тарихи өлкетануын зерттеудегі Орыс Географиялық қоғамының, оның бөлімшелерінің, статистикалық комитеттерінің қызметі.
14. Қазақстанда тарихи өлкетану музейлерінің құрылуы.
15. Өлкетанушылық жұмыстардағы Қазақстанның қалалары мен өндіріс орындарының тарихын зерттеудегі ролі.
16. Тарихи өлкетанудағы эпиграфикалық материалдардың ролі.
17. Республика өлкетанушыларының Орталық Бюросының қызметі.
18. Соғыстан кейінгі жылдардағы тарихи өлкетану жұмыстары.
19. 1980 жылдардағы республикамыздағы Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының тарихи және мәдени ескерткіштерді жинау бөлімінің жұмысы.
20. 1990 жылдардағы Қазақстандағы тарихи өлкетану жұмыстары.

Ұсынылатын әдебиеттер

Негізгі

1. Ахметова С.Ш. Историческое краеведение в Казахстане. – Алма-Ата, 1982.
2. Ашурков В.Н., Кацюба Д.В., Матюшкин Г.Н. Историческое краеведение. – М., 1980.
 1. Внеклассная работа по истории краеведения. – М., 1975.
 2. Громов Г. Методика этнографических экспедиций. – М., 1966.
 3. Кацюба Д.В. Краеведение в воспитании учащихся. – М., 196.
 4. Матюшкин Г.Н. Археология в школе. – М., 1964.
 5. Строев К.Ф. Краеведение. 2-е издание. – М., 1974.

Қосымша

1. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. Алматы, 2003.
2. Асылбеков М.Х. Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-80). – Алма-Ата, 1991.
3. Галиев В.З. Ссылные революционеры в Казахстане. – Алма-Ата, 1978.
 1. Жиренчин А.М. Из истории Центрального музея Казахстана//Вестник АН КазССР. 1947, № 8; 1948, № 11.
 2. Жиренчин А.М. Из истории казахской книги. – Алма-Ата, 1971.
 3. Ивлев Н.П. Находки краеведа. – Алма-Ата, 1977.
 4. Кимасов А. Деятельность статистических комитетов и их роль в изучении истории края (1877-1917)//Диссер. на соиск. к.и.н. – Усть-Каменогорск.

5. Қазақстың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – Алматы, 1994.

6. Кайназарова А.Б. Музейное дело в Казахстане (1831-1925) // Автореф.дисс. к.и.н. Алматы, 1995.

7. Лунин Б.В. Из опыта историко-краеведческой работы в Средней Азии и Казахстане (1920-30гг)//История СССР. – 1968, ч 5.

8. Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. – Алма-Ата, 1966.

9. Мурзаев Э.Н. География в названиях. – М., 1979.

10. Тайман С.Т. Қазақстан мұражай ісінің дамуы: тәжірибелері мен проблемалары (1946-70)//Тарих ғыл.канд.дисс. – Алматы, 1999.

11. Тәтімов М. Қазақ әлемі. – Алматы, 1993.

12. Топонимия Республики Казахстан. – Алматы, 2001.

Тарихи өлкетану пәніне байланысты салалар бойынша ұсынылатын әдебиеттер

1. Реставрация и хранение музейных художественных ценностей. Реферативный сборник. Выпуск 6 (9). – М., 1974.

2. Алмазов Ю.А. Вопросы хранения и консервации музейных материалов. Выпуск III.

3. Основы экскурсионного дела в музеях. Науч.ред. к.ф.н. Ю.П.Пищулин. – М., 1976.

4. Музееведение. Проблемы использования и сохранности музейных ценностей. Сб.науч.трудов НИИ культуры. № 136. Составитель и науч.ред. Л.В.Лашкевич. – М., 1985.

5. Организация открытого хранения музейных фондов. Мет.пос. – М., 1962.

6. Вопросы музейной работы. – М., 1974.

7. Задачи краеведческих музеев Казахстана. – Алма-Ата, 1950.

8. Организация и содержание научно-исследовательской работы музеев. — М., 1945.
9. Музееведение. Музеи исторического профиля. — М., 1988.
10. 100 великих музеев мира. — М., 2000. Автор-составитель Н.Ионина.
11. *Паллас П.* Путешествие по разным местам Российского государства. Спб., 1786.
12. *Георги И.* Описание всех обитающих в Российском государстве народов. Спб., 1799. Ч.2.
13. *Мейер Л.* Киргизская степь Оренбургского ведомства. Спб., 1865.
14. *Красовский М.* Материалы для географии и статистики России. Область сибирских киргизов. Спб., 1880. Ч.3.
15. *Маковецкий П.Е.* Юрта//Запсиб.отд. РГО, 1893. Кн.13. Вып.3.
16. *Харузин Н.Н.* История развития жилища кочевых и полукочевых тюркских и монгольских народностей// Этнографическое обозрение. 1986. № 1-3.
17. *Грум-Гржимайло Г.Е.* Западная Монголия и Урянхайский край. — Л., 1980. Т.3. Вып.2.
18. *Руденко Б.А.* Очерк быта северо-восточных казахов//Материалы комиссии экспед.исследования. — Л., 1930. Вып.15. Сер.казахст.
19. *Маргулан А.Х.* Казахская юрта и ее убранство// VII Международный конгресс антропологических и этнографических наук. — М., 1984.
20. *Востров В.В.* К истории развития оседлого образа жизни у казахов//Труды Института этнографии АН СССР. — М.-Л., 1961. Т.48.
21. *Маргулан А.Х. Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев В.М.* Древняя культура Центрального Казахстана. — Алма-Ата, 1966.

22. *Жолдасбаев С.О.* Прошлое Казахстана по археологическим источникам. — Алма-Ата, 1976. Его же. Материальная культура казахов XV-XVII вв. Автореф. Дисс. к.и.н. — Алматы, 1975.
23. Культура и быт казахского колхозного аула. — Алматы, 1967.
24. *Востров В.В., Хауанова Х.А.* Материальная культура казахского народа на современном этапе. — Алматы, 1972.
25. *Муканов М.* Казахская юрта. — Алматы, 1981.
26. Этнографические исследования развития культуры. Сб. ст. АН СССР. — М., 1985.
27. *Марков Г.Е.* История хояйства и материальной культуры в первобытном и раннеклассовом обществе. Уч.пос. — М., 1979.
28. Материальная культура (АН СССР). Под ред. Бромлей. — М., 1989.
29. Традиционная одежда народов Средней Азии и Казахстана. — М., "Наука", 1989.
30. *Валиханов Ч.Ч.* Собр. Соч. В 5 т. Алма-Ата, 1962.
31. *Байбурин А.К.* Жилище в обрядах и представлениях восточных славян. — Л., 1985.
32. *Бромлей Ю.В.* Этнос и этнография. М., 1973.
33. Отражение этнических процессов в памятниках бытовой культуры. М., 1984.
34. Типология основных элементов традиционной культуры. М., 1984.
35. *Токарев С.А.* Этнография народов СССР: история основы быта и культуры. М., 1958.
36. Казахское народное жилище. Алма-Ата, 1989.
37. *Джанибеков У.Д.* Культура казахского ремесла. Алма-Ата: "Өнер", 1982.
38. *Захарова И.В., Ходжаева Р.Д.* Казахская национальная одежда (XIX-нач. XX вв.). — Алма-Ата, 1964.

39. Казахская юрта: национальный образ мира. Альбом. — Алматы.
40. *Маргулан А.Х.* Казахское народное прикладное искусство. — Алматы: “Өнер”, 1994, т.3.
41. Материальная культура народов Средней Азии и Казахстана. — М., 1966.
42. *Толубаев А.Т.* Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-XX вв.). 1991.
43. Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX вв. Отв.ред. Г.Ф.Дахшлейгер. — Алма-Ата: “Наука”, 1980.
44. Орхонские памятники: Кюль-Тегин, Бильге-Каган. — Семипалатинск, 2001.
45. *Маргулан А.Х.* Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. — А., 1979.
46. *Шалекенов У.Х.* Казахи низовьев Амударьи. — Ташкент. 1966.
47. *Акишев К.А., Байпаков К.М.* Вопросы археологии Казахстана. — Алма-Ата, 1979.
48. *Алысбаев Х.А.* Некоторые вопросы изучения памятников каменного века в Казахстане. — Алматы, 1970.
49. *Черников С.С.* Работы Восточно-Казахстанской экспедиции в 1956 г. СИИМК. Вып.73. 1959.
50. *Акишев К.А.* Памятники старины Северного Казахстана. ТИИАЭ АН КазССР. Т.7. 1959.
51. Казахи. — Алматы, 1995.
52. Костюм народов Средней Азии. — М., 1979.
53. *Шалекенов У.Х.* Түріктердің отырықшы мәдениеті. — Алматы, 2002.
54. *Алимбай Н., Муканов М., Аргынбаев Х.* Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. — Алматы 1993.
55. *Шаханова Н.* Мир традиционной культуры казахов. — Алматы, 1998.
56. *Байпаков К.М.* По следам древних городов Казахстана. — Алматы.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Тарихи өлкетанудың қайнар көзі және Қазақстандағы өлкетану жұмыстары	7
Қазақстанды зерттеу қоғамы — республикадағы өлкетану жұмысының орталығы	24
Өлкетану жұмысындағы археологиялық деректердің маңызы және археологиялық зерттеу әдістері	37
Тарихи өлкетануды оқытуда этнография және этнология ғылымдарының орны	63
Өлкетанудағы палеографияның маңызы	101
Тарихи өлкетанудағы музейлердің ролі мен музей ісі туралы	120
Үлгідегі оқу бағдарламасы	165

ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУ

(оқу құралы)

Редакторы

Қышқашева К.

Компьютерде реттеген

Бестібаева А.

Техникалық редакторы

Туматова Д.

Теруге 19.09.04. берілді. Басуға 25.10.04. қол қойылды. Қалпы 84x108
1/16. Офсетті қағаз № 1. Әріп түрі Times/Kazakh. Офсетті басылым.
11,5 баспа табақ. Тапсырыс № 6. Таралымы 500 дана.

Қазақ мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу
институтының баспаханасында басылып шықты.

Алматы қаласы, Достық даңғылы, 15.